



CARAVAN OF  
KNOWLEDGE

# STEM-БІЛІМ БЕРУДІ ҚУАТТАЙТЫН ДӘЛЕЛ

---

## Қындықтар мен мүмкіндіктер

Роджер В.Байби

NSTApres

Жаратылыстану ғылымдары оқытушыларының ұлттық қауымдастыры

Кітап "Caravan of knowledge" жобасы аясында "Шеврон" компаниясының қолдауымен аударылған.

## **STEM-білім бөруді қуаттайтын дәлел Қыындықтар мен мүмкіндіктер**

**Роджер В.Байби**

**NSTApress**

Жаратылыстану ғылымдары оқытушыларының ұлттық  
қауымдастыры  
Арлингтон, Вирджиния

NSTApress

Жаратылыстаруның үлттық қауымдастыры

Клэр Рейбинг – директор

Дженнифер Хорак – басқарушы редактор

Эндрю Кук – аға редактор

Венди Рубин – қауымдастырылған редактор

Эми Америка – кітап сатып алу жөніндегі үйлестіруші

Өнер және дизайн

Кіші Уилл Томас – директор

Баспа және өндіріс

Кэтрин Лорейн – директор

Үлттық Фылым Оқытушылары Қауымдастыры

Дэвид Л. Эванс – атқарушы директор

Дэвид Биком, баспагер

Авторлық құқық © 2013 Үлттық Фылым Оқытушылары Қауымдастыры. Барлық құқықтар сақталған. Америка  
Құрама Штаттарында басылған.

16 15 14 13 4 3 2 1

ISBN 978-1-936959-25-9

eISBN 978-1-938946-92-9

NSTA ғылыми білім беру саласында зерттеуге негізделген ең үздік материалдарды жариялауға ұмтылады. Дегенмен, нақты пайдалану шарттары әртүрлі болуы мүмкін, ал кітапта берілген қауіпсіздік шаралары мен әдістері тек нұсқаулық ретінде қолдануға арналған. Қосымша сақтық шаралары қажет болуы мүмкін. NSTA және авторлар кітапта көрсетілген процедуралар мен әдістер кез-келген қауіпсіздік кодексіне немесе федералдық, штаттық не жергілікті ережелер стандарттарына сәйкес келетіндігіне кепілдік бермейді және мәлімдемейді. NSTA және авторлар кітаптың ішіндегісыныстарды, нұсқаулықтарды не материалдарды қоса алғанда, оны пайдалануға байланысты туғандене жаракаты немесе мүліктің бүлінуіне жауапты емес.

#### Пайдалану құқығы

Кітап сатып алушыларға NSTA кітабының әр тарауын бес данаға дейін жеке пайдалану мақсатында ксерокөшірме жасауға, басып шығаруға немесе электронды пошта арқылы жіберуге болады; бұл көрнекілік немесе жарнамалық мақсатта пайдалануды қарастырмайды. Бастауыш, орта және жоғары мектеп мұғалімдері класста қолдануға некесібі даму үшін коммерциялық емес мақсатта қолдануға қажет формаларды, үлгілік құжаттарды және NSTA кітабының жекелеген тарауларын қайта шығара алады. Электрондық кітап сатып алушылар файлдарды бірнеше жеке құрылғыларға жүктеі алады, бірақ файлдарды үшінші тарап серверлеріне немесе веб-сайттарға орналастыруға, сатып алушылардан бөлек біреулерге жіберуге тыйым салынады. Осы NSTA press кітабынан фотокөшірме жасауға немесе материалдарды электронды түрде пайдалануға қосымша рұқсат алу үшін Авторлық құқықты корғау орталығына (CCC) хабарласыңыз ([www.copyright.com](http://www.copyright.com); 978-750-8400). NSTA құқықтары мен пайдалану саясаттары туралы қосымша ақпарат алу үшін [www.nsta.org/permissions](http://www.nsta.org/permissions) сайтына кіріңіз.

Басылымды каталогтау мәліметтерін Конгресс кітапханасынан алуға болады.

# МАЗМУНЫ

<b>Алғы сөз</b>	<b>5</b>
<b>Кіріспе</b>	<b>7</b>
<b>1 ТАРАУ</b>	
STEM – білім берудің мәселелері қандай?	<b>11</b>
<b>2 ТАРАУ</b>	
Бастапқы «Спутник сәтінен» не үйрене аламыз?	<b>23</b>
<b>3 ТАРАУ</b>	
STEM– білім беру қазіргі буынның «байым сәтіне» жауап бола ала ма?	<b>38</b>
<b>4 ТАРАУ</b>	
STEM – білім беру реформасы басқа білім реформаларынан қалай ерекшеленеді?	<b>46</b>
<b>5 ТАРАУ</b>	
STEM – білім беру жауап секілді – Ал сұрақ қандай еді?	<b>54</b>
<b>6 ТАРАУ</b>	
Егер STEM – білім беру мүмкіндік болса, федералды үкіметтің рөлі қандай	<b>66</b>
<b>7 ТАРАУ</b>	
Мемлекет, аудан немесе мектеп STEM - білім берудің үйлесімді стратегиясын қалай жасай алады?	<b>76</b>
<b>8 ТАРАУ</b>	
STEM – білім беру жайлы не ойлайсыз?	<b>85</b>
<b>9 ТАРАУ</b>	
STEM– білім беру: Сіз қазір қайдасыз және қай жерде болғыңыз келеді?	<b>93</b>
<b>10 ТАРАУ</b>	
STEM – білім беруге қатысты іс-әрекет жоспарының қандай?	<b>100</b>
<b>Қорытынды</b>	<b>110</b>
<b>Сілтемелер</b>	<b>112</b>
<b>Индекс</b>	<b>118</b>

# АЛҒЫ СӨЗ

Бұл кітап STEM - білім беруде көшбасшылықты қамтамасыз ететіндер үшін пайдалы болмақ. Эрине, сізді STEM ұғымының нақты анықтамасы алаңдатпайды, өйткені сіз акронимді өз жұмысыныңдың аясында қолданасыз. Сонымен, сізде «Бұл кітаптың құндылығы неде?» деген сұрақ туындайды. Кітаптың құндылығы оның екі бірдей ерекшелігінде. Біріншіден, бастапқы тарауларда реформалар тарихы мен сабактары зерттеледі, сонымен қатар қындықтарды көрсете мақсатыменқазіргі STEM ұғымы түсіндіріледі. Бұл орайда кітап мемлекет, аудан және мектеп деңгейлеріндегі адамдарға STEM және сабак туралы айқындық береді.

Екіншіден, кітап STEM білім беруді әртүрлі деңгейлерде жетілдірумен айналысадындар үшін идеялар мен пайдалы стратегиялық, тіпті нақты жоспарларды ұсынады. Бұл кітаптың құндылығы қарапайым талқылаулардан әлдеқайда жоғарырақ - оны STEM білім беру аясында іс-шаралар жоспарын жасауда пайдалану керек. Менің алдыңғы жұмыстарыммен таныс адамдар, мысалы, «Фылыми білім беруді реформалау: әлеуметтік көзқарастар және жеке ойлар» (1993), «Фылыми сауаттылыққа қол жеткізу: мақсаттан тәжірибеле дейін» (1997a) және «Фылымды оқыту: XXI ғасыр перспективалары» (2010) – сияқты басылымдардағы идеялар, тақырыптар мен үлгілерді тани алады. Көп жағдайда бастапқы идеялар, тақырыптар мен үлгілерді STEM білім берудің мәселелері мен мүмкіндіктеріне қатысты қолдану кітаптың негізгі тақырыбын құрайды.

Бұл кітап STEM білім беруге қызығушылық танытатын ұлттық және мемлекеттік саясаткерлерге, STEM бастамаларына жауапты мемлекеттік деңгейдегі оқытушыларға, болашақ STEM мұғалімдерін оқытатын колледж және университет оқытушыларына, аудандық және мектеп бағдарламалары туралы шешім қабылдайтын жергілікті әкімшілерге және STEM пәндерін ұсынатын мұғалімдерге қызығушылық тудыруға тиіс.

## Алғыс сөз

Мен бұл кітаптағы идеяларды көптеген әріптерім мен достарымның идеялары мен ұсыныстарысыз дамыта алмаушы едім. Мен Гарольд Праттқа, Марк Сент Джонға және Дэвид Хейлге NSTA-дың жыл сайынғы кездесулері кезінде ауқымды талқылаулары үшін шын жүректен ризашылығымды білдіремін. Технология және инженерлік білім беру бойынша ұсыныстары үшін Грег Пирсонға, Кендалл Старквезерге, Марк Саундерске, Карл Пистерге және Кэри Снайдерге алғыс айтамын. Селеста Пи STEM акронимінің шығу тегі жайлы айтып берді. Жаңа буынның ғылыми стандарттарымен жұмыс істеу STEM туралы идеяларымды Бретт Молдинг, Питер МакКларен, Николь Паулсон, Рик Душль және Стивен Прюйтпен бірлесе зерттеуге көптеген мүмкіндіктер берді.

Фуллертон біріккен округтық мектебінің суперинтенданты- Роберт Плетка STEM білім берудегі мектеп әкімшісінің рөлі жайлы өз ойларымен бөлісіп, алтын уақытын қиды. Сан-Маркос қаласында орналасқан Калифорния мемлекеттік университетінің вице-президентінің орынбасары Дженнифер Джеффрис

екеуміз қосымша оқыту және STEM білім беру туралы ұзақ пікірлестік. Мен SciMathMN-тің бұрынғы атқарушы директоры Майк Линдстромғаменімен бірнеше рет сұхбаттасқаны және STEM үшін өз модельдерін пайдалануға рұқсат бергені үшін алғыс айтуды керек. Біз 2011 жылы Миннесота штатында өткен саясаткерлер брифингінде әңгіме-сұхбат құрдық.

Практикалық ғылымдар бойынша серіктестікте кеңесші болу мағанSTEM білім беру туралы идеяларымды оқытушылар мен студенттер үшін ғылым, технология, инженерия және математиканы оқып үйренуге қажет маңызды материалдар мен құрал-жабдықтарға қолжетімді болуына мүдделі баспалармен талқылауға бірқатар мүмкіндіктер берді. Мен бұл мүмкіндіктер үшін Крис Чопьякқа, Стив Александрға және Кэти Воркманға алғыс айтамын.

Сан-Диего округінің білім басқармасы қызметкері Кимберли Дженсен бірнеше тарауды жазып, кітаптың негізін қалады. Соңғы жұмыстарды Билл Саймон аяқтады, ол көптеген жобалар бойынша менің көмекшім болып табылады, оған кез-келген жобаны барынша жетілдіруге тырысатыны үшін шын жүректен ризамын.

NSTA берілген кітапты білікті және тәжірибелі мамандардың қарастырауда жіберді. Кітап аяқталуға жақын болған кезде NSTA оның алғашқы нұсқасын қарап шықты. Мен рецензенттердің барлық ұсыныстарына құлақ астын, кітап олардың ұсыныстары арқасында жақсара түсті. Осы орайда мен Грэг Пирсон, Кендалл Старквезер және Фрэнсис Кардо сияқты рецензенттерге алғыс айтамын.

Мен жұмысъыма үнемі қолдау көрсеткені үшін NSTA-дің қызметкері Клэр Рейнбургке және қолжазбаның соңғы нұсқасын мұқият өндегені үшін Венди Рубинге алғыс білдіремін.

Сонымен қатар, Кэтрин Бесс бұл жұмысты қолға алуыма шабыт сыйлады, көптеген идеялардың қайнар көзі болды және әрі қарай да меніңсыншыл досым болып қалмақ.

*Роджер В.Байби*

*Голден, Колорадо*

*2013 жыл*

## МЕНИҢ STEM-БІЛІМ БЕРУГЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫМ ҚАЛАЙ ПАЙДА БОЛДЫ?

Кітапта берілген мәселелер бастапқыда түрлі оку семинарлары, презентациялар мен іс-шаралар барысында туындайтын. Оқытушылар әдетте ғылым, технологиялар, инженерия және математикаға арналған STEM акронимін түрліше қолданады. Мен STEM-нің мағынасына қатысты нақты емес зор мәлімдемелердің қарама-қайшылығына таң қалдым. Мысалы, адамдар «Бізде STEM орталығы бар», «Біздің мемлекетімізде STEM консультативтік комитеті бар» немесе «Аймақта STEM бағдарламасы бар» деп жар салады. Акроним қандай пәндерге негізделгенін түсінгенмен, бірқатар білім беру контексттерінде STEM-нің мағынасына қатысты нақтылық жетіспейтіндей көрінді. Уақыт өте келе STEM акронимі білім беру қауымдастырында жиі қолданыла бастады, сәйкесінше STEM терминін нақтылау қажеттілігі артты.

Мениң STEM акронимін қолдануға қызығушылығым бір жылдан астам уақыт ішінде бірнеше рет артты. Мағына мен нақтылыққа қатысты мәселе күрделене түсті, өйткені төрт пәнді кіріктірген STEM акронимі K-12 білім беру топтарын, бастамаларын, бағдарламаларын не тәжірибелерін сипаттауда қолданылатын болды. Бір жағынан, саясаткерлер адамдар өз мансабын STEM-мен байланыстыруы қажет екенін мәлімдейді. Ал K-12 контекстінде мен ғылым үйлестірушілері STEM курстарын жетілдіру қажеттілігі жөнінде айтқанын естідім. Осы орайда STEM курсында не үйретуге және не үйренуге болатындығы түсініксіз еді. Ізденіп көрсем, сұрақтарды жаудырта бастадым: Сіздің аймағыңызда STEM бағдарламасы нені білдіреді? STEM консультативтік комитеттеріңіз нені талқылайды? STEM орталықтарыңыз қалай жұмыс жасайды? Жауптардың шынайы, бірақ әр түрлі болғаны таңқаларлық нәрсе емес. STEM жекелеген адамдардың немесе топтың жұмысына қатысты болады. STEM көбінесе ғылымға немесе математикаға қатысты. Керісінше, технологиялар мен инженерияға сирек жүгінді. Технологияларға сілтеме жасаған кезде, атальыш термин әдетте компьютерлер мен нұсқаулықтарды жеткізу құралдарын білдіретін. Технологиялар компьютерлерден де, оқыту құралдарынан да әлдеқайда ауқымды.

STEM акронимімен байланыста жұмыс істеп, оны бақылап жүргенімде мен Халықаралық студенттерді бағалау бағдарламасының (PISA) ғылыми бөлігін зерттедім. PISA-да қызмет еткенімде K-12 білім беру жүйесі адамдардың азамат ретіндегі өмірі мен жұмысына оң ықпал етуі керек деген байырғы сенімім нығайды. STEM пәндерін оқыту деңсаулыққа қатысты таңдау жасау, қоршаған ортаның сапасы және ресурстарды пайдалану сияқты STEM санаттарындағы өмірлік жағдайларда осы білімді, біліктілікті және дағдыларды қолдануды қамтуға тиіс. Дәстүрлі пәндердің концептілері мен процестерін түсіну азаматтардың интеллектуалдық өсүіне ықпал еткенмен, меніңше, болашақта азаматтарға ғылым, технологиялар, инженерия және математика пәндерінің дәстүрлі аясынан шығатын білім беру тәжірибесі қажет. Егер студенттер биологияны жеткілікті дәрежеде билетін болса, олар дұрыс таңдау жасайды деп болжай жеткіліксіз. Осы кітапта берілген дәлелдердің бірі қарапайым әрі түсінікті:

егер біз студенттер білімді қалай қолдану керегін үйренсін десек, онда олардың біліми тәжірибесі STEM пәндерін оқумен қатар, сол білімді жасы мен даму кезеңіне сәйкес контекстіде қолдануды талап ететін жағдайларға жауап қатуды қамтуы керек. Шын мәнінде, бұл қызын емес. STEM бастамалары аталмыш білім беру мүмкіндіктерін қамтамасыз ете алады.

Нақтылай кетейін, мен пәнге негізделген білім қажет екенін толық түсінемін. Сонымен қатар жеке тұлға өмірде тап болуы мүмкін жағдайларда білім мен дағдыларды қолдануды үйрену мүмкіндіктері де бар.

Уақыт өте келе, бұл тәжірибе STEM-нің ауқымды екеніне, оны жан-жақты қолдануға, реформалар туралы қазіргі пікірталастар және білім берудің ұзақ мерзімді мақсаттары зерттелуге тұратынына көзімді жеткізді, және кітапта STEM білім беру мүмкіндіктері мен мәселелерін қысқаша талқылауды нақтылады деп сенемін.

## **STEM білім беру мен анықтамалары туралы қысқаша ақпарат**

STEM білім беру әлі де кеңейіп дамып жатқан соң, акроним жарнамаларға, аудиторияларға, жарыстарға, конференцияларға, оқу бағдарламаларына, ресурстарға, презентацияларға, семинарларға, жазғы тәжірибелер мен видеоларға қатысты қолданылды, бұл мысалдардың бір бөлігі ғана. Осы мысалдардың барлығы STEM білім беру нені білдіретіні және оны қалай анықтауға болатындығы арасындағы айтарлықтай айырмашылықтарды көрсетеді.

Мен білім беру жүйесіндегі анықтамаларға қатысты қызықты парадоксті байқадым: көбі анықтаманы талап еткенмен, онымен келісептіндер кемде-кем. STEM білім беруде де осы жағдай байқалады. STEM-нің мәні мен маңызы айқын және түсінікті емес. Ол төрт пәнге негізделгенмен, кейде мағына мен екпін тек бір пәнге түседі. Кей жағдайларда төрт пән бөлек, бірақ тендей дәрежеде қарастырылады. Басқа анықтамаларға сәйкес, STEM білім беру төрт пәннің интеграциясы саналады.

Уақыт өте келе мен STEM қолданылатын мәтінмәнді оқу не тыңдау пайдалы деп таптым. Белгілі бір деңгейде контекст STEM мағынасын нақтылайды. Бұл төрт бөлек пән болуы мүмкін, мысалы, «Бізге STEM-мен айналысатын көп адамдар қажет» немесе «Оқытушылар өткен жазда салаларда STEM тәжірибеге ие болды» деген жалпы болуы мүмкін.

Берілген кітаптың мұddeлерін ескере отырып, мен бөлек, бірақ байланысты мақсаттардан бастаймын. Білім беру:

- STEM жайлы сауаты бар қоғамға,
- XXI ғасырға сай біліктілікке ие жалпы жұмыс күшіне және,
- инновацияға бағытталған озық зерттеулер мен жұмыс күшін жасауға өз үлесін қосуы керек.

Барлығына қатысты ауқымдырақ санат - STEM сауаттылығы, ол:

• өмірлік жағдайларда сұраптар мен мәселелерді анықтауда қолданылатын жеке тұлғаның білімі, көзқарасы мен біліктілігі, табиғи және жобалы өмірді түсіндіру, және STEM-мен байланысты мәселелер бойынша дәлелді тұжырымдар жасау;

• адамзат білімі, зерттеуі мен дизайнының формасы ретінде STEM пәндеріне тән ерекшеліктерді түсіну;

• STEM пәндерінің материалдық, интеллектуалдық және мәдени ортаны қалай қалыптастырынығы туралы хабардар болу; және

• конструктивті, мұдделі және ойшыл азamat ретінде STEM-мен байланысты мәселелерге және ғылым, технологиялар, инженерия мен математика идеяларымен айналысуға дайын болу;

Бұл STEM сауаттылығын анықтайды, STEM білім берудің мақсаты да осы. Бұл мақсат саясатқа, білім беру бағдарламаларына, сайып келгенде, оқытудың нақты тәжірибелеріне айналуға тиіс. Контексттер ресми және бейресми білім беруге байланысты ерекшеленеді; мемлекеттер, аудандар және мектептер; К – 12 және жоғары білім; және басқа да көрсеткіштер арасындағы әр түрлі деңгейлер.

Берілген кітаптағы тараулар STEM білім беруге анықтама бермесе де, бағыт береді деп үміттенемін. Бұл бағыт мемлекет, аудан және мектеп деңгейлерінде саясат, бағдарламалар және тәжірибе негізінде көшбасшылық арқылы жүзеге асырылады. Бұл дәрежеде білім беру қоғамдастығы Льюис Кэрролдың «Айна арқылы» кітабында Алисаға айтылған Шалтай-балтайдың көзқарасынан тыс дамиды: «Мен сөзді қолданған кезде Шалтай-балтай жақтырмай: "Бұл мен таңдаған нәрсені ғана білдіреді, алып-қосары жоқ» (Кэрролл [1872] 1999, 576.).

## **Кітапқа қатысты мақсаттарым**

Кітап оқырмандарына қатысты мақсаттарым: (1) STEM реформасының тарихи және заманауи мәннәтіндері туралы түсінік қалыптастыру және (2) STEM реформалары бойынша мемлекеттер, аудандар, мектептер не класстар секілді әртүрлі контекстілерге сәйкес келетін практикалық ұсқаулар мен ұсыныстарберу. Осы мақсаттарға жақтауда кітапты екі жақты қарастыру болады. Бірінші тарауларда STEM білім берудің тарихи және заманауи контексттері келтірілген. Адамдар STEM білім беруді реформалауға қатыса бастағандықтан, соңғы тараулардабірнеше практикалық ұсыныстар келтірілген.

Бірінші тарауда STEM білім берудің заманауи мәселелері қарастырылады. Мұнда бірқатар қындықтар сипатталған және мен алдыңғы басылымдарда STEM білім берудің түрлі өлшемдерін түсіну әдісі ретінде ұсынған үлгіде берілген: ол мақсат, саясат, бағдарламалар және тәжірибелі қамтитын 4Р үлгісі. Мен бұл үлгіге 10-тарауда қайта ораламын және оны STEM білім беру бойынша іс-кимыл жоспарын құрудың практикалық әдісі ретінде қолданамын.

Екінші тарауда Спутник дәүірі мен STEM пәндерінің реформалары қарастырылады. Бұл тарауда білім беру реформасына қатысты ұлттық миссия мен түсініктер берілген. Менің бұл тарихи пікірталасты енгізген себебім - Sputnik қазіргі білім беру реформасы дәүірінің метафорасы ретінде ұсынылған. Бұл тарауда мен Ұлттық академияда жүргенімде 1998 жылы аяқталған жұмыстарға негізделген.

Үшінші тарауда STEM реформасының бірқатар ерекше қырларын сипаттай отырып, кейінгі тарауларға негіз болады. Бұл тарауда жаһандану мәселелері, STEM-мен байланысты өзекті мәселелер, XXI ғасырдағы жұмыс күшінің дағдылары және ғалымдарға, инженерлерге, компьютер ғалымдарына, денсаулық сақтау саласының қызметкерлеріне және басқа да мамандарға деген созылмалықажеттілік мәселелері қарастырылған.

4-тарауда «STEM білім беру реформасының басқа білім беру реформаларынан қандай айырмашылығы бар?» деген сұраққа жауап берілген. Тарауда сұраққа жауап ретінде төрт тақырып қарастырылады:

**9**

1. Азаматтар түсінүі керек жаһандық мәселелерді шешу

2. Экологиялық және онымен байланысты мәселелерді қабылдауды өзгерту
3. ХХI ғасыр жұмыс күшінің біліктілігін тану және
4. Ұлттық қауіпсіздіктің созылмалы мәселелері

5-тарауда STEM білім беру сұрағы талқыланатын 35 баяндама мен мақалаларға шолу берілген. Мен STEM көптеген контексте бірнеше мәнде қолданылады деген оймен шектелгім келмеді және маңызды болуы мүмкін негізгі және қайталанатын тақырыптарды анықтауға тырыстым.

6-тарауда федералды үкімет үшін бес саяси ұсыныс келтірілген. Бұл тарау федералды агенттіктерде STEM бастамаларын талдау бойынша федералды мандатқа жауап болып табылады, әрі түрлі бағдарламаларды біріктірмесе де, үйлестіреді. Берілген тарау маған ұлттық деңгейде ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді, өйткені кітаптың қалған бөлігі мемлекеттік, аудандық және мектеп деңгейлеріне негізделген.

7-тарауда STEM бағдарламалары мен тәжірибелері туралы ойлауды бастаудың құрылымы және нақты әдісі көрсетілген.

8-тарауда STEM білім берудің әртүрлі мүмкіншіліктері берілген. Мен бұл мүмкіншіліктер жайлы естідім де, көрдім де, олар әлдеқайда көп болуы мүмкін. Бұл мүмкіншіліктер маған пайдалы болды, өйткені олар жоғары лауазымды тұлғалар үшін STEM-нің мәнін анықтайды және саясат пен бағдарламаларды түсіндіреді. Мен белгілі бір көзқарасты сынға алғым, не ұсынғым келмейді. Менің ойым - STEM аясында еңбек етіп жүргендеге олардың көзқарасын тануға көмектесу.

9-тарауда мен жиі естітін маңызды жайлар қарастырылған. Оқу бағдарламасын бағдарламалық тұрғыдан қараған кезде, STEM интеграцияланған амалды білдіре ме? Тарау жекелеген STEM пәндерін қарастыра отырып, STEM пәндерін біріктірудің түрлі тәсілдеріне көшеді. Егер сіз STEM-ге интеграцияланған тәсіл туралы ойласаңыз, онда бұл тарау келесі қадамдар мен бағдарламаны жасақтауға көмектеседі.

Қорытынды тарау сізге өзгеріс бірлігі, ресурстар, компоненттер және STEM білім беруді қолдау сияқты маңызды факторларды қарастыру арқылы іс-әрекеттер жоспарын жасауға көмектеседі. Жоспар STEM білім беруді қалай бастау керегін, оны іске асыру, кеңейту және қолдау, сондай-ақ нәтижелерді қалай бағалау керегін қамтуға тиіс.

Ең соңында, мен 4Р-ге оралып, сізден STEM білім беру жоспарының ерекшеліктерін қалыптастыруға көмектесетін сұрақтарға жауап беруіңізді сұраймын. Эр тарау семинарлар, сабактар немесе біліктілікті арттыру тренингтерін өткізу тиіндерге арналған бірқатар маңызды сұрақтармен аяқталады.

# 1ТАРАУ

## STEM-БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚИЫНДЫҚТАРЫ ҚАНДАЙ?

Егер сіз мына сөйлемді оқып отырсаңыз, онда STEM-білім беруге қызығушылық таныттыңыз деген сөз. Сонымен, сіз мына сұраққа жауап беруіңіз керек делік: STEM білім беру деген не? Сіз қалай жауап берер едіңіз? Жауапты тұжырымдаған кезде сіздің көзқарасыңыздың контексті қандай болды? Бұл үлттық саясат, мемлекеттік стандарттар мен бағалау, мектеп бағдарламалары, сыннып практикасы немесе басқа нәрсе болды ма?

Сұраққа жауап бергенде, STEM туралы не ойладыңыз? Сіз ең алдымен ғылым немесе математика сияқты мектеп пәндері туралы ойладыңыз ба? Жоқ әлде төрт бөлек пәнді қарастырдыңыз ба: ғылым, технология, инженерия және математика? Немесе STEM-нің екі, үш не төрт пәнін біріктіруді қарастырдыңыз ба?

STEM-білім беруге деген көзқарасыңызға сіздің қай жерде жұмыс істейтініңіз, не істейтініңіз және міндеттеріңіз әсер еткен болуы мүмкін. Онсызда белгілі нәрсені мәлімдесек, STEM білім беруге қатысты адамдардың көзқарастары әр түрлі және ол білім беру жүйесіндегі рөліне байланысты.

## STEM-БІЛІМ БЕРУ ЖАЙЛЫ АЛҒАШҚЫ КӨЗҚАРАС

### STEM-нің пайда болуы

Қазіргі STEM 1990 жылдары Үлттық ғылыми қорда (NSF) ғылым, технология, инженерия және математика үшін акроним ретінде пайда болды. Міне, мен елестете алатын талқылау осылай қалыптасты. Әуелі жоғарыда айтылған пәндерді білдіретін SMET акронимі ұсынылды, бірақ оның Smut (куйе, дақ) сөзімен теріс ассоциациясы болды. Сонымен, талқы «Біз математика, инженерия, технология және ғылым үшін қандай аббревиатураны қолдана аламыз?» деген сұрақпен әрі қарай жалғасты. Жауап METS болды. Бұл жүзеге асар ма екен? Сонда байсалды бейсбол жанкүйері: «Жоқ, бұл Нью-Йорктегі Үлттық лига командасы», - деп жауап берді. «Жарайды, ал STEM ше?» «Ия, жүзеге асады». Біз бағаналық жасушаларды зерттеудегі адасулар жайлы алаңдасақ болады. Кейін акроним NSF-тің әртүрлі бастамалары мен бағдарламаларын сипаттау үшін қолданылды. Осылайша STEM қарапайым, бірақ функционалды жолмен пайда болды.

STEM білім беру контекстінде алғаш пайда болған кезде бірнеше топтардың назарын өзіне аударды. Ботаника ғалымдары ерекше қуанды, өйткені олар оқытушылар өсімдіктердің негізгі бөлігінің маңыздылығын түсінді деп ойлады. Технологтар мен инженерлер де толқып жүрді, себебі мұны сафаттың бір бөлігіне қатысты деп ойлады. Шарап білгірлері де құлшынысқа толы болды, өйткені бұны шарап стаканының жіңішке тіреуімен байланыстырды. Ал саяси консерваторлар болса, бұл бағаналық жасушаларды зерттеуді қолдайтын жаңа білім беру бағыты деп ойладап алаңдады. Шын мәнінде, бұл тұжырымдамалардың

ешбірі ғылым, технология, инженерия және математикалық білім беруді қамтитын STEM-нің қолданысына сай келмейді.

STEM-білім беру термині қазір кеңінен қолданылады, бірақ ол нені білдіреді және американдық білімге қалай әсер етуі мүмкін?

## **STEM-ге қатысты адасулар мен сыни пікірлер**

STEM түсінігі жайлы 2010 жылғы зерттеу STEM-мен байланысты салалардағы мамандардың көпшілігі STEM акронимін жете түсінбейтінін көрсетті. Респонденттердің көпшілігі акронимді бағаналық жасушалар не өсімдіктерді зерттеумен байланыстырыды (Киф 2010). Қайталап өтемін, білім беру қауымдастыры аталмыш термин жалпы қолданыс аясынан тыс кезде нені білдіретінін анықтауға уақыт бөлмей-ак ұранды қабылдады. Көптеген адамдар STEM терминін қолданғанда, бұрын қалыптасқан кез-келген пәнді елестетеді. Сондықтан STEM әдетте ғылым немесе математика ретінде түсіндіріледі. Технология немесе инженерияға қатысты сирек қолданылады, егер біз STEM-білім берудің американдық білімге он әсер еткенін қаласақ, бұл мәселені шешуіміз керек.

STEM білім берудегі жаңа ұрандардың біріне айналғандақтан, кейбір сынышылар оның жаппай және екішты қолданысын атап көрсетті (мысалы, Анжье 2010). Натали Анжьенің редакциялық мақаласы әр түрлі мәселелерді нақты қарастырғанымен, мен STEM пойызының станциядан шығып кеткенін және анықтамасы, мағынасы мен мақсатына қатысты келісімге келмей тұрып оны тоқтату, станцияға қайтару мәселесі ұғымға қатысты бағыт беру мен конструктивті қолданудан әлдеқайда маңызды еkenін мәлімдеймін. Бұл кітаптың мақсаттарының бірі - адамдарға олардың жұмысы контекстінде STEM-білім беру не еkenін түсінуге көмектесу және STEM-ді қарапайым ұраннан американдық білім берудегі конструктивті жаңалыққа алмастыру болып табылады.

## **МӘСЕЛЕЛЕР**

NSF негізін қалағаннан бері STEM интегралды тұжырым ретінде емес, конгломерат термині ретінде қолданылды. STEM, негізінен, ұлттық және мемлекеттік деңгейлерде жалпы саясатты сипаттайты. Бұгінгі күнге дейін нақты да соңғы білім беру мақсаты, сондай-ақ мектеп бағдарламаларын оқыту практикасының салдары дажүелі түрде жасалынған жоқ, әсіресе қоғамдық және жаһандық мәселелер жағдайында.

Бірқатар нәрселер анық көрінеді. STEM білім берудің кең таралған сипаттамасы шын мәнінде бірнеше байланысты пәндерге сілтеме жасағаны болмаса, акронимнің белгілі-бір келісілген мағынасы негізінде жасалған жоқ. STEM акронимнің мағынасы анық болмаса да ұлттық және мемлекеттік саясат үшін саяси мәнге ие. Керісінше, көпмағыналы STEM акронимі мектеп бағдарламаларын жасағанда және оқу тәжірибесін ұсыну кезінде маңызды рөл ойнамайды. STEM білім беру заманауи стандарттарға сәйкес келетін және білім беру реформасының шешуші компоненттеріне бағыт бере алатын маңызды жаңашыл әлеуетке ие.

STEM білім беру бірқатар маңызды міндеттерді ұсынады. Акроним мен оған қатысты түсініксіздікті қолдану саясаткерлер мен кейбір оқытушылар үшін басты межеге айналды. Ұлттық саясаттан алысталап, мемлекеттік және жергілікті білім беру бағдарламаларында STEM-ді іске асыру бағытына жақындаған сайын

STEM-нің әлеуеті де жоғары жылдамдықпен төмендейді. Ал енді кейбір қыындықтарды қарастырайық.

## **Технология мен инженерияны қосудағы қыындықтар**

Бірінші міндет - мектеп бағдарламаларына технология мен инжинирингті белсенді түрде қосу. Технологиялық және инженерлік бағдарламаларды анықтауға болғанмен, оларды мектептерде оқытуденгейі өте төмен. Технологиялар мен инженерлік курсарды кеңеңтү және Т, Е элементтерін тиісті дәрежеде ғылыми-математикалық білім беруге қосу - бұл міндетті шешудің ақылға қонымды тәсілі болып табылады. Алайда, бұл тәсіл жекелеген пәндерге қатысты «дара» бағыт ұстайтынына назар аударыңыз, яғни барлық төрт пән бөлек ұсынылған.

Технология мен инжинирингті бір пәнге, яғни ғылыми білімге енгізу керек деген ұсыныс тың нәрсе емес. «Барлық американцытарға арналған ғылым» (AAAS 1989), содан кейін «Ғылыми сауаттылық өлшемдері» (AAAS 1993), және «Ғылыми білімнің ұлттық стандарттары» (NRC 1996) технология мен инженерлікке қатысты стандарттарды қамтыды. Мысалы, «Барлық американцытарға арналған ғылым» «Инженерлік іс ғылыми зерттеулер мен практикалық көзқарастарды біріктіреді» және «Инженерліктің мәні шектеулі дизайнда жатыр» (AAAS 1989, 40–41 б.) сияқты пікірталастарға негіз болды. 1996 жылғы «Ғылыми білімнің ұлттық стандарттары» К-4, 5–8 және 9–12 деп топтастырылған барлық деңгейлер үшін ғылым мен технологияның стандарттарын қамтыды. Стандарттардың бірі ғылымизерттеу стандарттарының қабілеттері мен түсінігіне қосымша ретінде «технологиялық жобалау қабілетіне» тікелей қатысты болды. 2011 жылы NRC ғылым мен инженерлік тәжірибелі қамтыған ғылыми білім берудің жаңа негізін шығарды (NRC 2011; Байби 2011). Бұдан бұрын Технологиялық білім берудің халықаралық қауымдастыры (ITEA; қазіргі кезде Технологиялық және инженерлік білімнің халықаралық қауымдастыры деп аталады) Технологиялық сауаттылықтың стандарттарын шығарды (ITEA 2000).

Сонымен қатар, технологиялық және инженерлік білім беруді қолдайтын екі маңызды бастама бар. Біріншіден, 2010 жылы наурызда Бағалау бойынша ұлттықбасқарушы кеңес (NAGB) 2014 жылға жоспарланған технологиялар мен инжинирингті ұлттық бағалаудың негізін бекітті. Екіншіден, жаңа буынның ғылыми стандарттары технология мен инжинирингті қосқандағы стандарттарға негізделген бастамаларды қолдайды.

## **STEM үшін контексті пайдалану қыындықтары**

Маңызды мәселелердің қатарына - STEM-мен байланысты энергия тиімділігі, климаттың өзгеруі, қауіп-қатерді азайтусияқты сұрақтарды енгізу, және білім алушылар азаматтар ретінде беттесетін мәселелерді шешуде біліктілікті дамыту жатады. Бұл міндеттерді шешу үшін өмірлік жағдайлар мен жаһандық мәселелерді басты орынға қоятын және берілген проблеманы түсіну мен шешуде STEM-нің төрт пәнін қолданатын білім беру әдісі қажет. Мұны контекстке негізделген ғылыми білім деп атайды (Феншам 2009) және ол контекстке негізделген STEM білім беру ретінде оңай ұсынылуы мүмкін.

Білім беру тәсілі STEM-ге қатысты тиісті пәндер шенберіндегі тұжырымдамалар мен процестерді біліп қана қоймай, жағдайларды, мәселелерді немесе сұрақтарды шешудегі біліктілікті баса көрсетеді.

## STEM ұранынан STEM білім беруге көшу мәселесі

STEM білім берудің көптеген қыындықтары акронимнің жиі қолданылып, екімәнді ұран біліми реалия түрғысынан анықта нақты талқылауды қажет ететін деңгейге жеткендігімен байланысты. Мысалы, STEM штаттарға, мектептер мен сыйныптарға арналған оқу жоспарлары, нұсқаулар мен бағалаулар үшін нені білдіреді? Орта мектепті бітірудің салдары қандай? Мұғалімнің қуәлігі ме? Мемлекеттік бағалаулар ма?

«Ғылыми сауаттылықта қол жеткізу: Мақсаттардан тәжірибеге дейін» (Байби 1997) және «Ғылымды оқыту: XXI ғасыр перспективалары» (Байби 2010) атты мақалаларда мен білім беруді реформалауға қатысты мәселелерді, бастамаларды және көзқарастарды табуда пайдалы деп тапқан үлгіні ұсындым. Бұл модель терминдердің мақсаттарын, саясаттарын, бағдарламаларын қолданып, білім берудің әртүрлі салаларын, қысқаша айтқанда 4Р-ді көрсету үшін қолданады. Мен 4Р-ді STEM білім беруді келесі жолы талқылаған кезде қолданамын және талқы барысында өз позициямды нақтыладап, кейінгі талқылауларға жағдай жасаймын.

## STEM БҰЛ ҰРАН. STEM БІЛІМ БЕРУДІҢ МАҚСАТЫ БАР МА?

Мақсаттың анықтамасына мұдделер немесе міндеттер сияқты синонимдер кіреді. Мақсат - бұл объект, белгілі бір нәрсе объекті үшін жасайды, соған қарай ұмтылады. Керісінше, ұран - бұл жарнамада, жарнамалық науқаңда, брендингте немесе маркетингте қолданылатын тіркес. Қазіргі уақытта STEM мақсатты қозғалысқа қарағанда ұранға көбірек ұқсайды. Исраэль Шеффлер «Білім беру тілінде» (1960 ж.) атап өткендей, ұран топтастыру нұктесі ретінде қызмет етеді және негізгі идеялар мен көзқарастарды байланыстырады. STEM-нің жақтаушылары бары сөзсіз, олар бірлік пен ортақ мақсат сезімін тудырады. Сонымен, STEM ұран ретінде құндылықта ие және топтастыру нұктесі болып табылады. Бірақ уақыт өткен сайын (мен он жылдан астам уақыт өткенін атап өткім келеді) ұрандарды жақтаушылар да, сыншылар да түсіндіретін болады. Уақыт өте ұран қозғалыстың нақты не үздік мақсатын білдіретін немесе білдірмейтін тұра мағынаға ие болады. STEM қазір көптеген контексттер мен бастамаларға сілтеме ретінде қарастырылады.

## STEM білім берудің мақсатын нақтылаудың керегі не?

«Мақсат» термині барлық оқушылар үшін STEM сауаттылық сияқты STEM білім беруге қол жеткізуге жетелейтін әртүрлі міндеттерді білдіреді. Мақсатты тұжырымдардың беріктігі олардың оқытушылар арасында кеңінен қабылдануы мен келісуінен, сондай-ақ STEM білім берудің барлық компоненттеріне қатысты қолданылуынан тұрады. Мысалы, білім беру жүйесінде әртүрлі орындардағы адамдар - мысалы, мұғалімдер, оқу жоспарларын жасаушылар және жергілікті, мемлекеттік және ұлттық деңгейдегі саясаткерлер - STEM білім берудің мақсаттары туралы ортақ келісімге келеді. Мақсатты тұжырымдардың әлсіз жақтары - STEM білім берудің нақты құрамдас бөліктерінің рөлі туралы екі мәнділіктің болуында. Мысалы, бастауыш сыйнып мұғалімі үшін STEM сауаттылығына жету мақсаты нені білдіреді? Жоғары мектепте технология 16 мұғалімі үшін ше? STEM мемлекеттік үйлестірушісі? Оқу жоспарын жасаушы үшін

ше? Университет оқытушысы үшін ше? Жауаптары әртүрлі болатыны анық Адамдарға STEM білім берудің мақсатын нақтылайтын әрі STEM білім берудің әртүрлі компоненттеріне тікелей байланысты мәлімдемелер қажет.

STEM білім берудің мақсаты STEM-нің тиісті пәндерін сипаттайтын мазмұн мен тәжірибелі дамыту болып табылады деп дау айтудың қажеті жоқ. Педагогтардың ұлттық стандарттары бар, ал кейбір мемлекеттерде осы мақсаттарды білдіретін стандарттар да бар.

## **STEM-білім берудің болжалды мақсаты**

Менің ойымша, STEM-білім берудің мақсаты – оқушыларды STEM курстарында алған ақпаратты өмірлік жағдайларда пайдалануға үйрету. Атап айтқанда, STEM-сауаттылыққа жеке тұлғаның

- Өмірлік жағдайларда проблемаларды көре білу, табиғат әлемі және қолдан жасалған әлемнің мәнін түсіну, STEM мәселелері бойынша дәлелге негізделген қорытынды жасауға мүмкіндік беретін білім, ұстаным және дағдылары;
- STEM пәндерінің ерекшеліктерін адамның білімі, зерттеу және жобалау формалары ретінде түсіну;
- STEM пәндері біздің материалдық, интеллектуалды және мәдени ортамызды қалай қалыптастыратынын білуі;
- Саналы, мұдделі, ойшыл азamat ретінде STEM мәселелерімен айналасуға әзірлігі және ғылым, технология, инженерия, математикаға қызығушылығы жатады.

Оқытушылардың көпшілігі бұл анықтамамен келісетін еді. Алайда, олар ғылым немесе математика негіздерін игеру арқылы оқушылар мен азаматтардың осы білімді өмірлік жағдайларда қолдану құзіретіне ие болатынына сенімсіз. Осы тұжырымдаманы жоққа шығаратын қарсы мысалдар өте көп. Егер оқушылардың білімі мен дағдыларын өмірде қалай қолдану керектігін үйренулерін қаласаңыз, оларға тиісті жағдай тудыратын тәжірибе бергендеріңіз дұрыс деп санаймын. Осылайша, STEM-білім беру бұл мәселеге назар аударып, оқушыларға білімін, дағдыларын өздері және қофам үшін маңызды жағдайларда іске асыра алатын тәжірибелердің болуын қамтамасыз етуі тиіс.

## **STEM-БІЛІМ БЕРУ ҚАҒИДАЛАРЫ ҚАҢШАЛЫҚТЫ ТҮСІНІКТІ?**

Қағидалар мағлұмдамасы білім беру компоненттерінің мақсатын нақты атайды. Мысалы, барлық білім алушылардың STEM-сауаттылығына қол жеткізуі. Бағдар және нұсқау беретін құжаттар түпкі бағдарлама болып саналмайды, бірақ талаптарға сай келеді және беталысты анықтайды. Мұндай бағдарламалық құжаттарға жалпы орта білім мектептеріндегі ғылым сабактарының силлабустары, мемлекеттік оқыту бағдарламаларының жоспарлары, мемлекеттік, облыстық және жергілікті стандарттар жатады. Жаңа реформалық қозғалыс STEM-білім берудің бірнеше қағидаларын белгілейді, алайда олар мемлекеттік, облыстық және жергілікті деңгейлерде келісілмеген.

STEM-білім берудің қағидалары оқу материалдарын әзірлейтін және педагогикалық практиканы іске асыратын азаматтарға мақсатпен анық

байланысты көрсетеді. Қағидалар – үйдің жобасы тәрізді. Олар сәулетшінің ойын білдіреді және құрылышыларға бағдар береді. STEM-білім берудің қағидалары болып саналмаса да, жаңа Ағылшын тілі мен әдебиеті, сауаттылық және математика саласындағы жалпы негізгі мемлекеттік стандарттар (Common Core State Standards for English Language Arts and Literacy and Math), Жаңа буын ғылыми стандарттары (Next Generation Science Standards), мемлекеттік және облыстық деңгейдегі техникалық стандарттар бағдарламалық құжаттың үлгісі.

## STEM БАҒДАРЛАМАЛАРЫ ҚАЙДА?

Мақсаттар мен қағидаттарды қамтитын маңызды оқу материалдары STEM бағдарламалары болып табылады. STEM оқу бағдарламаларының басқа да мысалдары бар (NRC 2011, Hoachlander and Yanofsky 2011, Sanders 2009 қараңыз), олар STEM-білім беруге қатысты әр түрлі көзқарастарды ұсынады. STEM мақсаттары мен қағидаттарын түрліше түсіндіруге болатындықтан, бұл мүлдем таңғаларлық жайт емес.

### STEM бағдарламаларына сипаттама

STEM бағдарламалары сыныптар, пәндер және білім беру жүйесінің компоненттері бойынша ерекшеленеді. Олар барлық оқушыларға STEM-білім берудің жүйелі, келісілген және дәйекті тәсілдерін ұсынады.

### STEM бағдарламаларын әзірлеу

STEM мектеп бағдарламаларын мемлекеттік ұйымдар, облыстар, жергілікті білім бөлімдері немесе жеке мұғалімдер әзірлей алады. Материалдарды кім әзірлейтін STEM бағдарламаларының анықтауши сипаты емес. Мектеп, колледж, мемлекеттік органдар және ұйымдардың бағдарламаларының республикалық, мемлекеттік және жергілікті қағидаттарға сәйкес болуы STEM бағдарламаларының ең маңызды ерекшелігі және басты талабы болып табылады.

## СОНЫМЕН, СЫНЫПТАҒЫ ТӘЖІРИБЕ ТУРАЛЫ НЕ ДЕУГЕ БОЛАДЫ?

Тәжірибе – белгілі бір STEM оқыту процестері. STEM оқыту тәжірибесі оқытушылар мен оқушылардың жеке динамикасын, сонымен қатар оқушылардың өзара әрекеттесуі мен бағалауды, оқыту технологиясын, зертханаларды және басқа да оқыту стратегияларын қамтиды.

### Тәжірибе дәйекті болуы тиіс

Мұнда сипатталған қазіргі заманғы реформаның перспектиvasына сүйенсек, STEM мұғалімдер сыныптағы тәжірибені STEM білім беру қағидаттарына, бағдарламаларына және мақсаттарына сәйкес жүзеге асырады деп болжайды.

## Оқытудың негізіне назар аударыныз

Оқу процесінде тәжірибелерді жетілдіру арқылы STEM білім берудің ең маңызды, ерекше және іргелі аспектісі - студенттерді оқытуға - баса мән беріледі. Мұғалімдердің айтуынша, олардың заманауи білім берудегі жұмысын қолдау қажет.

## STEM ОҚЫТУДЫҢ ҚАНДАЙ МУМКІНДІКТЕРІ БАР?

Егер көптеген жоғары лауазымды шенеуніктер мен мұғалімдер STEM білім беруді жетілдіруді қажет деп санаса және әрекет етуге келіссе, онда олардың орналасқан жерін, қатынас құралдарын, бағытты, алдағы ахуалды және ақырғы межені білу үшін реформалау аймағының картасы болуы керек сияқты. STEM реформасының географиясындағы әртүрлі әрекеттерді анықтау және нақтылау үшін, біз 4P (purpose, policy, program, practice) моделді және жоғарыда талқылаған тақырыптарды (мақсат, қафидаттар, бағдарламалар және тәжірибе) қолдана аламыз (1.1 және 1.2 кестелерді қараңыз, 8-10 беттер).

## STEM реформасының ауқымын анықтау

Мақсат, қафидаттар, бағдарлама және тәжірибе жөнінде сұрақтар 1.1-кестенің сол жақ бағанында жинақталған. Жоғарғы жолда білім беру реформасының алты аспектісі көрсетілген: уақыт, масштаб, кеңістік, ұзақтық, материалдар және келісім. Кестені зерттеп, келесі сұрақтарға жауап іздеу арқылы реформалардың ауқымы мен қыындықтарынан хабардар боласыз:

- Стандарттар немесе мемлекеттік оқу бағдарламаларына қатысты STEM қафидаттарын қалыптастыру қанша уақытты алады?
- STEM бағдарламасы іске асырылғаннан кейін, ол мектеп жүйесінде қанша уақыт қолданыста болады?
- STEM оқу жоспары, қафидаттарды қалыптастыру немесе сыныпта оқыту тәжірибесі сияқты мәселелерге кім жауапты?
- Жүйенің барлық аспектілері STEM білім беруді дамытуға қалай әсер етеді?
- Реформаның жүйелік бастамаларға қандай қатысы бар?

## STEM шығындары, тәуекелдері, шектеулері мен артықшылықтарын анықтау

STEM реформасының басқа аспектілері 1.2-кестесінде сипатталған. Тағы да, сол жақ бағанда мақсаттар, қафидаттар, бағдарлама және тәжірибе, яғни 4Р көрсетілген. Жоғарғы жолда шығын, шектеу, міндеп пен артықшылықтар қамтылған және олар білім бөлімшелері, мектеп ұжымы және оқушылар түрғысынан қарастырылған. 1.2-кестеде келтірілген талдау, маңызды болғанымен, мақсат мәлімдемелері мен бағдарламалық құжаттар STEM білім беру реформасына минималды және орташа әсер ететіндігін көрсетеді. Біз қазір тәуекел, шығындар, шектеулер, жеке жауапкершілік және пайдасы жоғары

немесе өте жоғары болатын кезеңге жақындаپ келеміз. STEM-білім беру жүйесі алда айтартықтай қындықтарға тап болатыны анық.

Белгілі бір беліктердегі ақпараттан гөрі маңызды көреінетін 1.1 және 1.2-кестелерде, реформалар бойынша әрекеттерге шолу жасалады. Егер мен осы картага «Сіз осындасыз» деген белгіні қойсам, бұл қағидаттар мен бағдарламаның түйіскен нұктесі болар еді. Бізде белгілі ережелер бар. Реформаның келесі кезеңдері ұзаққа созылады; көп адам санын, материалдар мен жабдықтарды талап етеді; мектептер мен сыныптарға жақындайды; STEM бағдарламаларын іс жүзінде жүзеге асыру және оқыту тәжірибесін өзгерту мен келісімге байланысты қындықтарды алып келеді.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Шынында STEM-білім берудің проблемалары бар ма? Менің жауабым – иә. Маңызды проблемалардың ішінде мен мыналарды атап өткім келеді: акроним мағынасының анық болмауы, STEM-нің анықтамасын әзірлеу қажеттілігі және технология мен инженерияны STEM төрттігінің толық мүшелері ретінде тану қажеттілігі.

## 1.1-кесте. STEM-білім беруді реформалау аясы

Аспекттер	Уақыт (Накты өзгеріс кінша уақытты алады?)	Масштаб (Кінша адам жұмылдырылыды?)	Кеңістік (Өзгерістің масштабы мен орны кандай?)	Ұзактық (Өзгеріс болғаннан кейін білім беру жүйесінде ол кінша уақытқа созылады?)	Материалдар (Әрекеттердің нақты нәтижелері кандай?)	Көлісім (Кітапсу-шылар арасында көл жеткізу қаншалықты киын?)
Максат	1-2 жыл	Жүздеген	Мемлекеттік немесе жаһандық	Бір жыл бойы	Макалалар және баяндамалар	Онай
	STEM реформасының максаттары Максаттар ушін басымдықтарды белгілеу Максатта негізделме беру	STEM құжатын жариялау немесе оны Интернетте орналастыру	STEM-білім берудің максаттары мен міндеттері туралы жазатын философтар мен оқытушылар	STEM туралы макалалар мен баяндамалар кеңінен таратылады.	Жаңа проблемалар туындаиды, жаңа максаттар мен басымдықтар үсүнүледі.	Рецензенттер мен редакторлар аз
Кағидаттар	3-4 жыл	Мындаған	Мемлекеттік немесе аудандық	Бірнеше жыл бойы	Кітап немесе монография	Киын
	Стандарттар, жоспарлар, белгілеу Оқу критерийлерін анықтау Оқу жоспары мен нұсқаулар әзірлеу	Саясат талдаушылар, талаптары, заңнама және сертификаттау талаптарын әзірлеу	Қағидаттар белгілі жоспарлар, білім беру заңы шыгарушылар, бакылаушылар және рецензенттер	Қағидаттарды өзгерту бір салаларға бағытталған.	Қабылданған кағидаттарды өзгерту оны емес.	Реформаның негізін, мағмұнның және басқа аспекттерін үзак баяндау
Аспекттер	Уақыт (Накты өзгеріс кінша уақытты алады?)	Масштаб (Кінша адам жұмылдырылыды?)	Кеңістік (Өзгерістің масштабы мен орны кандай?)	Ұзактық (Өзгеріс болғаннан кейін білім беру жүйесінде ол кінша уақытқа созылады?)	Материалдар (Әрекеттердің нақты нәтижелері кандай?)	Көлісім (Кітапсуышылар арасында көл жеткізу қаншалықты киын?)
Бағдарламалар	3-6 жыл	Ондаған мын	Жергілікті немесе мектеп деңгейінде	Оңжылдық бойы	Кітаптар мен оқу күрнәлдірі	Өте киын

Материалдарды әзірлеу немесе бағдарлама қабылдау Бағдарламаны жүзеге асыру	Толық STEM-білім бери бағдарламасынжасау	Әзірлеушілер, дапталық тестілеу мұғалымдері, студенттер, окулыктарды шығарушылар және бағдарламалық жасақтама әзірлеушілер	Қабылдау комитеттері	Әзірленген немесе қабылданғаннан кейін мектеп бағдарламалары үзак уақыт бойы жұмыс істейді.	Әдетте студенттер мен оқытушыларға арналған бірнеше кітап	Көптеген фракциялар, кедерілер мен талаптар
Оқыту тәжірибесі	7-10 жыл	Миллиондаған	Сыныптар	Бірнеше онжылдық бойы	Толыққанды жүйе	Аса киын
Оқыту стратегияларын өзгерту	STEM бастамаларын енгізу және жұмысқерлердің бліктілігін арттыру	Республикалық, облыстық және жерлікіті мұғалімдер, мектеп кеңестері және жүртшылық	Жеке оқытушылар	Жеке оқытушылар тәжірибе көбінесе бүкіл кәсіби өмір бойы жалғасады.	Кітаптар, материалдар, жабдықтар, бағдарламалыққамт амасыз ету және колдау	Білім беру көшбасшыла-рының, мектеп әкімшіліперінің, сыйып жетекшіліктері-нің және көфамдастық- тардың ерекше қажеттіліктері, тәжірибелері мен көзқарастары

## 1.2-кесте. СТЕМ- білім беру реформасының Құны, Қатері және Пайдасы

Болжамдар	Штаттар мен мектеп жүйесіне тиғзетін қаншалықты қатері бар?	Штаттар мен мектеп жүйелері қаншалықты қаржы жұмысайды?	Штаттар мен мектеп жүйесін реформалауға қандай кедергілер бар?	Штаттар мен мектеп деңгейінде реформа үшін кім жауапты?
Максаты Реформа максаттары Максаттардың бастымдылықтарын белгілеу	Төмен	Төмен	Төмен	Төмен
Кағидалары Жобалау елшемшарттың белгілеу Нұсқаулық елшемшарттарын анықтау Оқу жоспары мен нұсқаулықтар негізін жасап шығару	Орташа	Орташа	Орташа	Орташа
Бағдарлама Материалдарды дайындау немесе бағдарламаны қабылдау Бағдарламаны іске асыру	Жоғары	Жоғары	Жоғары	Жоғары
Тәжірибелер Оқыту стратегиясын өзгерту Материалды ерекше қажеттілігі бар мектептер мен оқушыларға бейімдеу	Өте жоғары	Өте жоғары	Өте жоғары	Өте жоғары

Бұл тарауда STEM-білім берудің мақсаттарына, қағидаларына, бағдарламаларына және тәжірибелеріне қатысты әр түрлі аспектілері сипатталған. 4Р-ді (purpose – мақсаты, policy – қағидалары, program – бағдарламасы, practice – тәжірибелер) қолданып, білім беруді төрт жақты қарастыру оқытудың әр түрлі аспектілерін, STEM-білім беру реформасының шығындары, тәуекелдерді, пайdasы мен кедергілерін және оған жауаптыларды анықтауға көмектеседі.

STEM-білім берудің мәселелері көп және әр түрлі. Келесі тарауларда мен STEM-білім берудің нені білдіретінін қарастырамын және кейір қыындықтарды шешуге тырысамын. Атап айтқанда, тараулар

- STEM-білім беру реформасын басқа тарихи реформалар аясында қарастырады, атап айтқанда Спутник дәүірінде;
- әр түрлі есептер мен сындар негізінде STEM-білім берудің бірнеше ерекше аспектілерін нақтылайды;
- мектеп бағдарламалары мен тәжірибелерінде STEM-нің әр түрлі көріністерін анықтайды;
- заманауи мектеп бағдарламаларын толықтыратын бірнеше нұсқаларды ұсынады; және
- STEM-білім беру бойынша іс-шаралар жоспарын құру процестерін қамтамасыз етеді

## ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

1. STEM білімін қалай анықтайсыз?
2. STEM акронимі неліктен қағидаларды талқылауда іске асады, бірақ білім беру бағдарламалары мен сыннып тәжірибесінде қыындықтар туғызады?
3. «4Р» дегеніміз не және олар STEM-білім беру мәселелеріне қалай қолданылады?

# 2 ТАРАУ

## БАСТАПҚЫ «СПУТНИК СӘТІНЕҢ» НЕ ҮЙРЕНЕ АЛАМЫЗ?

Спутник термині STEM-білім беру реформасын және үлттық дағдарысқа жауапты білдіретін болды. Мысалы, кейбіреулер АҚШ-тың бәсекеге қабілеттілігінің ықтимал төмендеуін шешуге Спутник саммитін шақырады. Басқалары жай ғана STEM-білім беруді жетілдіруге бастама ретінде тағы бір Спутник керектігін айтады.

Спутник сөзін метафора ретінде қолдану 2011 жылы президенттің халыққа жолдауында шарықтау шегіне жетті: Барак Обама халыққа «Бұл біздің дәуіріміздің Спутник сәті» деді. Бұл пікірталастың элементтері Спутникқа қатысты ойлар: Білім реформасының өткенін, бүгінін және болашағын байланыстыру симпозиумында өткен талқылауға негізделген (Байби 1997b). Спутникке үнемі сілтеме жасай отырып, мен STEM-білім берудің сол тарихи маңызды кезеңі туралы пікірлер келтіремін.

Бұл тараудың тезисі – Спутник ұсынатын STEM-білім беруді жақсарту құлшынысында жиі талқыланбайтын кейбір түсініктер мен сабактар. Негізгі пікірталас қазіргі бастамаларға әсер ететін аспектілер мен динамикалар аясында болады.

Спутник дәуірін егжей-тегжейлі және жан-жақты талқылауға қызығушылық танытқандарға келесі ресурстардың пайдасы тиеді: Джон Рудольф «Сыныптағы ғалымдар: Американдық ғылыми білім берудің «қырғи қабақ соғыс» кезінде қайта құрылуы» (2002), Джордж Де Боер «Жаратылыстану білімін берудегі идеялар тарихы: Жүзеге асыру немесе Тәжірибе» (1991), Дж.Мирон Аткин мен Пол Блэк «Жаратылыстану білімі реформасы ішінде: Оку жоспары мен қағидасының өзгеріс тарихы» (2003).

## РЕФОРМА БАСТАМАЛАРЫ

1950-1960 жж. білім беру реформасы Кеңес Одағы Спутникті орбитаға шығарған кезде басталып қойған еді. 1951 жылы Макс Беберманнның (1958) басшылығымен Иллинойс университетінің мектеп математика комитеті (UICSM) орта мектеп математикасының оқу жоспарын реформалауды бастады. Ғылымда бұл кезеңді Спутник жарыққа шығудан бір жыл бұрын 1956 жылы Физика ғылымын зерттеу комитетін (PSSC) бастаған Джеррольд Захария орнattты. Алайда Спутник осы дәуірдегі білім беру реформаларында әлі де маңызды рөл атқарды.

## БІЛІМ БЕРУ ТАРИХЫНДАҒЫ БЕТБҰРЫС

Спутник дәуірі STEM пәндері үшін маңызды бетбұрыс болды. Бұл жаратылыстану ғылымдары мен математиканы білім беру реформасының алдыңғы қатарына шығарды, бірақ өкінішке орай технология мен инженерияны

артта қалдырды. Мұнда ешқандай да ирония жок, өйткені Спутник дәуірінің мақсаты Айға адамды аттандыру болатын. Технология мен инженерияның тарихтағы үлкен жетістікке жетуі STEM-білім беруде технология мен инженерия маңызы ашық түрде кемітіліп жатқан кезге сыйнап келеді.

Көпшілік үшін Спутник Америка қауіпсіздігіне, жаратылыстану мен математикадағы басымдылығына, экономикалық прогресс пен саяси бостандыққа тәнген қауіптің белгісіне айналды. Қысқасы, Спутник кесірінен Америка Құрама Штаттары өзін ғылыми, технологиялық әскери және экономикалық түрғыдан әлсіз деп қабылдады. Нәтижесінде, мұғалімдер, ғалымдар және математиктер білім беру реформасын кеңейтіп, жеделдетті, жүртшылық бүл әрекетті түсініп, қолдады, ал саясаткерлер федералды қаржыландыруды көбейтті.

## **Бағдарламалар – реформа қуралы ретінде**

Жаратылыстану, техника, инженерия және математикалық білім беру үшін Спутник дәуірі 1950 жылдары жаңа бағдарламалар өзірленуімен басталды, олар кейіннен акронимдері арқылы белгілі бола бастады. Ғылыми бағдарламаларға PSSC (Physical Science Study Committee – Физикан ғылымын зерттеу комитеті) физикасы; CHEM-білім беру (CHEM Study) ретінде танылған Химиялық Оқу Материалдарын зерттеу; CBA (Chemical Bond Approach) ретінде белгілі Химиялық байланыстасы; биология BSCS (Biological Sciences Curriculum Study) деп аталатын Биологиялық ғылымдардың оқу бағдарламалары; және Жер туралы ғылым бағдарламасы ESCP (Earth Science Curriculum Project) кірді. Бастапқы деңгейде ESS (Elementary Science Study) деп аталатын Дүниетануды зерттеу; SCIS (Science Curriculum Improvement Study) деп аталатын Жаратылыстану пәндерінің оқу жоспарларын жетілдіру бойынша зерттеу; S-APA (Science-A Process Approach) ретінде белгілі ғылым-процестік тәсіл, COPES (Conceptually Oriented Program in Elementary Science) ретінде белгілі Дүниетанудағы концептуалды бағытталған бағдарлама болды.

Математикада келесі бағдарламалар болды: UICSM (University of Illinois Committee of School Mathematics - Иллинойс университетінің мектеп математика комитеті), Мектеп математикасын зерттеу тобы (SMSG - School Mathematics Study Group), Үлкен Кливленд математикасы бағдарламасы (GCMP - Greater Cleveland Mathematics Program), Иллинойс университетінің арифметикалық жобасы, Мэриленд университетінің математика жобасы (UMMaP), бастауыш мектеп математикасын оқыту саласындағы Suppes эксперименталды жобасы және Мэдисон жобасы.

Технология мен инжиниринг кешірек енді: 1965 жылы басталған және 1971 жылы «Адам жасаған әлем» атты бағдарлама шығарған Инженерлік тұжырымдамалардың оқу бағдарламасы (ECCP - Engineering Concepts Curriculum Project).

## **СПУТНИККЕ ДЕЙІН БІЛМ БЕРУ ҚАНДАЙ ЕДІ?**

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін американдық білім сапасы туралы пікірталастар қүшіне түсті. Адмирал Химан Риковер және әсіресе Артур Бестор сияқты адамдар Джон Дьюидің идеялары мен прогрессивті білімін, әсіресе өмірге бейімдеп оқыту тақырыбын сынға алды. Сыншылардың басты тақырыбы қайта оралу еді - негізге қайта оралу, жаттығу мен жаттауға қайта оралу,

фактілерге қайтып оралу. Бестор бұрынғы тәжірибеге оралуға шақырды және реформаның тақырыбы ретінде оқуды қалпына келтіруді талап етті (Кремин 1961; Равич 1983).

## **Білім саласындағы реформаларды сынға алу**

Озық идеяларды сынау және Спутник түрткі болған бағдарламалардың пайда болуы туралы бірнеше бақылауларға назар аударған жөн. Біріншіден, мұндай сындар жаңа емес еді; мысалы, 1800 жылдардың аяғында сыншылар оқу бағдарламасы тым онай, музика мен өнер негізгі пәндерден көп уақыт алады деп айтты. Екіншіден, сыншылардың жазғандарында фактілерді бұрмалау кездесті. Сонымен қатар, сыншылар өз дәлелдерін растайтын дәлелдемелерге сирек жүгінді; олар жеке пікірге және күшті риторикаға сүйенді. Үшіншіден, оқытушылар сыншыларға ешқандай жауап қайтармады. Оқытушылар үнсіздігі ешқалай түсіндірілмеді. Есінізде болса, бұл қырғи-қабақ соғыс және Маккартизм кезеңі болған, сондықтан олар бірдене айтуға қорыққан болуы да мүмкін. Сондай-ақ, озық білім беру тәмендеді. 1955 жылы «Озық білім беру қауымдастыры» жабылып, ал «Озық білім беру» журналы екі жылдан кейін жұмысын тоқтатты. Сонымен, сыншыларға қарсы тұруға тырысқандар бұл ешқандай нәтиже бермейді деп ойлаған болуы мүмкін. Сөйтіп көптеген оқытушылар үнсіз қалды. Төртіншіден, өмірге бейімдеп оқыту студенттердің математика, жаратылыстану, технология және басқа пәндердің негізгі ұғымдарын үйренетіні туралы хабар бермеді. Озық мұғалімдер білім беру саясаты жөніндегі комиссияның Барлық американцы ғаражтарға арналған білім беру туралы (1944) баяндамасында көрсетілген «жастардың маңызды қажеттіліктері» негізінде құрылған орта мектептерге арналған бағдарламаларды сипаттау үшін өмірге бейімдеп оқыту терминін енгізді. Өмірге бейімдеп оқыту студенттердің «өмір жолындағы» қажеттіліктеріне аса назар аударды және практикалық өнер (кейінірек технологиялық білім беру), отбасылық өмір және азаматтық қатысу сияқты салалардағы функционалды тәжірибелің оқу бағдарламасын ұсынды. Оқу бағдарламасы туралы мұндай риторика сыншылар өмірлік маңызды деп санайтын пәндердің аспектілерін ескермейтіндей көрінді. Сонында, алдыңғы қатардағы білім берушілердің идеяларына қоғам қолдауы жетіспеді (немесе мүлдем пайда болмады), ал сыншылардың пікірлері халықтың жақсы білім деген не екендігі туралы пікірлеріне өздігінен әсер етті. Мұны сыншылардың оқуды қалпына келтіру сияқты негізгі тақырыптарға ұндеуімен түсіндіруге болады. Олардың ойынша оқушылар ештеңе үйреніп жатқан жоқ еді, әсіресе негізгі пәндерді. Сыншылардың идеялары мен ұсыныстары көпшілік өздері мектепте оқып жүрген кезінде көрген білім тәжірибесімен сәйкес келді.

## **1957 ЖЫЛҒЫ СПУТНИК СӘТІ**

1957 жылдың күзінде американцы білім беру туралы пікірталас бетбұрысқа жетті. Спутник пікірталасты жоғары академиялық стандарттарға, әсіресе жаратылыстану мен математикаға көбірек назар аударуды ұсынатындардың пайдасына шешүге көмектесті. Спутник Америка халқына білім беруді, атап айтқанда, математика мен жаратылыстану пәндерінің оқу бағдарламасын өзгерту үлттық мұддеге сай келетінін түсіндірді. Бұған дейін жұртшылық федералды көмек мемлекеттік бақылауға алып келеді деген себеппен мектептерге федералды көмек көрсетуге қарсы болса да, американцы білім

беруде үлкен өзгеріс қажет болды. Спутникten кейін федералды жауапқа деген халықтың сұранысы өте жоғары болды және 1958 жылы Конгресс Ұлттық қорғаныс туралы білім беру заңын (NDEA - National Defense Education Act) қабылдады. NDEA қорғаныста жұмыс істейтін кадрлар мен студенттерге несие беру үшін мемлекеттік қаржыландыруға көбірек қаражат бөлді.

## **Ортақ көзқарас**

Айта кететін тағы бір маңызды жайт, Спутник дәуіріндегі оқу бағдарламаларын қайта құрушуладың көзқарасы ортақ еді. Барлық салаларда және білім беру қауымдастығында реформаторлар өздерінің бастамаларына құлшыныс тудырыды. Олардың көзқарасы бойынша, олар тақырыптар мен ақпараттың қазіргі мазмұнын концептуалды фундаменталды идеялар және ғылыми зерттеулер мен математикалық есептерді шешудің режимдеріне негізделген оқу жоспарымен алмастырады. Реформа оқулықтарды фильмдер, зертханалық жұмыстар мен оқудан тұратын оқу құралдарымен алмастырады. Бұдан былай мектептердегі жаратылыстану және математика оқу бағдарламалары мазмұнға, терминдерге және қолданбалы аспектілерге баса назар аудармайды; керісінше, студенттер жаратылыстану және математика пәндерінің тұжырымдамалық негіздері мен зерттеу процедураларын біletін болады.

## **МЕМЛЕКЕТТІҢ БІЛІМ БЕРУ РЕФОРМАСЫНДАҒЫ РӨЛІ**

Реформаторлардың оқу жоспарын ауыстыру туралы көзқарасы білім беруді жақсартуға біріккен саяси және экономикалық қолдаумен бірге реформаны ынталандыруды. Эйзенхауэр әкімшілігі (1953-1961) алғашқы экономикалық қолдау көрсетті, Кеннеди әкімшілігінің ынта-жігері (1961-1963 жж.) халықты реформалар бастамаларына көтерді. Кеңес Одағы Спутникті проблеманың нышаны ретінде ұсынса, президент Кеннеди Айға ұшқан адам көрінісін Американың мәселені шешуі ретінде ұсынды.

## **Президент ұлттық көзқарасты нақтылайды**

Кеңес Социалистік Республикалар Одағының (КСРО) жетістіктері Америкалықтарды ұлтты. Президент Кеннеди 1961 ж. 25-мамырда Конгрестің бірлескен отырысында сөйлеген кезде Конгресті шақырды және барлық американцыларды шақырды:

Біріншіден, бұл ұлт өзін осы онжылдықтың аяқталуына дейін адамды Айға қондырып, оны Жерге аман-есен қайтару мақсатына жету үшін міндеттеуі керек деп санаймын. Бұл кезеңде бірде-бір ғарыш жобасы адамзат үшін сондай әсерлі болмайды; ғарышты ұзак қашықтықта зерттеу үшін сондац маңызды болмайды; және олардың ешқайсысын орындау соншалықты қын немесе қымбат болмайды.

Конгресс пен американцылардың алдында тұрған бұл міндетте президент сонымен қатар мыналарды атап өтті:

Енді алсырақ қадамдар жасайтын уақыт келді - үлкен жаңа америкалық кәсіпкерлігінің уақыты - бұл ұлттың ғарыштық

жетістіктерде нақты жетекші рөл атқаратын уақыты, ол біздің Жердегі болашағымыздың кілті болуы мүмкін.

... Ашығын айтқанда, мен Конгресстен және елден көптеген жылдар бойына созылатын және өте үлкен шығындарды талап ететін жаңа іс-қимыл бағытын - берік бағытты қабылдауға шақырамын. (Кеннеди 1961)

Тапсырма берілді, оған жауаптың бір бөлігі STEM пәндерін реформалау болды. Нақтырақ айтсақ, бұл негізінен жаратылыстану пәндері мен математиканы реформалау болды. Тапсырмаға жауапта, сондай-ақ, Айға жасалған бірнеше қадамнан (Меркурий, Егіздер, және сонында Аполлон) тұратын бағдарлама да болды.

Мен президент Кеннеди айтқан нақты талқылауға және көзқарасқа ораламын, өйткені оларда Спутниктің бастапқы сәті қандай болғандығы туралы түсінік бар. Бұл түсініктер қазіргі STEM дәуірінде сабак ретінде қарастырылуы мүмкін.

## СПУТНИК ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ МИССИЯ

Америка Құрама Штаттарына тағы бір Спутник керек пе? Басқа Спутник болмайтыны анық, бірақ бізге Спутниктың нышанына айналған: ұлттық миссия және STEM-нің маңызды реформалары дәуірі керек. Ұқсас мәселелерді ұлттық қауіпсіздік, экономикалық тиімділік, қоршаған ортаның сапасы, ресурстарды пайдалану және деңсаулық, сондай-ақ ғалымдарға, инженерлерге және ғылыми сауатты азаматтарға қажеттілікке қатысты да анықтауға болады. Бұл және басқа мәселелер бізге кідіріп, Спутник кезеңінің ұлттық миссиясы туралы ой жүгіртуге, қазіргі дәуір туралы түсініктерді анықтауға мүмкіндік береді.

## Реформаға қатысты түсініктер

Мұнда Спутник дәуірі мен білім беру саласындағы ұлттық миссия туралы бірнеше түсінік берілген. Бәсекелес пен іс-шара анықталды: Қеңес Одағы және ғарышқа жарыс (Кесте 2.1-ді қараңыз). Президент Кеннеди нақты мақсат қою арқылы халқына тапсырма берді: Айға адам жіберіп, оны аман-есен қайтару. Президент сонымен бірге уақыт кестесін белгіледі: онжылдықтың сонына дейін. Бұл мақсатта әрбір американдықтың көзіне құнделікті түсетін айқын символ болды - Ай. Түпкілікті мақсатқа жету көпшілік көретін және түсіне алатын шағын жетістіктерді қамтыды: суборбиталық ұшулар, орбиталық ұшулар, Айдың айналасында ұшу және кері ұшу, және сонында адамның Айға қонуы және Жерге аман-есен оралуы. Сондай-ақ АҚШ жауабының бір компоненті жаратылыстану мен математика қоғамдастықтары жүргізген оқу жоспарын реформалау болды.

Тағы бір қорытынды мәселе - оқу материалдарын және жаратылыстану пәндері мұғалімдерінің институттарын білім беруді реформалаудың негізгі әдістері ретінде қолдану. Бұл екі бағдарлама да оқытушылар мен студенттердің тиімді өзара әрекеттесуіне бағытталған. Бұл федералды үкіметтің білім реформасын женілдету үшін қолданған он және нәтижелі тәсілі болды.

## 2.1-кесте. Спутник дәуірі және Ұлттық миссия

Мақсат	Айға адам жіберіп, аман-есен қайтару
Бәсекелес	Кеңестік Социалистік Республикалық Одағы (КСРО)
Метафора	Ғарыш жарысы
Уақыт	Онжылдық сонына дейін (1969 жылға қарай)
Символ	Ай
Заңнама	Ұлттық қорғаныс туралы білім беру заңы (NDEA - National Defense Education Act)
Акронимдер	Оқу бағдарламасын анықтау үшін қолданылған (мысалы, PSSC, BSCS, SCIS, ECCP)
Өзгеріске білім беру тарапынан көзқарас	Оқу жоспары бағдарламалары және мұғалімдердің біліктілігін арттыру
STEM пәндері	Негізінен жаратылыстану пәндері және математика
Білім беру реформасының лидерлері	Ғалымдар мен математиктер

## Спутник реформасын басқарған кім?

Реформаторлар өздерінің оқу бағдарламаларын іске асыру үшін мемлекеттік және жеке көздерден қаржылай қолдау алды. Федералды агенттіктер, атап айтқанда, Ұлттық ғылым қоры (NSF) және ірі қайырымдылық қорлары, атап айтқанда, Нью-Йорктегі Карнеги корпорациясы және Рокфеллер ағайындыларының қоры жаңа бағдарламаларды әзірлеуге үлкен қолдау көрсетті.

Реформаторлардың өздері Ұлттық ғылым академиясы (NAS), Ұлттық инженерлік академиясы (NAE) және Америка математикалық қоғамы (AMS) сияқты беделді институттардың білікті ғалымдары еді. Олардың Гарвард, Массачусетс Технологиялық Институты, Стэнфорд, Иллинойс Университеті, Мэриленд Университеті және Калифорния университетінің жүйесімен тығыз байланыста болды. Сол дәүірде жобаларды басқарған ғалымдар мен математиктер халықты және қаржыландырушыларды американдық білім беру саласында шынымен төңкеріске қол жеткізе алатынына сендеріне білді. Сол кездегі АҚШ-тың білім беру комиссары Фрэнсис Кеппел 1963 жылы: «Білім берудің шекараларын алға жылжытуға көп уақыт, талант пен ақша жұмсалды, мұндай инвестиция тарихта бұрын-соңды болмаған, ал келесі онжылдықта немесе жиырмажылдықта біз аса маңызды өзгерістер күтіміз мүмкін» (Гросс және Мерфи 1964, 1-бет). Кеппел инвестициялар мен білімнің шекаралары туралы дұрыс айтқан болуы мүмкін, келесі онжылдықта білім беруде маңызды өзгерістер болды, бірақ реформаның Спутник негізіндегі төңкеріс ретінде сипатталуы Кеппелдің оптимистік болжауын да өзгерти.

## Қоғамдық және саяси өзгерістер

1950 жылдардағы оқиғалардың нәтижесінде американцытар жаңа әлеуметтік және саяси сана қалыптастыруды. Азаматтық құқықтар туралы әлеуметтік хабардарлық дамыды және бұл хабардарлықтың басталуына Жоғарғы Соттың Браунға қатысты шешімі және Губернатор Орвал Фаубус және оның африкалық американцы студентерге Литл-Рок Орталық орта мектебіне түсініне рұқсат беруден бас тартуы кірді. 1960 жылдардың басында қоғам азаматтық құқықтарға, кедейлікке және Вьетнамдағы шиеленіскен соғысқа көбірек назар аударды. Әлеуметтік тұрғыдан алғанда, біз білім берудің жоғалып кетпегенін айтып, наразылық білдіріп, сынға түсетін дәуірге жеттік. Осы кезеңдегі кітаптардың тақырыптары білім беру наразылығын айқын көрсетеді: «Міндетті білім бермеу» (Гудман 1964), «Ерте жастағы өлім» (Козол 1967), «Біздің балалар өлуде» (Хентофф 1966) және «Балалар қалай сәтсіздікке ұшырайды» (Холт 1964). Бұл кезеңнің сын-пікірлері көптеген, терен, кең және үздіксіз болды. Сонымен бірге сындарлы шешімдер аз, таяз және қысқа болды. Бір қызығы, мектеп бағдарламаларының өзектілігі туралы үндеу - озық идеялардың үндеуі болды, дегенмен, көптеген сыншылар мұнымен көліспеді. Сыншылардың көзқарасынша, Спутник дәуіріндегі бағдарламалар американцы мектептердегі қателіктердің бірі болды. Шынында да, жаңа PSSC (Физика ғылымын зерттеу комитеті), CVA (Химиялық байланыс тәсілі), CHEM (Химиялық Оқу Материалдарын зерттеу), BSCS (Биологиялық ғылымдардың оқу бағдарламалары), SCIS (Жаратылыштану пәндерінің оқу жоспарларын жетілдіру бойынша зерттеу), ESS (Дүниетануды зерттеу) және басқа бағдарламалар студенттерге жақындаған сайын, олардың элитизміне, сынни пікірлердің болмауына және мектептердегі әр түрлі оқушыларға арналған орын жетіспеушілігіне қатысты сын айтылды.

Әлеуметтік және саяси факторлар Спутник білім беру жүйесін реформалау дәуірін бастап, қолдаған кезден, әлеуметтік және саяси факторлар да 1960-1970 жылдары көтеріле бастады және озық, жоғары академиялық стандарттар мен ғылым, техника, инженерия және математика пәндерінің тұжырымдамалық әдістемелік негіздерін түсінуге ұмтылуға қарсы құш ретінде әрекет етті. Сонымен қатар, Спутник дәуірінде саяси, әлеуметтік және экономикалық қолдау (ғалымдардың ынта-жігерімен және оқу бағдарламаларын ауыстыруға деген біржақты көңіл бөлуімен бірге) мен білім беру реформасының қажетті аспектісі деп санайтын бір мәселені ескермеді: қағидаларды мемлекет пен жерілікті деңгейде құру Спутник дәуірінің инновациялық бағдарламаларын қолдаушы еді.

## СПУТНИК ДӘУІРІНДЕГІ БІЛІМ БЕРУ РЕФОРМАСЫ

Біріншіден, өте маңыздысы, Спутник дәуіріндегі білім беру реформасы сәтсіздікке ұшыраған жоқ. Білім беруді реформалау жұмыстары білім беру жүйесінің жалпы дамуына және үнемі жетілдірілуіне ықпал етеді. Білім беру қауымдастыры мен жұртшылық бұл тәжірибеден сабак алды. Сондай-ақ, көптеген адамдар белгілі бір реформа білім беру проблемаларын түбегейлі шешеді деген жаңсақ пікірде. Реформаторлар қателіктер жібергенімен, бағдарламалардың әлсіз жақтары болса да, реформаторлар қолданған тәсілдер, олар құрған топтар және олар жасаған бағдарламалар американцы білімге оң және ұзақ әсер етті.

## Жаратылыстану пәндерінің оқу жоспарлары

1970 жылдардың аяғындағы есептер оқу бағдарламаларының ықпалды болғанын көрсетті. Жаңа бағдарламалар кеңінен қолданыла бастады, ал коммерциялық окулықтарда инновациялық тәсілдер енгізілді (Вайс 1978; Хелджесон, Блоссер және Хоу 1977). Мысалы, 1976-1977 оқу жылында мектеп аудандарының 60% -ы үкімет қаржыландыратын бағдарламалардың бірін немесе бірнешеуін 7-12 сыныптарда қолданған, ал мектеп аудандарының 30% -ы бастауыш мектептерде көм дегендे бір бағдарламаны қолданған. Оқу бағдарламаларының студенттердің үлгеріміне әсерін қарастыру бағдарламалардың сәтті болғанын көрсетті (яғни Спутник дәүіріндегі бағдарламаларда оқушылардың үлгерімі дәстүрлі оқу жоспарлары бар бағдарламаларға қарағанда жоғары болды), әсіресе Биологиялық ғылымдардың оқу бағдарламалары (BSCS) бағдарламалары (Шиманский, Кайл и Альпорт, 1983).

## Технология және инженерлік оқу бағдарламалары

Инженерлік тұжырымдамалардың оқу бағдарламасы (ЕССР) бұл кезеңде кеш басталды және 1971 жылға дейін шығарылмады. Көптеген себептерге байланысты ол кең көлемде жүзеге асырылмады.

## Математиканың оқу жоспарлары

Математика басқа жағдайды ұсынды. Математиктер жаңа бағдарламаларды сынға алды, себебі мазмұн тым абстрактілі және маңызды қолданбаларға мән берілмеген еді, мұғалімдер бағдарламалар бойынша сабак беру тым қын болғандықтан сынады, ал ата-аналар жаңа математиканы түсінбегендіктен және балаларының негізгі есептеу дағдылары дамымауы алаңдайтындықтан сынға алды. 1970-ші жылдардың басында аудандардың 30% -ы Ұлттық ғылым фонды (NSF) қолдаған математика бағдарламаларын қолданатынын хабарлады, 1976-1977 жж. Ұлттық ғылым фондының (NSF) бағдарламаларын қолданатынын тек 9% -ы хабарлады. Ең бастысы, математика мұғалімдері Спутник дәүіріндегі бағдарламадан негізгі бағдарламаларға қайта оралуды қолдады.

## Оқу жоспарларын әзірлеу топтары

Спутник дәүірінің тағы бір маңызды, бірақ танылмаған нәтижесі оқу құралдарын шығаруға мамандандырылған білім беру топтарының пайда болуы болды. Биологиялық ғылымдардың оқу бағдарламалары (BSCS), Лоуренс ғылым залы (LHS) және Білім беруді дамыту орталығы (EDC) сияқты кейбір топтар бүгінде жалғасуда. Сонымен қатар, осындай білім беру қызметін атқаратын жаңа топтар Спутник дәүірінен бастап Ұлттық ғылыми ресурстар орталығы (NSRC), Конкорд Концерциум және Техникалық білім беру ресурстық орталығы (TERC) сияқты жаңа топтар пайда болды.

## Болашақ азаматтар мен ғалымдарға әсері

Спутник дәүірі адамдарға және білім беру жүйесіне жанама, бірақ маңызды әсер етті. Мен жараталыстану саласында білім беру жылдарымда, әсіресе Биологиялық ғылымдардың оқу бағдарламаларында (BSCS) жұмыс істеген кезде, көптеген адамдар BSCS Green Version сияқты белгілі бір жаратылыстану

бағдарламасының олардың өмірі мен мансабына тигізетін әсері туралы айтты. Бұл адамдардың кейбіреуі қазір – ғалымдар, жаратылыстану мұғалімдері, бірақ көбі – емес, олар STEM-білім берудің маңызды мақсаты болып табылатын ғылымға қызығушылық танытатын азаматтар.

## **Оқытушылық қызметтегі инновациялар**

Спутник дәуіріндегі маңызды ықпалдың ішінде жаратылыстану мен математиканы оқытуға енген көптеген сабактар бар. Мысалы, Дүниетануды зерттеу (ESS) бағдарламасы «Батареялар мен шамдар» және «Жұмбақ ұнтақтар» сияқты сынып ішінде орындалатын іс-шаралар жасап шығарды. Осы уақытқа дейін бұл іс-шаралар және басқа да жұмыстар аудиторияларда, студенттердің оқытушылық бағдарламаларында және біліктілікі арттыру семинарларында қолданылады. Бұл іс-шаралар оқушылардың білім деңгейінің көрсеткішіндей жалпыұлттық деңгейде маңызды болмаса да, біз жаратылыстану мен математиканы оқыту мен окуда бірқатар өзгерістер жасадық.

## **Оқу жоспарын құру бойынша ынтымақтастық**

Бұл реформада мұғалімдермен және басқа да оқытушылармен бірге аға ғалымдар, математиктер және инженерлер жұмыс істегені өте маңызды деп ойлаймын. Олар білім берудің ағымдағы және болашақтағы реформаларына алғышарт жасады. Сондай-ақ, көптеген оқытушылардың реформаларға тікелей қатыспай және оны қолдауға асықпағаны да маңызды: мысалы, мұғалімдердің білімі үшін жауапты адамдар сертификаттау мен лицензиялау бағдарламаларын, мұғалімдерге арналған кәсіби семинарлар мен болашақ мұғалімдерге арналған бакалавриат курстарын қайта қараумен айналысты.

## **Бір дәуірдің соңы**

Спутник дәуірі 1970 жылдардың басында жалғасты; егер мен дәуірдің аяқталуын көрсетуім керек болса, онда бұл 1976 жыл болар еді. Гуманитралық оқу курсы (MACOS - Man-A Course of Study), Ұлттық ғылым фондының (NSF) қорларымен бірге жасалынған антропологиялық бағдарлама дәстүрлі бағытты ұстанған тақырыпқа қарсылық білдіруші сыншылардың жан-жақты шабуылына ұшырады (Доу 1991). АҚШ конгресі өкілдерінің қосалқы комитетінің тыңдауы, Ұлттық ғылым фондының ішкі шолуы және Үкіметтің бюджетті басқару бюросы (GAO) Ұлттық ғылым фонды мен әзірлеушілер арасындағы қаржылық қатынастарды зерттеу MACOS бағдарламасының аяқталғанын және оқу жоспарларын реформалау дәуірінің аяқталғанын білдірді.

## **СПУТНИК ДӘУІРІНЕ КӨЗ ЖҮГІРТУ**

Білім беруді реформалаудың міндеті проблеманың ауқымы мен білім беру жүйесінің икемділігімен құрделенгенімен, жұмыс маңызды болып табылады. Реформаға қызығушылық танытқандарға біздің тарихымыздың осы кезеңге қысқаша ой жүгірткеннің пайдасы тио мүмкін. Мен осы сабактардың түрлерін басқа мәнмәтінде айтқаныммен (Байби 1993; 1997b; 2010), мен оларды жаңа болғандықтан емес, STEM реформалары мен реформаторларының заманы жаңа болғандықтан айтамын.

Менің көз жүгірту тіркесін қолдануымның себебі - ол Спутник дәуірін зерттеудің метафорасын ұсынады (ағыл. reflection - 1. артқа қарау, кейінге көз жүгірту; 2. шағылысу). Ағылшын тілінде бұл сөз (reflection - рефлексия) екі түрлі мағына береді: ол айнадағы жарықтың шағылысы іспетті бір нәрсені әр түрлі бұрыштан көруді тұспалдайды, сонымен қатар өткен оқиғаларға жеке көз жүгірту сияқты зейін қойып, мұқият ойлануды білдіреді. Демек, білім беру реформасына көз жүгірту Спутник сияқты дәуірді кідіріп, басқа қырынан қарастыруды білдіруі мүмкін. Көбісі Спутник дәуіріне көз тастап сол заманың рухын дәріптейді және әр түрлі бағдарламалардың сипаттамалары мен біздің сәттілікке жетіп-жете алмағанымыз туралы сұрақтар қояды. Бұл рефлексте мен басқа тәсіл қолданамын және әр түрлі сұрақтар қоямын. Бұл пікірталас тек бірнеше бақылау ғана емес; бұл американдық білім берудің, әсіресе жаратылыстану мен математиканың соңғы тарихын зерттеген авторлардың идеяларының синтезі. Пікірталас белгілі бір реформаның нақты мазмұнын немесе өнімін сипаттаудан гөрі, білім беру реформасы процесін ерекшелейтін факторларға назар аударады. Мен келесі сұрақтарды қойдым: бір дәуірдің соңы мен білім беру реформасының екінші дәуірінің басталуын не сипаттайты? STEM-білім беруді реформалауға қызығушылық танытқан адамдардан қандай түсінік алуға болады?

## **Білім беру реформасына басым әлеуметтік және саяси көзқарастар әсер етеді.**

Артықшылыққа ұмтылу немесе теңдікті қолдау болсын, консервативті немесе либералды болсын, заманауи немесе дәстүрлі болсын, білім беру жүйесі сол кездегі саяси көзқарастарға бағынады. 1950 жылдардың басы білім беру қоғамына консервативті көзқарастарды ұсынған қырги-қабақ соғыс, Маккартизм және Химан Риковер және Артур Бестор сияқты сыншылармен сипатталған консервативті кезең болды. Академиктерге және пәнге негізделген тұжырымдамалар мен процестерге нақты назар аудара отырып, жаратылыстану мен математика бағдарламаларын әзірлеу консервативті әлеуметтік және саяси көзқарастарға сәйкес келді. Бағдарламалар студенттердің біліктілігін арттыруға және оларды ғылым мен инженерлік мансапқа ынталандыруға арналған еді. Бұл жерде тенденциянан гөрі артықшылыққа ерекше көңіл бөлінді.

60-жылдары Спутник дәуірінің қарама-қарсылығы пайда болды. Ол кезде біз Джон Холт, Пол Гудман, Нат Хенфофт, Джонатан Козол және Херб Коль сияқты тұлғалардың мектептерге бағытталған либералды наразылық кезеңіне қуә болдық. Кезеңнің басым тақырыптарының бірі тенденция көбірек көңіл бөлу болды. Спутник дәуіріндегі бағдарламаларда олардың тенденция мәселелерін тиісті деңгейде қарамағандығы туралы сын айттылды. Адамдар жаңа жаратылыстану мен математика бағдарламаларын сынға алса да, олар әлі де мектептерде енгізіліп, 1970-ші жылдар мен одан кейінгі жылдарда да қолданыла бастады.

## **Білім саласындағы реформалардың, сайып келгенде, оппоненттері болады.**

Реформалардан басқа, сыншылар реформалармен байланысты түрлі идеялар, қағидалар, бағдарламалар мен тәжірибелерден кінә таба бастайтын уақыт келеді. Бір қызығы, білім беру реформасы неғұрлым іргелі болса, соғұрлым ол сынға ие болады. Ұлттық тестілеуге арналған ұсыныстар сайтқа негізделген

басқару схемаларына қарағанда көбірек сынға ие. Реформаның бағдарының - консервативті немесе либералды, артықшылық немесе әділеттілік, қафиданың бағдарлама екендігінің маңызы шамалы, себебі көрнекті адамдар сынға алатын нәрсе табады.

Соңғы онжылдықта біз сан алуан, әр түрлі және бір реттік топтарға қатысты сынның қуәсі болдық. Осы түрлі мәселелерді шешу үшін білім беру саласындағы ірі бастамалар кейде қайшылықты болып табылатын және әр түрлі топтардың ерекше қажеттіліктерін ешқашан үйлестірмейтін әр түрлі бағыттарды енгізуге тырысады. Білімді реформалау әрекеттері көп жағдайда лажсыз жағдайда қалады. Егер сіз болашақ ғалымдар мен инженерлерді, мысалы, Спутник дәуіріндегі ғалымдар мен инженерлерді оқытуға арналған бағдарламалар жасасаңыз, 60-шы жылдардағыдан, жағдайы жоқтар үшін әділеттілікті жақтайдындар тарапынан наразылыққа тап боласыз. Бір таңқаларлығы, егер сіз қафидалар мен бағдарламалар барлық студенттерге бейімделген болуы керек деген ұсыныс жасасаңыз, мысалы, 1990 жылдардағы жаратылыстану мен математикаға арналған ұлттық стандарттар, Жалпыға ортақ негізгі стандарттар (Common Core Standards) және Келесі буынның ғылым стандарттары (Next Generation Science Standards) сияқты; сіз екі тараптан да сынға түсесіз, әр тарап сіз өз студенттерінің ерекше қажеттіліктерін ескермегеніңді мәлімдейді.

STEM-білім беруде біздің мақсаттарымызда бірлік пен келісім жетіспейді. Мен 1-тарауда өзімнің мақсатымды айтқаныммен, біреудің оны қабылдамауы қаупі бар. Ұлттық стандарттар арқылы жеке адамдар немесе топтар осындай мақсаттарды қоюға тырысқанда, сол жақ пен он жағынан да сынға ұшырайды. Білім беру жүйесі дәйекті емес, ретсіз болып табылады және, ең алдымен, үйлестіру, реттеу және жүйеге зиян келтіретін факторлардан қорғаныссыз жұмыс істейтін құрамдас бөліктердің жиынтығы.

## **Білім саласындағы сыншылар реформа бастамаларының идеяларын бүрмалайды**

Қазіргі реформалардан көрінетін бүрмаланған көзқарастар жаңа құбылыс емес. Прогрессивті білім берудің (педоцентризм) ең беделді сыншыларының бірі Артур Бестор өз пікірлерін аз дәлелдемелермен ұсынды, ал кейірінің қате екені айдан анық еді. Мысалы, Бестор (1953) «Неліктен Білім беру саясаты жөніндегі комиссияның Барлық американдық жастарға арналған білім беру есебінде арифметикаға сілтеме жоқ?» деп сұрады. Алайда, арифметика колледжге дайындық көсіптік білім беру және элективті бағдарламалар аясында талқыланған еді. Сол сияқты, 60-шы жылдардағы либералды сыншылар бүрмалануларға, артық айтуға және өздерінің ұстанымын растайтын дәлелдердің болмауына ұшыраған.

Стандарттарға негізделген реформалардың осы дәуірінде қазіргі сыншылар ерікті ұлттық стандарттарды федералдық мандаттармен және бағдарламалық құжаттарды көптеген есептерге сәйкес стандарттарды жартылай ғана ұсынатын білім беру бағдарламаларымен теңестіруді жалғастыруда. Олар сыныпта болып жатқанды сынға алып, бұл стандарттарға негізделген деп дәлелдейді, ал фактілер стандарттардың сыныптағы оқуға әсері көп емес екенін көрсетеді.

## **Білім беру реформалары жаңа бастамалардың шығынын, қауіптерін және пайдасын бұрмалайды.**

Тіпті Спутник дәуіріндегі оқу бағдарламасының реформаторлары жаңа бағдарламалардың нәтижесінде білім беру жүйесі қалай өзгереді деген пікірлерді бұрмалауға бейім болды. Білім саласындағы революция туралы кез келген үндеу орынсыз болып көрінетін сияқты. Негізінен, революциялық көзқарастар - бұл қүшті риторика және білім беру жүйесіндегі өзгерістерді нашар түсіну.

### **Білім беру жүйелері реформа тілін қамтиды.**

Оқытушылар кейбір реформа идеяларын тез қолдана бастайды және олар реформаға байланысты тіл мен терминологияны қабылдауға дайын. STEM - заманауи үлгі. Оқытушылар тілді түсінеді, бірақ оларға идеяларды терең тұжырымдамалық түсіну жетіспейді. Прогрессивті дәуірде білім берушілердің көпшілігі балаларға бағытталған сыныптар мен тәжірибелең негізделген бағдарламалар туралы айтты, бірақ олардың бірен-сараны ғана өздерінің оқыту стратегиясын өзгертті. Спутник дәуірінде біз зерттеу туралы сөйлестік, бірақ оны іс жүзінде сирек орындағық. Соңғы мысал ретінде көптеген мемлекеттік және жергілікті мектептер бағдарламаларға стандарттардың тілін, әсіресе Жаратылыстану білімінің Ұлттық стандарттарын (National Science Education Standards) (NRC 1996) немесе Ғылыми сауаттылықтың көрсеткіштерін (Benchmarks for Science Literacy) (AAAS 1993) енгізген. Алайда, олар құжаттарды жалпы мәлімдемелер ретінде қарастыра алмады, кейбір стандарттарды елеусіз қалдырыды және стандарттардан гөрі жаңа тақырыптар қости. Олар көбінесе ғылымның тарихы мен табиғатын қамтымайды және теңіз биологиясы немесе экологиялық ғылым сияқты тақырыптарды қосады, олар стандарт емес, курстық тақырыптар болып табылады.

Басқа мысалдарға коммерциялық баспағерлердің өз өнімдері ағымдағы реформаның бағытына сәйкес келеді деген тұжырымдамалары жатады. Мысалы, оқулықтар математика мен жаратылыстану стандарттарына сай жарнамаланады. STEM-ді әр түрлі өнімді сипаттау үшін пайдалану қазір үлкен маңызға ие.

### **Білім беру реформалары мұғалімдерге мүмкін емес талап қояды.**

Джон Дьюидің балаларға бағытталған бағдарламалары болсын, Спутник дәуірінің зерттеуге бағытталған оқу бағдарламасы болсын, 1960 жылдардағы ашық сыныптар болсын, немесе қазіргі заманғы стандарттарға негізделген қозғалыстар болсын, мұғалімдердің уақыты мен қабілеттеріне қойылатын талаптар негіzsіз болды. Көп жағдайда реформаторлар мұғалімдердің реформаларға қарсылығын ашық түрде бағаламады: ескі тәжірибеден бас тартуды қаламауын; оқытуға деген сенімдерін, көзқарастары мен құндылықтарын өзгертуге күмәндарын.

Мүмкін еместалаптармен тығыз байланыстысы - бұл сынып жетекшілерін қолдауға ресурстардың жетіспеушілігі. Прогрессивті дәуір кезеңінде мұғалімдерден әкімшіліктің қолдауынсыз оқу жоспарын жасауды сұрады. Спутник дәуірінде олардан жаңа оқу бағдарламасын мектептің қолдауынсыз жүзеге асыруды сұрады; енді олар алдын-ала дайындалған бағдарламаларыз,

біліктілігін арттырусыз және жүйелік қолдаусыз барлық студенттердің жоғары стандарттарға сай болуына жауап береді. Менің ойымша, білім беру жүйесінің барлық компоненттері үздіксіз дамуда болуы керек, оның ішінде мұғалімдер де; талап қойылып, қолдаудың болмауынан, мұғалімдердің жауап бермеуі орынды жауап болып көрінеді.

Спутник дәуірінде мұғалімдер мұны ертерек және жиі айтқан: егер мен зерттеу арқылы сабак оқытсам, тақырыпты толығымен қамтымаймын. Джозеф Швабтың (1966; 1978a; 1978b; 1978c) және Джером Брунердің (1960) қызу пікірталастары мен зерттеуді қолдайтын терең дәлелдері мұғалімдерді өзгеруге көндірген жоқ. Қағтдаларды ұсынатын және жаңа бағдарламалар жасайтын реформаторлар мұғалімдердің тәжірибесіндегі негізгі өзгерістердің түпкі маңызы мен қындықтарын түсінуі керек.

## **Білім реформаларын жүргізушілер халыққа реформаны түсіндіре алмады.**

Біз оқытушыларды өзіміз жаққа тартып, біз ұсынған идеялар туралы халыққа түсіндіруді естен шығарып аламыз. Реформалар көпшіліктің қолдауына ие болмады, және реформалардың идеялары сынға және реформаның мәні бұрмалануға ұшырады.

Реформаторлардың жаңа бастамаларын көпшілікке түсіндіре алмауының айқын көрсеткіші - бұл қоғамның өздері бастаң кешірген білім беруге оралуға сұранысы немесе математикалық бағдарламаның негізгі математикалық дағдыларды елемеуі. Білім беруді заманауи зерттеуден алған түсініктеріміз қоғамның тәжірибесі мен білім білім тұжырымдамасында басым болатындығын түсінуге көмектеседі. Реформаторлар оқытудың тұжырымдамалық өзгеруінің модельдері қоғамды инновациялық бағдарламалар мен әдістер туралы ақпараттандырудың қалай қолданылатынын қарастыруы керек. Стандарттар, атап айтқанда, математика туралы қазіргі пікірталастар көпшілікті оңай өзгерtedі, өйткені мұнда бастапқы білім немесе жаңа идеялар мен тәсілдер туралы кішігірім ғана түсінік бар, немесе мұлде жоқ. Сын басталғаннан кейін сыншылар ұсынған ұстанымдарға қарсы тұру қыын.

## **Білім беру реформасын жүргізушілердің Жасауға қарағанда сынавы көбірек.**

Жаңа модельдерді жасауға уақыт пен күш жұмсайтын адамдар, агенттіктер немесе ұйымдар аз. Жаңа саясатты, бағдарламаны немесе тәжірибелі құрудың тұрақты жұмысымен айналысадан гәрі сын айту оңайырақ. Соңғысы көп уақытты, қолдауды және еріксіз сынға төзімділікті қажет етеді. Американдық білім беруге ұзақ мерзімді үлес - талқандаудан гәрі құрғаны көбірек адамдардың он үлестері.

## **Білім реформасын жүргізушілер көбінесе ауқымды мәселелерді шеше алмайды.**

Спутник дәуірінде реформаторлар, егер олар білім беру жүйесіне бағдарламаларды орналастырса, олардың бағдарламалары кене耶 түседі дег **55** ойлады. Олар қателесті. Бір нәрсені Үлттық деңгейдегі ұсынып - стандарттар, оқу жоспары немесе тест болсын, оны жергілікті деңгейде де іске асуын құту

дұрыс емес екені анық. Сіз үлгілі бағдарламалар мен озық тәжірибелерді көрсетіп, олардың вирустық инфекция сияқты бүкіл білім беру жүйесінде таралатынын болжай алмайсыз. Инфекциялық ауру метафорасы бұл болжамның неге сәтсіздікке ұшырайтындығын көрсетті: білім беру жүйесінде тез бейтараптандыратын, өсуін тежейтін және инновацияларды бұзатын антиденелері бар өте құшті иммундық жүйе бар.

## **Білім беру реформасын жүргізушілер өткеннен сабак алмады**

Бұл сабак менің осы тарауды қосқанымның себебі. Білім беруге ұзақ мерзімді есте сақтау жетпейді. Біз, мысалы, прогрессивті білім беру немесе Спутник бағдарламаларында не дұрыс не бұрыс болғанын есімізге түсірмейміз. Біз реформаның қоғамдық және саяси кезеңдермен байланысты екенін және олар өзгеретінін түсінбейміз. Біз мұғалімдердің қажеттіліктерін ескермейміз, тіпті олар бізге не қажет екенін айтып тұрғанда. Бізге көшпілікке білім беру үшін зеректік жетіспейді, сосын олардың жаңа идеяларды түсінбейтініне және сыншылардың білім беру бастамалары туралы бұрмалаушылықтарына шағымданамыз.

## **ҚОРЫТЫНДЫ**

Қазіргі таңда Спутникті білім беру реформасына деген қажеттіліктің белгісі ретінде пайдалану аясында «Спутниктің алғашқы сәтінен біз не үйрене аламыз?» деген сұраққа жауап беру маңызды болуы мүмкін. STEM дәуіріне әсер етуі мүмкін осы сұрақтың жауаптарының ішінде мен мыналарды атап өткім келеді: Реформа бастамасы оқу материалдарын әзірлеуге бағытталған; бұл федералды үкіметтің сындарлы рөлі болды; ұлттық миссия айқын және кең қолдауға ие болды; реформаларды ғылыми қоғамдастық басқарды; және Спутник дәуірінің басы мен аяғына саяси, әлеуметтік және мәдени күштер айқын әсер етті.

Заманауи білім беру реформасында тағы бірнеше сабак қолданылуы мүмкін. Алғашқы Спутник дәуіріндегі маңызды сабактардың қатарында мен жоғарыда аталған әлеуметтік және саяси әсерлерді атап өткім келеді; сондай-ақ сыншылардың рөлі; сыншылардың да, қорғаушылардың да шығындар, пайда, және қауіпперді бұрмалауы; реформаның себептері мен артықшылықтары туралы халықты хабардар ете алмау сәтсіздігі; және, сайып келгенде, бағдарламалар мен тәжірибелерінде өзгерістерді жүзеге асыру міндеттелген мұғалімдерге қойылған мүмкін емес талаптар.

## ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

1. Бастапқы Спутник сәтінің басталуын, ортасын және аяқталуын қалай суреттейсіз?
2. Бастапқы Спутник реформасынан қандай сабакт алдыңыз және сол сабакты қазіргі білім беру реформаларына қалай қолданар едіңіз?
3. Ұлттық миссия да Спутник сәті сияқты маңызды екенін ескере отырып, заманауи ұлттық көзқарас деген не (немесе не болуы керек) деп пайымдайсыз?
4. STEM-білім беруді құруда, дамытуда және жоюда сыншылар қандай рөл атқаруы мүмкін?

# З ТАРАУ

## STEM-БІЛІМ БЕРУ ҚАЗІРГІ БҰЫННЫҢ СПУТНИК СӘТИНЕ ЖАУАП БОЛА АЛА МА?

Міне осы тараудың сұрағына жауап: егер бұл Спутник сәті болса, онда иә, STEM-білім беру жауаптың бір бөлігі болуы керек. Алайда, жалпы жауаптың ауыртпалығы білім саласына жүктелмеуі керек. Мұндайды бұрын да көрген едік, және ол ұлт үшін де, білім беру үшін де жақсы нәтиже бермеді. Бұл тарау алдыңғы сұраққа оң жауап береді және жауаптың нені білдіретінін айқындейді. Алдымен мен Спутник сәтінің ерекшеліктерін қарастырамын. Мен содан кейін STEM жауаптарын Спутник дәуірінен алған бірнеше қосымша сабак аясында қарастырамын.

### БҰЛ - СПУТНИК СӘТІ МЕ?

2-тарауда Спутник дәуіріне шолу жасалды және дәуірге сипаттама берген бірқатар белгілерді жинақтایтын кесте ұсынылды. Кесте 3.1 2-тараудың қысқаша мазмұнын және қазіргі кезеңнің ерекшеліктерін ұсынады. Президент Джон Кеннедидің 1961 жылдың 25-мамырындағы Конгрестің бірлескен отырысында сөйлемегендегі таңда да өзекті тақырыптар бар:

Біз бірінші болғымыз келеді. Қысқасы, ғылым мен өндірістегі көшбасшылығымыз, бейбітшілік пен қауіпсіздікке деген үмітіміз, өзіміздің алдымыздығы, басқалар алдындағы міндеттеріміз бәрімізден күш жұмсауды, осы жұмбақтарды шешуді, оларды барлық адамдардың игілігі үшін шешуді, әлемдегі жетекші ғарыш елі болуды талап етеді. (Кеннеди 1961)

Мен STEM-білім берудің нақты іс-әрекеттің талқылауды бастамас бұрын, алғашқы Спутник сәтінен бірнеше қосымша сабактарды қамту орынды көрінеді. Мен мұны «Жаратылыстану ғылымдарын оқыту: XXI ғасыр перспективалары» (Байби 2010) мақаласынан қарастырып, қайта келтіріп отырмын. Онда «Инновацияға деген құштарлық» және бизнес көшбасшылары, ғылыми және инженерлік қоғамдастықтар және саясаткерлердің «болашақты женуге» деген қажеттіліктері бар. «Спутник сәті» мәнмәтінінде, мен бастапқы Спутник сәтінің бастаған инновациясы адамды Айға жеткізу қажеттілігі деп бағалаймын. Тапсырма үлкен, ал мақсат нақты және барлық мұдделі адамға түсінікті болды. Біз ұлттық және халықаралық бағалаулардағы жетістіктердің төмен деңгейіне назар аударуымыз керек, бірақ бұл мәселелер сыртқы бәсекелестер жасаған маңызды оқиғалар емес (мысалы, Спутник сәттері). Президент Барак Обама энергия тиімділігі мен ұлттық ресурстарды пайдалануды, денсаулық сактауды жақсартуды, экономикалық тұрақтылықты және ұлттық қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған жаңа және ірі жаңалықтардың мысалдарын ұсынды.

Осы және басқа салалардағы инновациялар АҚШ-қа оң және ұзак мерзімді әсер етеді. Бұл салалардағы инновациялардың жолы STEM-білім берумен, жұмысшыларды сапалы даярлаумен және ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді қолдаумен байланысты болуы мүмкін.

### 3.1-кесте. Спутник сәтінің ерекшеліктері – Кеше және Бүгін

Спутник сәтінің ерекшеліктері	1960-жылдар	2012 және одан кейінгі жылдар
Мақсат	Айға адам жіберіп, аман-есен қайтару	Әлемнің инновация лидері атану
Бәсекелес	Кеңестік Социалистік Республикалық Одағы (КСРО)	Экономикалық бәсекелестер (Үндістан, Қытай сияқты)
Метафора	Ғарыш жарысы	Экономикалық прогресс
Уақыт	Онжылдық	2 онжылдық
Символ	Ай	Қор нарығы
Заңнама	Ұлттық қорғаныс туралы білім беру заңы (NDEA - National Defense Education Act)	Бастауыш және Орта Білім беру заңы (ESEA; Артта қалған оқушы жоқ (No Child Left Behind) ретінде де белгілі)
Акронимдер	Оқу бағдарламасын анықтау үшін қолданылған (мысалы, PSSC, BSCS, SCIS, ECCP)	STEM білім беру реформасының бір аспектісінің ұраны ретінде қолданылады
Өзгеріске білім беру тарапынан көзқарас	Оқу жоспары бағдарламалары	«Үздіктікке жарыс» жобалары, ұлттық стандарттар және келісілген бағалау
STEM пәндері	Негізінен жаратылыстану пәндері және математика	Барлық STEM пәндері
Білім беру реформасының лидерлері	Ғалымдар мен математиктер	Мемлекеттік, аудандық және мектеп деңгейіндегі оқытушылар

## ЕГЕР БҮЛ СПУТНИК СӘТІ БОЛСА, ТАҒЫ ДА БІРҚАТАР САБАҚТАРДЫ ҚАРАСТАРЫАЙЫК

Спутник дәуірі STEM-білім берумен байланысты реформаларға қызығушылық танытқандар үшін кейбір түсініктерді ашады. Енді мен Спутник дәуірінен тағы бірнеше сабак ұсынамын.

### **Дәстүрлі пәнге негізделген бағдарламаларды алмастыру өте қыын.**

Спутник дәуірінің көшбасышалры қайта қарау және реформа сияқты терминдерді қолданғанымен, олар мектептегі жаратылыстану мен математика бағдарламаларын толығымен алмастырысьы келді. Басшылардың құлшынысы мен сенімі керемет болды. Олар қандай да бір мағынада реформаны арман алаңы ретінде қабылдады. Яғни, көшбасшылар егер олар оку бағдарламаларының тамаша материалдарын жасаса, онда мұғалімдер оларды қабылдайды, және бүл дәстүрлі бағдарламаларды алмастырады деп сенді. Мұндай көзқарас, кең таралған институционалды қарсылыққа қарсы тұрады, мұғалімдердің жеке алаңдаушылығын тудырады және қофамды аланып тарады. Спутник дәуірінде не болғанын түсіну қажеттілігі оку бағдарламаларын, мұғалімдердің алаңдаушылығын және білім берудегі өзгерістерді зерттеуге ықпал етті.

Оку жоспарына негізделген STEM бастамаларына қатысты бір сабак білім беруді өзгерту туралы білімізді пайдаланудың маңыздылығын қарастырады (Холл және Хорд 1987; 2001; Фуллан 2001). STEM жаңа бағдарламалары ғана маңызды болып қоймайды, сонымен қатар білім беру жүйесінің басқа компоненттері де өзгеріп, STEM негізіндегі инновацияларды енгізуге қолдау көрсетуі керек. Бүл компонеттерге бірге сабак беретін мұғалімдер; мектеп әкімшілігі; мектеп тақталары; қофамдастық; және әр түрлі жергілікті, мемлекеттік және ұлттық қағидалар кіреді.

Осыған байланысты екінші сабак бар: дәстүрлі бағдарламалар топтамасын толығымен ауыстыруға тырыспаңыз. STEM-білім беру төңкеріс жасайды және жаратылыстану пәндері мен математика курстарын толығымен алмастырады деген көзқарас күмәнді және қисынсыз. Мен эволюциялық перспективаны ұсынамын, ол қысқа оку бағдарламаларын және кезең-кезеңмен өзгертулерді қолданады және біртіндеп білім беру инновациялары ретінде STEM-ді таңдайтын ортаны қалыптастырады.

### **Реформаларға қарсылық инновациялардың қазіргі бағдарламалар мен тәжірибелерден айырмашылық дәрежесіне пропорционалды: өзгеріс неғұрлым көп болса, соғұрлым қарсылық болады.**

Физика ғылымын зерттеу жөніндегі комитет (PSSC), Биологиялық ғылымдар бойынша оку бағдарламаларын зерттеу (BSCS), Химиялық байланыстар әдісі (CBA), Химиялық білім беру материалдарын зерттеу (CHEM Study), Жер туралы ғылымдар бойынша оку бағдарламаларының (ESCP), Оку жоспарларын жетілдіруді зерттеу (SCIS), Инженерлік тұжырымдамалардың оку жоспарлары жобасы (ECCP) және Дүниетануды зерттеу (ESS) үйімдары ұсынған жаңа бағдарламалардың мазмұны мен педагогикасы мұғалімдерге қындықтара тудырды. Жергілікті жүйелерде қолдау болмағандықтан және сыртқы білім

тарапынан саяси сынға ұшыраған мұғалімдер дәстүрлі бағдарламаларды калдыру немесе оған оралу арқылы қауіпсіздікке үмтыйлды.

Мұнда сабак бірнеше нәрсеге назар аударады: бастапқы және тұрақты кәсіби дамудың маңыздылығы; жаңа бағдарламаларды әкімшілік қолдау; білім беру реформаларын жүргізу шілердің қоғамдық және саяси күштердегі өзгерістер мектеп бағдарламаларына әсер ететінін мойындауы қажеттілігі; және, сайып келгенде, STEM инновациялары ағымдағы бағдарламалардан қаншалықты ерекшеленетінін түсіну қажеттігі.

## **Топтарды алып тастау қыындықтар тудыруы мүмкін, әсіресе білім беру жүйесінің маңызды компоненттері үшін.**

Спутник дәүірінде жаратылыстану мен математикалық білім берудің үлкен қоғамдастықтарындағы көптеген адамдар (мысалы, мұғалімдерді оқытушылар, жаратылыстануды оқытудың зерттеушілері және көпшілік) жаңа бағдарламалардың баяу қабылданып, іске асырылуына, мамандыққа түсушілердің түсініктерінің тәмендеуіне, бастапқыда сыныптағы мұғалімдердің біліктілік деңгейінің тәмендігіне септігін тигізді. Қабылдау мен іске асырудың баяу болуының себебі қазір айқын көрінеді: жаратылыстану мен математикалық білім беру қоғамдастығындағы көптеген адамдар реформа бастамаларына күшжігерінің аяғына дейін қосылмады.

Бұл сабак технология мен инжиниерингті іске кірістіру үшін ыңғайлы жағдай болды. Спутник дәүірінің басында ғалымдар технология мен инжиниерингті тиісті оқу бағдарламаларына енгізбеу үшін бар қүшін салды. Мысалы, «Сыныптағы ғалымдардағы» инженерия туралы пікірталастарды қараңыз (Рудольф 2002, 116-бет).

STEM бастамаларына қызығушылық білдірушілер мұғалімдерді ғана қатыстырып қоймауы керек. Білім беру - көптеген түрлі компоненттерден тұратын жүйе. Мемлекеттік стандарттар мен бағалауға, мемлекеттік аттестацияға, мұғалімдерді даярлауға, біліктілікті арттыруға және STEM бағдарламаларын мектеп деңгейінде ықтимал іске асыруға жауапты адамдар маңызды құрамдас бөлік болып табылады. Мұғалімдердің, әкімшілердің, мұғалімдерді оқытушылардың, ғалымдардың, инженерлердің, технологтардың және математиктердің күш-жігерін біріктіруге және үйлестіруге тырысатын көзқараспен жұмыс жасаған дұрыс, олардың барлығы STEM-нің түрлі бастамаларына өз үлестерін қосуда күшті және әлсіз жақтары бар.

## **Мемлекеттік және жергілікті басымдықтар мен қағидалар танылуы керек.**

Спутник дәүірінде федералды агенттіктер мен ұлттық қорлардың қолдауы мемлекеттік және жергілікті агенттіктердің саяси және білім беру шектеулерінен және коммерциялық баспалардың күші мен ықпалынан босатты.

Бұл сабак STEM-ге қызығушылық танытқандарды білім берудің көнірек, жүйелік көзқарасына бағыттайды, оған әр түрлі қағидалар кіреді. Менің білімге деген көзқарасым мақсаттарды, қағидаларды, бағдарламаларды және тәжірибелерді қамтиды (яғни, 1-тарауда қарастырылған «4Р»). Жеке адамдар, үйымдар мен агенттіктер әдетте саясатты тұжырымдау, бағдарламаларды әзірлеу немесе тәжірибелі жүзеге асыру мақсаттарын қоюға әр түрлі жолдармен қатысады; дегенмен, әр түрлі күштердің арасында үйлесімділік пен

дәйектілік болуы керек. Біз жаңа бағдарламаларды, Спутник дәүіріндегідей, сол бағдарламаларды қолдау үшін үлкен білім беру мәннәтініне назар салмай және сыныптың тәжірибелі инновациялық бағдарламамен сәйкестендіре отырып өзгерту, жобалап, жасап шығарсақ бастаманың сәттілікке әкелуі екіталай.

Бастамаларды белгілі бір топтармен шектеу сыншылдықта әкеледі.

Мектеп бағдарламалары жаңа бағдарламаларды қаншалықты іске асырғанына байланысты, мұғалімдер бұл материалдар оқушылардың кейбір тобына сәйкес келмейді, ал басқалары үшін өте қызын деп тапты. Қағидаларды немесе мақсатты бағдарламаларды шектеу тенденциясындағы негізделген сынға жол ашады. Барлық студенттерге арналған бастамалар ұсыну да көбінесе екі тараптан да сынға ұшырайды: ғылым, инженерия немесе математикаға бейім адамдар үшін арнайы бағдарламаны қажет ететіндерден де, барлық студенттерге арналған ортақ бағдарлама жағдайы жоқтарды көмсітеді деген пікірдегілерден де.

Спутник дәүіріндегі реформалардың табиғаты мен сабактарын, сондай-ақ одан кейінгі және одан кейінгі реформаларды зерттеу білім саласындағы реформалардың ерекшеленетінін көрсетеді. Бұл айқын болып көрініп мүмкін болса да, саясаткерлер мен оқытушылар ғылыми білімді жетілдірудің тұрақты жұмысына пайдалы болатын жалпыға ортақ тақырыптар мен жалпы сабактарға үнәмі назар аудара бермейді. Бұл сабактардың қысқаша мазмұны: білім беруді өзгерту туралы білетінімізді қолдану; STEM-білім беру қоғамдастығындағы барлық негізгі қатысуышыларды қосу; STEM-білім беру саясатын, бағдарламаларын және тәжірибелерін білім берудің мақсаттарына сәйкес келтіру; барлық студенттер үшін STEM-білім беруді жетілдіру бойынша жұмыс; STEM оқытушыларының қолдауына және үздіксіз көсіби дамуына қатысу, өйткені олар STEM-білім беру жүйесіндегі маңызды ресурс болып табылады.

## **STEM жауабы қандай болуы мүмкін?**

«Артта қалған оқушы жоқ» (No Child Left Behind - NCLB) заңы білім беру жүйесін басып алды, ал маңызды ерекшеліктері - жоғары стандарттар қойды; біліктілігі жоғары мұғалімдерді дамыту; жыл сайын математика, оқу және жаратылыстарнан пәндері (соңғысы 2007-2008 оқу жылында басталды) бойынша 3-8 сынып оқушыларын тестілеу - оқытушылардың назарын мұғалімдердің жауапкершілігі мен оқушылардың жетістіктеріне аударды. Осы талқылауға қатысты, мен оқу жоспарларына назар аударылмағанын атап өткім келеді, атап айтқанда, мемлекеттік стандарттар мен оқушылардың бағалауын байланыстыратын нұсқаулық материалдарға, жоғарғы мектепке, жыл сайынғы үлгерімнің теріс немесе бұрыс ынталандырудың көп қолданылуына, NCLB - бұл негізсіз мандат деген түсінікке.

Спутник сәтіне STEM жауабында нақты білім нәтижелері көрсетілген нақты мақсат және сол мақсаттарға жету құралдары болуы керек. Мен оқырманды білім саласындағы саясаттың мақсаттары мен санаттарын ертерек талқылауға; оқу, нұсқаулық және бағалау бағдарламаларына; және сынып тәжірибелеріне бағыттаймын. Бұл кітаптың бір мақсаты - жеке тұлғаларға, мысалы, үлптық, мемлекеттік, аудандық және мектеп деңгейлеріндегі көшбасшылық мәннәтінінде өзгерістердің осы категорияларына жауап қайтаруға көмектесу.

## АРТТА ҚАЛҒАН ОҚУШЫ ЖОҚ (NCLB) ЗАҢЫНЫң ОНЖЫЛДЫҚ ТӘЖІРИБЕСІНДЕ АҚШ НЕГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ?

**АҚШ оқушылары - орташа деңгейлі, ал орташа - бұл бізге қажет көшбасшылық емес.**

Оқушылардың үлгерімін жақсарту үшін он жыл бойы салынған күштен кейінгі 15 жастағы балалардың нәтижелері 3.2 кестеде келтірілген. АҚШ студенттері оқу және жаратылыстану бойынша орташа, ал математикадан біршама тәмен. Бұл нәтижелер Халықаралық студенттерді бағалау бағдарламасынан (PISA) алынған.

Бір анық көрінетін қорытынды, Америка Құрама Штаттары «Артта қалған оқушы жоқ» заңы мен түрлі реформаларға қарамастан экономикалық бәсекелестерінен артта қалып отыр. Кесте 3.2-де көрсетілген нәтижелер алаңдаушылық туғызады, бірақ олар Спутник сәті емес. Олар осы буынның Спутник сәтіне жауап беру үшін американцытардың әлеуетін білдіреді - егер біз оны анықтап, нақты ұлттық миссия құра алсақ,

Америка Құрама Штаттарындағы студенттердің PISA сияқты халықаралық бағалауды жақсы орындаі алмайтындығынан басқа, біз жоғары экономикалық жетістікке жеткен елдерден алатын сабағымыз - біз экономикалық бәсекелес ретінде қарастыратын сабактар - олардың жаратылыстану мен математика пәндерінің оқу жоспарлары жоғары деңгейлі бірізділігі. Америка Құрама Штаттары STEM бағдарламаларында анағұрлым үйлесімділікке жету жолын табуы керек, сол уақытта мемлекеттер мен жергілікті юрисдикциялардың оқу жоспарларын таңдау және құру құқығын құрметтейді. Бұл мақсатқа жету үшін стандарттарға мұқият назар аудару керек, үйлесімді оқу материалдарын түсіну және пайдалану керек, сонымен қатар мектеп бағдарламасын тек тігінен емес (яғни K-12 бойынша (kindergarten through 12th grade - балабақшадан 12-сыныпқа дейін)) көлденеңінен де қарастырылады (яғни, әр сынып деңгейінде).

**3.2-кесте. 15 жастағы балалардың PISA 2009 нәтижелері бойынша алдыңғы қатарлы 10 елдің және АҚШ-тың нәтижелері**

Орны	Мемлекет	Оқудан үпай саны (ЭҮДҰ-ның орташа үпай саны: 493)	Орны	Мемлекет	Математикадан үпай саны (ЭҮДҰ-ның орташа үпай саны: 496)	Орны	Мемлекет	Жаратылыстану-дан үпай саны (ЭҮДҰ-ның орташа үпай саны: 501)
1	Шанхай	556	1	Шанхай	600	1	Шанхай	575
2	Оңтүстік Корея	539	2	Сингапур	562	2	Финляндия	554
3	Финляндия	536	3	Гонконг	555	3	Гонконг	549
4	Гонконг	533	4	Оңтүстік Корея	546	4	Сингапур	542
5	Сингапур	526	5	Тайвань	543	5	Жапония	539
6	Канада	524	6	Финляндия	541	6	Оңтүстік Корея	538 

7	Жаңа Зеландия	521	7	Лихтенштейн	536	7	Жаңа Зеландия	532
8	Жапония	520	8	Швейцария	534	8	Канада	529
9	Австралия	515	9	Жапония	529	9	Эстония	528
10	Нидерланд	508	10	Канада	527	10	Австралия	527
17	АҚШ	500	31	АҚШ	487	23	АҚШ	502

Дереккөз: ЭҮДҰ 2009b.

Ескерту: Шанхай және Гонконгтағы орташа көрсеткіштер барлық қытай білімін білдірмейді. Бұл PISA 2009 қатысқан Қытайдың арнағы әкімшілік аймақтары.

Мәселелерді шешу, сынни түрғыдан ойлау және пайымдау сияқты қабілеттері жоғары адамдарға қажеттілік әрқашан бар. PISA сауалнамасының соңғы нәтижелеріне сәйкес, американцы студенттер мәселелерді шешу бойынша тапсырмаларды жақсы орындамайды (Лемке және басқалар, 2004). Олар ЭҮДҰ-ға (Экономикалық ынтымақтастық және даму үйімі) қатысуышы елдердің студенттері арасында осындай тапсырмалар бойынша 29-дан 24-ші орын алды. Бұлардың көпшілігі біз экономикалық жағынан бәсекелесетін елдер. STEM аясында жаратылыстануды зерттеу және инженерияны дизайн ретінде оқыту мәселені шешу қабілеттерін арттыру мәселесін шешудің қарапайым тәсілі болып көрінеді. Жаратылыстанудың негізгі тұжырымдамаларына қол жеткізуудің жоғары деңгейіне нақты қажеттілік бар сияқты, бірақ ғылыми ізденіс және инженерлік дизайн қабілеттерін дамыту XXI ғасырдың жұмыс күшін дайындауға ықпал етеді.

## ҚОРЫТЫНДЫ

- білікті STEM мұғалімдерінің аздығы (55,9%), және
- STEM мұғалімдерінің біліктілік деңгейінің жеткіліксіздігі (54,6%). (IESD 2011)

Ия, бұл саулнаманың түсініктері. Нәтижелер STEM білімімен айналысадындарға дем беруі керк. Сонымен қатар, курсардың белгілі бір түрлерімен, қындықтармен, электронды кітаптар сияқты технологиялардың рөлімен және кесіби дамуға арналған болжаулармен байланысты адамдар толық нәтижелерді мазмұнды деп табады.

## АТА-АНАЛАР МЕН ХАЛЫҚТЫҢ КӨЗҚАРАСЫ

### STEM-білім беруден ата-аналар мен халық үміт көре бастады ма?

2010 жылы Қоғамдық күн тәртібі 1400-ден астам адамды, соның ішінде K-12 сыныптары окушыларының 646 ата-аналарын қамтыған сауалнаманы аяқтады. Сауалнама «Үміт көре бастадық ба?» деп аталады. Зерттеу нәтижелері ата-аналар мен жалпы жүртшылықтың K-12 үлттық стандарттарына кең қолдау көрсеткенін көрсетті; Ата-аналардың жартысынан көбі (52%) қазіргі уақытта баласының мектепте алған математика және жаратылыстану білімін «жақсы» деп бағалады (Қоғамдық күн тәртібі 2010).

Сауалнаманың нәтижелері де STEM-білім беруді жетілдірудің бір тәсілі ретінде көпшілік үлттық оқу жоспарын қолдайтынын көрсетеді: Американдықтардың оннан сегізі математика бойынша үлттық оқу бағдарламасын құру STEM-білім беруді жетілдіреді дейді, жартысынан көбі (53%) оны біршама жетілдіреді дейді. Бұған қоса, 78% ғылымдағы үлттық оқу бағдарламалары туралы да соны айтады, 48% бұл STEM-беруді едәуір жақсартады деді. (Технологиялар мен инженерлік оқу бағдарламаларына жауаптың жоқтығына назар аударыңыз.)

Сауалнамаға қатысқан көптеген ата-аналар, сонымен бірге, жергілікті мектептер заманауи және жабдықталған ғылыми зертханаларға (70%), тәжірибе жүзінде оқуға арналған құрал-жабдықтарға (69%) және студенттерге компьютерлік және технологиялық дағдыларды үйретуге көмектесетін құрал-жабдықтарға (68%) көбірек көп қаражат жұмысағанын қалайды. 6-12 сыныптардағы балалары бар ата-аналардың көпшілігі балаларының мектебінде компьютерлік бағдарламалау (65%), негізгі инженерлік қафидалар (52%), статистика және ықтималдық (49%) сияқты STEM тақырыптарына көбірек көніл бөлгісі келетіндерін айтады.

Американдықтардың тек 30%-ы қазіргі экономикада жаратылыстануға және математикаға бағытталған жұмыс орындарына сұранысты көреді, ал 84%-ы болашақта математика және жаратылыстану дағдыларын қажет ететін жұмыс орындарының көп болатындығымен келіседі. Сондай-ақ он американдақтың тоғызы математика мен жаратылыстануды тереңдетіп оқу STEM мансабына ұмтылмайтын студенттер үшін де пайдалы дейді. Сонымен қатар, қоғамның 88%-ы математика және жаратылыстану дағдылары дамыған студенттердің колледж мүмкіндіктеріне қатысты артықшылығы болатындығымен келіседі.

Сауалнаманы қарau кезінде экономика мен жұмыс орындары мектептер мен STEM-ге, әсіресе жаратылыстану мен математикаға байланысты екені анықталды.

### STEM білімі дәрігерлердің, ғалымдардың, бағдарламалық жасақтама жасаушылардың және инженерлердің келесі буынын қалай шабыттандыра алады?

Майкрософт корпорациясы K-12 студенттерінің ата-аналарыны үлттық сауалнама жүргізуі талап етті. Харрис Интерактив «STEM-ді қабылдау: студенттер мен ата-аналарды зерттеу» атты сауалнама жүргізді (Харрис 2011). Сауалнама PCAST есебінде көрсетілген, онда студенттерді STEM пәндері бойынша орта білімнен кейінгі білім алуға қалай жақсы дайындауға және шабыттандыруға болатындығы туралы түсінік пайда болды.

Ата-аналар ұсынған үш маңызды түсінік төмендегідей болды:

1. К-12 студенттерінің ата-аналарының көпшілігі (93%) АҚШ-та STEM білім беру басымдыққа ие болуы керек деп санайды; бірақ тек жартысына жуығы (49%) STEM-білім беру қазіргі таңда бұл ел үшін басымдық болып табылатынына келіседі.
2. STEM басымдығы болуы керек деп мәлімдеген ата-аналар АҚШ-тың әлемдік нарықта бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету (53%) және келесі буын инноваторларын (51%) шығару қажеттілігін негіздейді.
3. Ата-аналардың жартысы (50%) өз балаларының STEM мансабын қуғанын қалады, бірақ олардың аз бөлігі (24%) ғана балаларына математика және жаратылыстану бойынша көмектесуге қосымша қаражат жұмсауға дайын. (Харрис Интерактив 2011)

Бұл зерттеу STEM-ді анықтамады, сондықтан көптеген респонденттердің STEM білімі туралы көзқарастары әр түрлі және ғылымға негізделген болды.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Сұрақтар әр түрлі болды. Мемлекеттік хатшы Дунканның тұжырымынан бастап, бизнес қоғамдастық үшін «Білім экономикасы үшін не қажет?» деген сұрақ туындағы. Бұл сұраққа жауаптар әр түрлі болды: жаһандық бәсекеге қабілеттілікті қолдау, жұмыс күшін қолдау, экономикалық болашағымызды жарықтандыру және Американың болашағын қамтамасыз ету. Баяндамалардағы жұмыс орны мен экономика тақырыбы таңқаларлық емес еді, сондықтан «Алдағы дауылдан шығу» баяндамасы (NRC 2007a) Ұлы депрессиядан кейінгі ең ауыр экономикалық кезеңдерді белгіледі.

Ғалымдар, инженерлер және мектеп әкімшілері STEM-білім беруді түсінде бермейді. Тіпті кейбір мектептерінде STEM бағдарламалары бар әкімшілер акронимнің мағынасын түсіне бермейді. STEM-білім беруге қатысты түсініксіздік ойдың арасында көптеген мектептер, мұғалімдер, оқу жоспарлары және STEM кәсіби өзірлемелері туралы ұсыныстар да бар.

STEM-білім берудің әр түрлі перспективаларын зерттеу қажет. Акронимді анықтайтын бір мағына ғана бар деп ойламаймын. Қазірдің өзінде бірнеше мағына бар. Жаңа STEM бағдарламасына бастамашылық етіп отырған немесе қолданыстағы бағдарламаны жетілдіріп жүрген оқытушылардың нұсқаларын анықтай тұсу - ең орынды тәсіл болуы мүмкін.

Мен бір маңызды байқаумен қорытындылаймын: Баяндамалардың көпшілігі жаратылыстану мен математикаға бағытталған және технологиялар мен инженерияға аз назар аударады немесе мүлдем мойындаиды.

## ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

1. Егер STEM-білім беру - жауап болса, онда сіз сұрақты қалай қоюшы едіңіз?
2. STEM-ді әр түрлі топтардың қолдануын қалай түсіндіресіз?
3. STEM бағдарламасына арналған көптеген есептердің рөлі қандай?
4. Жалпы алғанда, баяндамаларда ғылым мен математика бойынша ұсыныстар жасалды. Технология мен инженерия қамтуға орынды ма еді? Олай болса, қалай және неге?

# 6 ТАРАУ

## ЕГЕР STEM-БІЛІМ БЕРУ МУМКІНДІК БОЛСА, ФЕДЕРАЛДЫ ҮКІМЕТТІҢ ОРНЫ ҚАНДАЙ?

2009 жылғы желтоқсанда мен Президенттің ғылым және технологиялар жөніндегі кеңесшілер кеңесінің (PCAST-President's Council of Advisors on Science and Technology) жоспарлау отырысына қатыстым. Кездесудің мақсаты жаратылыстану, технология, инженерия және математика (STEM) біліміне федералды инвестициялар туралы PCAST есебінің күн тәртібін қалыптастыру болды. Бұл есеп «Дайында және шабыттандыр: K-12 жаратылыстану, технология, инженерия және математика (STEM) білімі Американың болашағы үшін» ретінде жарияланды (PCAST 2010). Есеп 5-тарауда жинақталған (43 бет). Бұрынғы жұмыс федералды рөлге байланысты болса да, 2009 жылғы желтоқсандағы кездесуге дайындық STEM-білім беру әсіресе ұлттық саясат жасаушылар үшін тақырып ретінде менің қызығушылығымды арттырды.

Бұл тарауда, алдымен, федералды агенттіктерге STEM-нің бес жылдық стратегиялық жоспарын дайындауға арналған 2010 ж. міндеті сипатталған. Содан кейін мен өзімнің басым жоспарларымды ұсынамын. Осы кеңестерден кейін STEM-білім беруді жетілдірудегі федералдық рөл туралы жалпы талқылау болады.

## STEM-БІЛІМ БЕРУДІ ФЕДЕРАЛДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЫ

Бұл пікірталас Конгресстен Ғылым және технологиялық саясат басқармасына (OSTP-Office of Science and Technology Policy) берілген мандатқа негізделеді. Мандат:

STEM-білім беру жөніндегі Ұлттық ғылыми-техникалық кеңес (комитетке кіретін агенттіктердің тізімі төменде келтірілген) Ғылым және технологиялар саясаты басқармасында (OSTP) Америкалық COMPETES (Технология, білім және ғылым саласындағы озық тәжірибелі мағыналы түрде алға жылжытуға мүмкіндіктер жасау) заңына сәйкес 2012 ж. басына дейін бес жылдық федералды жаратылыстану, технология, инженерия және математика (STEM) бойынша білім берудің стратегиялық жоспарын әзірлеуі қажет. Жоспар ресми (мектеп қабырғасындағы) және бейресми (мектеп қабырғасынан тыс) STEM-білім беруге барлық федералды инвестицияларды бағыттайды. (OSTP 2011)

Ұлттық ғылыми-техникалық кеңес (NSTC) - бұл әр түрлі департаменттер мен агенттіктерден тұратын ішкі үкіметтік топ. Президенттің ғылым және технологиялар жөніндегі кеңесшілер кеңесі (PCAST) үкіметтен тыс мүшелерден 66 тұрады. NSTC және PCAST екеуі де Ғылым және технологиялар саясаты

басқармасына (OSTP) кеңес береді. STEM білім беру комитетіндегі агенттіктер 6.1 суретте көрсетілген (54 бет).

#### 6.1-сурет: STEM білім беру комитетіндегі федералды агенттіктер

Ғылым және технологиялар саясаты басқармасы (OSTP) (тең төрағасы)  
 Ұлттық стандарттар және технологиялар институты (NIST) (тең төрағасы)  
 Ұлттық ғылыми қор (NSF) (тең төрағасы)  
 Ауылшаруашылық департаменті  
 Сауда департаменті  
 Қорғаныс департаменті  
 Энергетика департаменті  
 Білім департаменті  
 Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру департаменті  
 Көлік департаменті  
 Қоршаған ортаны қорғау агенттігі  
 Ұлттық аэронавтика және ғарыш әкімшілігі (NASA)

### STEM бастамаларын түгендеу

Стратегиялық жоспарға федералды агенттіктердің STEM-білім беруге салған инвестицияларын зерттеу және тізімдеу кіреді. Атап айтқанда, OSTP STEM-білім беруге барлық федералды инвестицияларды тізімдеп, агенттік бағдарламалардағы қайталану, қабаттасу және бөліну мөлшерін талдайтын ведомствоаралық комиссия құрды. Түгендеу 2011 жылдың сонында аяқталды және 2012 жылдың басында «STEM федералды білім беру стратегиясының 5 жылдық жоспарының сипаттамасы: Конгреске есеп беру» баянадмасында шығарылды (OSTP 2011). Бұл тізімдеу агенттіктердің қызметін, бағдарламаларын және инвестицияларын ұйымдастыруды өте егжей-тегжейлі болды. Менің ойымша, бір тұжырым өте маңызды болды. Бұл тұжырым инвестициялардың тым көп немесе тым аз екендігі немесе тым көп қабаттасулар мен артық пайда болғандықтар туралы мәселелерді талқыламады. Керісінше, басты мәселе федералды долларларды ұлттық басымдықты бағыттарға айтарлықтай әсер ету үшін стратегиялық бағдарлауда болды (OSTP 2011). Түгендеудің нақты нәтижелерінің қысқаша мазмұны:

- Федералды агенттіктер STEM біліміне 252 нақты инвестициялар жасайды.
- Бюджеттік инвестициялардың жалпы көлемі - 3,4 млрд.
- STEM оқытуға жұмсалған 3,4 миллиард доллардың 967 миллион доллары (28%) ғылыми миссия агенттіктерінің нақты жұмыс күшіне бағытталған.
- STEM-ді кеңірек оқытуға 2,5 млрд. доллар (72%) жұмсалады. Ұлттық ғылыми қордың (NSF) және Білім департаментінің шығындары

(сәйкесінше 1,2 миллиард доллар және 1 миллиард доллар) STEM-нің кең білімін қолдауда басым.

- STEM-де аз көрсетілген топтарға бағытталған \$ 1,1 млрд. қаржы
- 312 миллион АҚШ доллары көлеміндегі инвестиция (24 инвестицияға таралған) негізінен мұғалімдердің біліктілігін арттыру арқылы мұғалімдердің тиімділігін арттыруға бағытталған даму. (OSTP 2011)

Бұл инвестициялар айтартлықтай ақша сияқты болып көрінгенімен, жалпы перспектива көмектесе алады. STEM біліміне федералды инвестициялар (яғни, \$ 3,4 млрд) АҚШ-та жыл сайын білім алуға жұмсалған \$ 1,1 трлн-дан 1% -дан аз.

Мен федералды қорларды стратегиялық шоғырландырудың негізгі мәселесіне ораламын, сондықтан олар үлттық басымдықтарға барынша әсер етеді. Федералды агенттіктер үйлесімді, келісілген және бағдарланған қысқа мерзімді және ұзак мерзімді кірістерге (яғни бес жыл және онжылдықтар) жоғары құндылығы бар бастамаларды дамыта алатын болса, және үлттық басымдықтарға (яғни, азаматтардың STEM сауаттылығына, жұмыс күшінің дағдылары мен қабілеттеріне және STEM мансаптарына) назар аударса, бұл жұмыстың келешегі бар.

Соңғы және өте маңыздысы, бюджеттің шектеулі дәуірінде, жылына 3,4 млрд доллар шығын STEM білімін жетілдірудің стратегиялық басымдықтарын шешу жолымен қайта бағдарланған және үйлестірілген. Менің ойымша, бұл оңай бола ма? Жоқ. Бірақ бұл мүмкін, және бұл менің STEM-білім беру саласындағы үлттық міндеттерді шешуге тырысуымның себебі. Мүмкін болса да, мен бұлай болу ықтималдығы өте аз екенін мойындауым керек.

## **Ұзак мерзімді стратегиялық жоспар**

Шынымды айтсам, мені ұзак мерзімді стратегиялық жоспар қызықтырады. Сауалнама мен жоспардың арасындағы айырмашылық тізімдеудің деру және нақты нәтижелері мен STEM-білім беруді жетілдіру әлеуеті арасындағы айырмашылық болып табылады.

Стратегиялық жоспар жоспардың мақсаттары мен міндеттерін қамтуы керек екені түсінікті. Сауалнаманың осы аспектісінің маңызды бөлігі STEM-білім беру осы стратегиялық жоспар үшін нені білдіретінін түсіндіру болуы керек. Кіріспеде келтірілген STEM сауаттылығының мақсатынан бастау жөн болар. Екіншіден, жоспарда STEM бағдарламаларын жобалау критерийлері сипатталуы керек, яғни мемлекет, мектептер мен мұғалімдерге не қажет. STEM бағдарламаларын құру үшін негіз ретінде қандай зерттеулерді қолдану керек? Үшіншіден, жоспар әр түрлі STEM бағдарламаларын өзірлеу мен іске асыруды толықтыратын бағалауды зерттеуді қосуды талап етеді. Төртіншіден, стратегиялық жоспар басымдықтардың қысқаша тізімін қамтуы керек, мысалы, федералды мемлекеттік органдар орындағы алатын 3-5 бастама. Бұл бастамалардың алға қойылған мақсаттарға қатысты өзгеру әлеуеті өте жоғары болуы керек. Қорытындылай келе, жоспарда кім, не, қашан және қайда, алғашқы күш-жігерден бастап түпкілікті жүзеге асырылатынға дейін анықталуы керек.

Бұл тізім міндетті түрде терең немесе мағыналы емес. Керісінше, бұл негізгі, практикалық және ақылға қонымды. Бұдан әрі бағыттар мен басымдықтарды негіздеу талқыланады. Мен одан әрі негізdemeler мен ұсыныстардың кейбір егжей-тегжейін қамтитын келесі талқылауды ұсынамын.

Мен жоспардың үш мақсатынан бастаймын. Стратегиялық жоспар STEM-білім беруді үлесін келесі мәселелерге қосу мақсатында жетілдіруі керек

- STEM сауатты қофам,
- XXI ғасырдағы терең техникалық жұмыс күші, және
- алдыңғы қатарлы ғылыми-зерттеу және жұмыс күштері.

K-12 біліміне қатысты, осы үш мақсат кез-келген стратегиялық жоспарға бағытталуы керек, үлттық, мемлекеттік немесе жергілікті деңгейлердің бірінде болсын. Бірінші және екінші мақсаттар болашақ азаматтардың және жұмыс күшінің мүшелері ретінде барлық студенттерге қатысты. Үшінші мақсат STEM-мен байланысты мансапты жалғастыру арқылы білімін жалғастыратын студенттерге қатысты.

## **Стратегиялық жоспарда стратегиялық болу**

Шынында, STEM-білім беру көптеген анықтамаларды, болжамдар мен бағдарларды ұсынады. Жеке адамдарға, топқа немесе агенттікке байланысты STEM-білім беру колледжге дейінгі немесе колледж деңгейлеріне, ресми немесе бейресми мәннәтінге, дәстүрлі пәндер немесе кіріктірілген оқу жоспарына, көпшіліктің түсінігі немесе күн тәртібіне немесе басқа да сілтемелерге қатысты айтылуы мүмкін. Анықтама бойынша, стратегиялық жоспар алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуде тиімді болатын салалар үшін басымдықтарды анықтайды - бұл жағдайда STEM сауаттылығының жоғары деңгейлері, техникалық мүмкіндіктері және ғалымдардың, инженерлер мен математиктердің күшейтілген қауымдастыры. Бір тәсіл жеткілікті жоспарды қамтамасыз етпейтіні анық STEM-білім берудің кез келген стратегиялық жоспары STEM-білім берудің бірнеше компоненттерін қарастыруы керек.

Бұл экожүйенің метафорасын қолдануға көмектеседі. Естеріңізге сала кетейік, экожүйе - бұл бір-бірімен және физикалық (яғни, абиотикалық немесе тірі емес) қоршаған ортамен әрекеттесетін әр түрлі түрлердің қауымдастыры. Экожүйенің мәлшері әр түрлі болуы мүмкін (мысалы, зерттеу бірлігіне байланысты тоған немесе орман). Экожүйенің параметрлерін нақты шекаралармен, компоненттермен және ресурстармен зерттеу арқылы анықтауға болады. Шындығында, экожүйелер бір-бірінен ерекшеленбейді. STEM-білім беруде экожүйелердің метафорасын қолдану, мысалы, штаттар, мектеп аудандары немесе мектептер болуы мүмкін. Бір-бірімен байланысты және өзара әрекеттесетін тірі (мысалы, мұғалімдер, студенттер) және тірі емес (мысалы, оқу материалдары, аппараттық құрал, бағдарламалық жасақтама) ерекшеліктері қандай? Өзара әрекеттесудің бағыттары немесе параметрлері қандай (мысалы, үлттық, мемлекеттік, мектеп аудандары)? Жүйеге енетін материалдық және ақпараттық ресурстар қандай? Жүйенің денсаулығы, өміршешендігі, тұрақтылығы немесе құлдырауы қандай көрсеткіштерге ие?

STEM білім берудің кешенді экологиясында ресурстарды тәжірибелің нұсқаулық негізіне бағыттауды ұсынамын. Мен бұл идеяны «Жаратылыстану ғылымдарын оқыту: XXI ші ғасыр перспективалары» (Байби 2010) мақаласында талқыладым. Нұсқаулық ядро идеясы Ричард Элмордың (2009) жұмысынан бейімделген. Нұсқаулық негізі студенттерге оқытылатын мазмұн мен құзыреттерден тұрады: үлттық және мемлекеттік стандарттар мен мұғалімдердің білімі мен дағдылары туралы ойланыңыз; мұғалімдердің білімі мен кәсіби біліктілігі және студенттердің белсенді үйренуі туралы ойланыңыз.<sup>69</sup>, оқу жоспары мен нұсқаулар туралы ойланыңыз.

Сонымен, стратегиялық болу үшін жоспар жоғарыда аталған мақсаттарға қатысты студенттерді тарту және оқытуды жақсарту, мұғалімдерді оқуды жақсарту үшін қажетті білім мен дағдылармен қамтамасыз ету, STEM-білім беру мақсаттарына сәйкес мазмұны мен құзыреттіліктерін ескеру керек. Менің стратегиялық жоспар бойынша ұсыныстарым осы талқылаудан туындайды.

## **ФЕДЕРАЛДЫҚ БЕСЖЫЛДЫҚ STEM-БІЛІМ БЕРУ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЫНА ҰСЫНЫСТАР**

Федералды стратегиялық жоспарды ұсынуға ұсынылатын бес бастама. Бұл басымдықтар K-12 сыныптарында АҚШ-тың STEM білімін жетілдіруге бағытталған кең көріністер ұсынады. Бастамалар қысқаша нақтыланады. Мәселелер мен қажеттіліктерді қарастырудың орнына, мен басымдықтардың кейбір маңызды белгілерін сипаттаймын. Кейінгі бөлімдерде ұсыныстардың ежей-тегжейлері келтірілген.

### **1-басымдық: STEM-білім беруге арналған жаңа жобалар мен құралдарды әзірлеу.**

Осы оқу материалдарын жобалауға мыналар кіреді: (1) Математиканың негізгі стандарттарымен, Келесі буын ғылыми стандарттарымен және Технологиялық сауаттылық стандарттарымен сәйкес қолдану; (2) көлденен (яғни сынып деңгейлерінде) және тік (яғни K-12 бағдарламалары) артикуляциялық жүйені қамтамасыз ету; 3) студенттердің қалай үйренетіні туралы қазіргі заманғы зерттеулерді енгізу; (4) материалдарды халықаралық, ұлттық және мемлекеттік стандарттар мен бағалаудың негізгі тақырыптарымен сәйкестендіру; (5) ғылыми тәжірибелерді, технологиялық және инженерлік жобалауды, математикалық тәжірибелерді бағдарламалардың ерекшелігі ретінде атап өту; (6) STEM пәндерін кіркітіру үшін негізгі жеке және әлеуметтік контексттерді пайдалану; және (7) XXI ғасыр дағдыларын дамытуға ықпал ету.

Жаңа оқу материалдарының жобалары мен құралдары әр сынып деңгейіне арналған (мысалы, бастауыш мектеп) бірнеше бағдарлама кіруі керек, білім беру технологияларын қолдану арқылы кірістіру қажет (электрондық кітаптар, ойындар, модельдер), және барлық студенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыру керек (мысалы, колледж және мансап).

NSF бұл бастаманы қолға алуы керек, өйткені оның мұндай бағдарламалармен жұмысының 50 жылдан астам тарихы бар. Нұсқаулықтарға арналған жобалық-техникалық сипаттамалары бар федералдық агенттіктердің жұмысы әр түрлі тақырыптарға, сынып деңгейіне және басқа салаларға назар аудара алады. Оқу қондырығылары үшін, Кесте 6.1 (58 бет) федералдық агенттіктердің мысалдары мен оқу бөлімдерінің мүмкін тақырыптарын ұсынады. Кестеде АҚШ Білім департаментінің жоқтығына назар аударыныз; бұл оқу материалдарын әзірлеуді шектеуге байланысты және менің АҚШ-тың Білім департаменті осы оқу материалдары негізінде мұғалімдердің біліктілігін арттыруды шешуші рөл атқарады деген ұсынысыммен байланысты.

Бөлімдердің дамуы мен таралуы Ұлттық денсаулық сақтау институттарының (NIH), Жаратылыстану білім беру кеңесінің жұмысынан кейін жобалана алады. Доктор Брюс Фукстің жетекшілігімен NIH Жаратылыстану<sup>70</sup> білім беру бөлімі NIH институттары анықтаған және Биологиялық ғылымдар бойынша оқу бағдарламаларында (BSCS) және Білім беруді дамыту (EDC)

орталығында кәсіби оқу бағдарламалары бойынша құрылған түрлі тақырыптар бойынша бөлімшелерді үйлестірді.

## **2-басымдық: STEM мұғалімдерінің біліктілігін арттыруды қолдау.**

Осы мақсатқа жету үшін бірнеше нақты әрекеттер ұсынылады:

1. Мұғалімдердің мазмұны мен педагогикалық білімі мен дағдыларын қалыптастыруға назар аудару үшін оқу жылы ішінде алты күннен кем емес жазғы институттар құру.
2. Қатысқан барлық мұғалімдерді қолдау үшін онлайн қауымдастықтар құру. Бұл кәсіби даму бағдарламалары шоғырланған және үздіксіз болуы керек; білім мазмұны болуы керек; мазмұнына көніл бөлінуі керек; мемлекет, аудан немесе мектеп ішінде білім беру қауымдастырын құру.

### **6.1-кесте. Федералды агенттіктер және жоба нұсқаулық материалдары үшін мүмкін тақырыптар**

Департамент	Нұсқаулық блок тақырыбы
Ауыл шаруашылығы департаменті	XXI ғасыр жасыл революциясы
Сауда департаменті	Қоршаған ортаның сапасын сақтауға немесе қалпына келтіруге көмектесетін жұмыс орындары мен мансаптары
Қорғаныс департаменті	Техникалық жүйелер
Энергетика департаменті	Энергия тиімділігі
Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру департаменті	Денсаулық
Ішкі істер департаменті	Ресурсты пайдалану
Көлік департаменті	Автомобильдердің отын тиімділігі
Қоршаған ортаны қорғау агенттігі (EPA)	Қоршаған орта сапасы
Ұлттық аэронавтика және ғарыш әкімшілігі (NASA)	Ғарыштағы шекараларды зерттеу
Мұхит және атмосфераның ұлттық әкімшілігі (NOAA)	Климаттық өзгеріс

Осы өлшемшарттарға сәйкес болу үшін біліктілікті арттыру бағдарламалары оқыту мен оқуға нақты негіз қалауға жеткілікті уақыт беруі керек. Онымен қоса, бағдарлама бір жыл бойына созылуы керек және оку жоспарларын, сабактар мен бағалауды жақсарту бойынша үздіксіз жұмыстарды қамтуы керек. Бағдарламаларға арналған білім беру мазмұны оку жоспарының жобаларын қамтуы мүмкін, яғни мұғалімдер үшін тікелей және мақсатты мәні бар мазмұн мен педагогиканы. Жаратылыстану, технология, инженерия және математиканың негізгі тұжырымдамалары мен тәжірибелері бағдарламалардың басты назарында болуы керек. Қорытындылай келе, бағдарламалар оқытуды талдайтын, сабакты оқумен айналысадын, мазмұнын қарастыратын және оку материалдарын орындау бойынша жұмыс жасайтын мұғалімдердің құрамымен кәсіби білім беру қоғамдастырын құруды талап етеді.

Математика және жаратылыстану серіктестігі (MSP-Mathematics and Science Partnerships) тарихы болғандықтан және бұл қаражатты STEM серіктестіктеріне қайта бағыттау мүмкін еместігінен, бұл бастаманы Білім Департаменті қолға алуы керек.

Институттардың бастапқы жұмысы және біліктілікті арттыру жобалық оку бөлімдеріне шоғырлануы керек, өйткені бұл STEM білім беру реформасының негізін құрайтын инновациялардың нақты мысалдары бола алады. Мен штаттар үшін ортақ стандарттар; оқыту туралы зерттеулер; жаратылыстану, технологияға, инженерлік және математикалық тәжірибеле баса назар аудару; және XXI ғасырдағы жұмыс күшінің дағдылары сияқты инновацияларға жүгінемін.

### **3-басымдық: STEM оқытушыларын мемлекеттік аттестаттау мен аккредиттеуді заманауи ұлттық басымдықтармен теңестіру.**

Бұл ұсыным мұғалімдерді сертификаттаудың критикалық тетіктерін пайдаланып, бакалавриаттағы мұғалімдердің білім беру бағдарламаларын реформалауға мүмкіндік береді. STEM-білім беруді жақсарту туралы талқылау мұғалімдердің білімін өзгерту қажеттілігін мойындау керектігін де назарға алады. Бұған мемлекеттердің сертификациясы мен ұлттық аккредитациядағы өзгерістер кіреді (мысалы, Мұғалімдердің білімін аккредиттеу кеңесі [TEAC]). Сонымен қатар, болашақ STEM оқытушыларын дайындаудың колледждер мен университеттерге федералдық қолдау көрсету реформасының маңызды үлесі болады. Бұл ұсыныс үшін мен испан, афроамерикалық және жергілікті американцы студенттер көп тұратын колледждер мен университеттерге STEM оқытушыларының алуан түрлі тобын жалдауға және дайындауға мүмкіндік беретін арнайы қолдауды қосар едім.

Федералды үкіметтің қолдауымен бұл бастама Мемлекеттік мектеп басшыларының кеңесі (CCSSO-Council of Chief State School Officers), Оқытушыларды даярлауды аккредиттеу жөніндегі кеңес (CAEP-Council for Accreditation of Educator Preparation) сияқты ұйымдармен және штат басшыларын жүйелі түрде шақырып отыратын АҚШ-тың Жетістік және Білім беру комиссиясы сияқты ұйымдармен (ECS-Education Commission of the States) бірлікте жұмыс істеуі керек.

### **4-басымдық: STEM-білім беруді үнемі жетілдіруге арналған<sup>72</sup> аудандық деңгейдегі әлеуетті қалыптастыру.**

Осы басымдылыққа қажет нақты әрекеттер мыналарды қамтиды:

- оқу бағдарламаларын реформалауға жауап беретін көшбасшылар тобын құру;
- оқу жылы бойында жазғы бағдарламалар мен техникалық көмек көрсету;
- жаңа оқу материалдарын таңдау сияқты сынни тұтқаларға назар аудару; және
- аудан уақыт өте келе тұрақты бол қалатындаи инфрақұрылым құратындаи бағдарламаларды жобалау.

Бұл басымдық оқу жоспарын реформалау, кәсіби даму және саясатты теңестіру арқылы қол жеткізілген бастапқы нәтижелерді қолдау мақсатында 1, 2 және 3 басымдықтармен байланысты. Бастапқыда федералды шығындар жоғары болуы мүмкін, дегенмен, аудан деңгейіндегі әлеуетті арттыру арқылы ұзақ мерзімді перспективада азайтылған қолдауды болжауға болады.

Бұл бастама 2-басымдықта сипатталған STEM серіктестік бағдарламасының бөлігі болуы мүмкін. Білім департаменті бағдарламаны жеңілдетуі мүмкін, бірақ қаржыландыру және үйлестіру мемлекеттік деңгейде жүзеге асырылуы мүмкін.

## **5-басымдық: STEM-білім берудің не еkenін және оның балаларға және үлтқа қандай пайдасы болатынын халыққа түсіндіру.**

Спутник дәуіріндегі үлкен түсініктердің бірі - үлттық көшбасшылар реформаның не еkenін және оның маңыздылығы туралы нақты және дәйекті түсіндірулер бергені. Сонымен қатар, жаратылыстану пәні мұғалімдерін қолдау және реформаларға деген үлттық ынталар жалғасуда. Мысалы, «Мен жаратылыстануды сұраныс ретінде оқытамын» немесе «Біз BSCS бағдарламалары үшін жаратылыстану мұғалімдерін дайындаймыз» сияқты хабарландырулар осы елдің барлық мектептері мен колledgeлерінде айтылды.

Стратегиялық жоспардың осы бөлігіне басшылық Ақ үйден келуі керек және президент пен Президенттің ғылым және технологиялар басқармасы (OSTP) және федералды агенттіктер мен STEM білім беру комитеттері мен коалицияларының жетекшілері жеткізуі керек.

Бұл - Спутник дәуірінен бері түсініксіз болып келген бағасы арзан, құндылығы жоғары бастама. Эскери емес үлттық миссияның маңыздылығы мен болашаққа деген он ұмтылыс американдық қоғамдастық үшін баға жетпес болуы мүмкін. Сонымен қатар, STEM білімі деңсаулық, қоршаған ортаның сапасы, ресурстарды пайдалану және энергия тиімділігі сияқты тақырыптар арқылы қоғамға айқын және тікелей байланыс жасай алады.

Бұл ұсыныстар бірнеше маңызды ерекшеліктерге ие. Біріншіден, олар жедел және ұзақ мерзімді үлттық проблемаларды шешудің маңызды мәселелеріне назар аударады. Екіншіден, федералды үкіметтің тікелей салдары негіzsіз мандаттарға қатысты қаржылық қолдауды; ынтымақтастық туралы өтініштерді; мемлекеттік және жергілікті басқару органдарына жалпы ұсыныстарды; бизнесті, өндірісті немесе жеке қорларды қолдау туралы өтініштерді қамтиды. Үшіншіден, басымдықтар қатарына АҚШ-тың білім департаменті, Үлттық ғылыми қор (NSF), Үлттық деңсаулық сақтау институттары (NIH) және басқа да мемлекеттік органдардың әрекеттері жатады. Төртіншіден,

мүмкін болса, бастамалар «Студенттер қалай үйренеді: Сынып бөлмесіндегі жаратылыстану» (Донован және Брэнсфорд 2005), Американың зертханалық есебі, (NRC 2006) және Ғылымды мектепке әкелу (NRC 2007b) сияқты қазіргі зерттеулерге негізделуі керек. Ақырында, федералды стратегияны әзірлеу және іске асыру үшін жауапкершілік осы басымдықтарды қофамдық тұрғыдан қолдауы мүмкін. Барлық азаматтар үшін STEM сауаттылығының жоғары деңгейіне жету, технологиялық сауатты жұмыс қүшін дамыту, ғалымдар мен инженерлерді, әсіресе аз өкілдік етілген топтар арасынан жұмысқа қабылдау және даярлау елдің мұддесі.

## **STEM-білім беруді жетілдіруге және федералды рөлге қатысты кейбір көріністер**

Федералды үкімет жыл сайын білім беру бастамаларына жыл сайын 3,4 миллиард доллар жұмсайды, олардың көпшілігі жаңа ғана ұсынылған бес ұсыныста келтірілген өзгерістер болып табылады.

Ұсыныстарға STEM басымдықтарын қаржыландыруды табыстың маңызды көрсеткіші - оқушылардың жетістіктері туралы айтқанда маңызды болып табылатын салаларға жақын себептер негізделеді. Ең маңыздысы не? Жалпыға бірдей стандарттар, білікті мұғалімдер, келісілген оқу жоспарлары және бағалау стандарттар мен оқу бағдарламаларының сәйкестігі.

Қазіргі таңда STEM пәндерін қамтитын жалпы стандарттарды әзірлеу американцы STEM-білім берудің үлкен мүмкіндіктерін ұсынады. Бұл, әсіресе, көптеген мемлекеттердің бағалауды әзірлеуді қамтыған кездегі жағдайға қатысты. Бұл мүмкіндікті мұғалімдерге қажет құралдармен - оқу материалдары мен мазмұндылық пен педагогикаға бағытталған кәсіби дамуға арналған үлгілер мен құрал-жабдықтармен бөлісу, меніңше, айқын көрініп тұр.

Келесі буын ғылыминың стандарттары мұғалімдердің стандарттарға үйретуге көмектесетін оқу материалдары туралы сұраныстарын ескереді: ол мемлекеттік стандарттар мен бағалаудың шынымен сәйкес келетіндігіне кепілдік береді. Математика мен Кейінгі буын ғылыминың жалпы стандарттарын орналастыруға арналған оқу материалдарының модельдері жоқ, тек кейбір ұйымдардың үлгілі модельдер мен құралдарды құруға мүмкіндігі бар. Федералды үкімет STEM мұғалімдеріне олардың жұмысын орындауға көмектесу үшін материалдар сұратуларына жауап беретін бөлімшелер сериясын құруды бастайтын агенттіктер арасындағы әрекеттерді үйлестіре алады. Мұндай күш STEM бағдарламаларына сәйкес келеді және әр түрлі федералды агенттіктердің басымдықтарын ұсынады. Олар ұлттық оқу бағдарламасын ұсынбайды. Қазіргі уақытта федералды агенттіктердің оқу материалдарына жұмсайтын едәуір шығындары STEM-білім берудің жаңа буынын көрсететін түрлі модельдерді жасауға, әзірлеуге және іске асыруға бағытталуы мүмкін.

Екінші ұсыныс біріншісінен туындаиды: STEM мұғалімдерінің сыныптарында және мұғалімдердің білім беру бағдарламаларында кәсіби өсуіне негіз ретінде үлгілі оқу құралдарын қолданыңыз. Тағы да, федералды агенттіктер STEM білімін қолдау үшін үйлестірілуі мүмкін әр түрлі шеберханаларды, серіктестіктерді және институттарды қолдайды, ал жоғарыда аталған оқу бөлімдері STEM мазмұнын және тиімді педагогиканы жаңарту үшін негіз бола алады, олардың оқу туралы түсінігін арттырады, және оқу жоспары мен нұсқауларды бағалауға сәйкестендіреді.

Егер STEM реформасы сәтті болса, ол жаңа стандарттардан, мұғалімдерден және жаңартылған материалдардан көнектілуі керек. Тұрақты реформаның әлеуетін қалыптастыру мектеп, аудандық және мемлекеттік әкімшіліктердің қатысуын және мұғалімдердің аттестациясын, мектеп бітіру талаптарын және мемлекеттік бағалауды үйлестіруді талап етеді. Федералды үкімет осы деңгейлердегі жұмысты женілдетеді және білім беру жүйесінің үлкен инфрақұрылымында әлеуетті арттыруға көмектеседі.

Сонымен, STEM пәндерін; олардың тәжірибелерін; немесе олардың инновацияға, экономикалық дамуға және ұлттық прогресске қатынасын көпшілік түсіне бермейді. Өкінішке орай, бұл түсініктің жетіспеушілігі білім беру жүйесіндегі көптеген мәселелерді қамтиды. STEM білімін ілгерілетудің себептері STEM білімін жетілдіруге қызығушылық танытқандар үшін айқын және міндетті болып табылады; қазір себептерді саясаткерлерге, мектеп қызметкерлеріне және STEM мұғалімдеріне түсіндіретін уақыт келді. STEM білімін ілгерілету жаңа ұлттық ұмтылыстарды қалыптастыруға және STEM сауатты азаматтардың жаңа үрпағын тәрбиелеуге, XXI ғасырдағы жұмыс күшін дайындауға және АҚШ-тың ғылыми-зерттеу әлеуетін құзыретті ғалымдар, технологтар, инженерлер және математиктермен әр түрлі деңгейде ұстап тұруға көмектесетінін халыққа түсіндіруге деген бірдей айқын және сенімді қажеттілік бар.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл тарауда STEM білім беру мен STEM білім беруді жетілдірудегі федералды рөлі қарастырылған. Атап айтқанда, тарауда STEM білім берудің міндетті бесжылдық стратегиялық жоспарына жауап ретінде қарастыруға болатын бес басымдық сипатталған. Менің ұсынған басымдықтар мыналар:

1. STEM оқытудың жаңа буын жобалары мен құралдарын жасау.
2. STEM мұғалімдерінің кәсіби дамуын қолдау.
3. STEM оқытушыларын мемлекеттік аттестаттау мен аккредиттеуді сәйкестендіру.
4. STEM білімін үнемі жақсарту үшін аудандық деңгейдегі әлеуетті құру.
5. STEM білімінің не екенін және оның балаларға және ұлтқа қандай пайдасы болатынын халыққа түсіндіру.

## ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

1. STEM білімін жетілдіруде федералды үкіметтің орынды (немесе орынсыз) рөлі қандай деп санайсыз?
2. Сіздің мемлекеттіңізде, ауданыңызда немесе мектебіңізде STEM білімін жетілдірудің бесжылдық стратегиялық жоспарына басымдық ретінде не ұсынар едіңіз?
3. Федералды деңгейде бесжылдық стратегиялық жоспардың жетістігін қалай бағалайсыз? Мемлекеттік деңгейде? Аудандық деңгейде? Мектеп деңгейінде?

# 7 ТАРАУ

## МЕМЛЕКЕТ, АУДАН НЕМЕСЕ МЕКТЕП STEM-БІЛІМ БЕРУДІҢ ҮЙЛЕСІМДІ СТРАТЕГИЯСЫН ҚАЛАЙ ЖАСАЙ АЛАДЫ

Кітаптың 5-тарауында мына мәселені қарастырған болатынбыз: «STEM-білім беру жауап секілді, ал сұрақ қандай еді?». Білім беру саласынадағы анықтамалық материалдар мен соңғы баяндамалар бойынша, жаһандық мәселелер, экономикалық даму, жетілдірілген ғылыми және технологиялық инновациялар STEM-білім беруді үлттық басымдық ретінде қабылдауға өз септігін тигізуде.

Осы тарауда STEM-білім берудің мақсаттарына байланысты қойылған сұрақ айқындалады. Оған берілген жауаптар негізінде STEM-білім беруді жетілдіру үшін стратегияны құру мүмкіндігі пайда болады. Ендеше сұрақтан бастайық Білім берудің

- STEM-сауаттылықты
- ХХI ғасырдың инновациялық экономикасына лайықты жоғары технологиялық жұмыс күшін
- Инновацияға ерекше мән беретін озық зерттеу және талдамалар саласындағы жұмыс күшін дамыту үшін қосатын үлесі қандай?

Аталған мәселені шешу мемлекеттік міндеттердің маңыздысы болып табылады. Әлбетте, бұл сұрақ республикалық, аудандық оку бөлімдерінде, мектептер, ондағы сынып пен мұғалімдерге сәйкесінше түсіндіріліп жеткізілуі тиіс. Мәселенің үш аспектің мына секцияларда қаралады: жаппай STEM-сауаттылық, ХХI ғасырдағы жұмыс күші және озық зерттеу және талдамалар саласында мансапқа жетуді мақсат ететін азаматтар.

## ҚОҒАМНЫҢ STEM-САУАТТЫЛЫҒЫ

Оқытушылар STEM-сауаттылыққа үлесін қалай қоса алады? Бірінші кезекте, STEM-сауаттылық ұғымын дұрыс түсіну қажет. Дәстүрлі түсінік бойынша жеке STEM курстары немесе біріктірілген курстарға мән берген жөн. Дегенмен, ХХI ғасырдағы STEM оқушылардың STEM курсарында алған білімдерін өмірде қолдануларын талап етеді. STEM-білім берудің жеке және қоғамдық перспективалардың контекстілеріне мысалдар 7.1-кестеде (64 бет) келтірілген.

Талқылау барысында STEM-білім берудің әуелгі мақсаттарына тоқталамыз және мына сұраққа жауап береміз: STEM-сауаттылықтың ғылыми, техникалық, инженериялық немесе математикалық сауаттылықтан айырмашылығы неде?

## 7.1-кесте. STEM-білім берудің контекстілері

Жаһандық, мемлекеттік және жергілікті мәселелер	Денсаулық сақтау және аурулардың алдын алу Энергияны тиімді пайдалану Қоршаған орта сапасы Табиғи апаттар Табиғи ресурстарды пайдалану STEM курстары туралы дұрыс түсінік қалыптастыру
Білім беру тақырыбы	STEM-сауатты қоғам
STEM-білім берудің мақсаттарына алға тарту	XXI ғасырдың үлкен мәселелерін тиісті программалар, курстар және дәрістер көмегімен шешу  STEM-ге қатысты мәселелерді шешуде игерілген білім мен дағдыларды қолдану мүмкіндіктерін қамтамасыз ету  Ғылыми, инженериялық, жобалау және математикалық әдістерін қосу

## STEM-сауаттылық үғымына анықтама

Талдауды анықтама беруден бастайық. Менің PISA (Халықаралық оқушылардың сауаттылығын зерттеу бағдарламасы) жобасы шеңберінде жасаған жұмысым STEM-сауаттылыққа берген осы анықтаманың қалыптасуына әсерін тигізді (ЕҚЫҰ 2006; ЕҚЫҰ 2009; Байби және МакКрэй 2009 қараныз). STEM-сауаттылық ұсынылған анықтама 7.1-суретте берілген.

### 7.1-сурет. STEM-сауаттылыққа анықтама

STEM-сауаттылыққа жеке тұлғаның

- Өмірлік жағдайларда проблемаларды көре білу, табиғат өлемі және қолдан жасалған өлемнің мәнін түсіну, STEM мәселелері бойынша дәлелге негізделген қорытынды жасауға мүмкіндік беретін білім, ұстаным және дағдылары;
- STEM пәндерінің ерекшеліктерін адамның білімі, зерттеу және жобалау формалары ретінде түсінуі;
- STEM пәндері біздің материалдық, интеллектуалды және мәдени ортамызды қалай қалыптастыратынын біліуі;
- Саналы, мұдделі, ойшыл азамат ретінде STEM мәселелерімен айналасуға әзірлігі және ғылым, технология, инженерия, математикаға қызығушылығы жатады.

Алдымен, STEM-нің әуелгі мақсаты тек STEM пәндерін толығымен игеруғана емес екенін айта кеткен жән. STEM-сауаттылық негізгі ғылыми, техникалық, инженериялық, және математикалық концептілер мен үдерістерді қамтығанымен, ол дәстүрлі пәндерге тәуелді көзқарастан асып түседі. Керісінше, барлық азаматтарды оқытуға назар аударылуы тиіс. Негізінде, бұл грек пайдейя идеясына сәйкес келеді. Эрине, ғылым, технология, инженерия 77

және математика салаларын меңгеру маңызды, алайда, ол білімді өмірде қолдану да сондай маңыздылыққа ие.

## **Болашақ ғалымдар, техникалық мамандар, инженерлер және математиктер**

Келешекте ғылыммен айналысады үйрететін білім мен оқушыны қоғамның сауатты азаматы ететін білімді бір-бірінен ажырата білу қажет. Сауатты бола тұра, жеке тұлғалар STEM-ге қатысты жаһандық мәселелерді айқындаі алатын білікті маман болып, ғылыми емес тұжырымдалардың ішінен ғылыми пікірді көре білу, дәйекті пікір білдіру және, ең бастысы, жергілікті, республикалық, әлемдік деңгейде өз азаматтық борыштарын орындаулары тиіс.

Білім берудің мақсатын оқушыларды мемлекеттің толыққанды азаматына айналдыруға қарай бағыттау идеясы бұрыннан бар. «Global crises, global solutions» (Жаһандық дағдарыс, жаһандық шешімдер) атты еңбекте (Ломборг, 2004) STEM-білім берудің мақсаты мына дәйексөз арқылы ұсынылған:

Білім жетіспеушілігіне байланысты туындаған проблеманың ауқымын анықтау үшін алдымен білім берудің міндеттерін қарастырған жөн. Яғни, халықты қауымның ішінде белсенділік танытып, нәтижелі, толыққанды өмір сүрге қажетті әр түрлі құзіреттермен (бұған когнитивтік және когнитивтік емес дағдылар, білім және ұстанымдар жатқызылады) қамтамасыз ету (Pritchett in Lomborg 2004, 175 бет).

Бұл дәйексөзде жеке тұлғалардың бойында табылуы тиіс әр түрлі дағдылар, білім және ұстанымдарды сипаттайтын құзіреттер келтірілген. Дегенмен, онда нақты бір саладағы білім, дағды немесе ұстаным жайлы айтылмаған. Бұл - STEM-білім берудегі проблемалардың бірі.

## **Халыққа білім берудің STEM перспективасы**

Лоренс Кремин өзінің «Public Education» (Халықтық ағарту, 1976) атты кітабында STEM білім беру сияқты мәселелер мен тақырыптарды зерттеуде тиімді экологиялық көзқарасты ұсынды (Кремин, 1976, 36-бет). Аталған перспектива бойынша, «білім беру үйымдары мен олардың конфигурациялары, және өз кезегінде солардың ықпалында қалған қоғам бір-бірімен байланысты». Кремин ресми білім беру (мысалы, мектепте оқыту) және бейресми білім беруді (мысалы, бұқаралық ақпарат құралдары, мұражайлар, шіркеулер және синаゴгалар) атап өтеді. Сондай-ақ, Кремин STEM-білім беру саласындағы маңызды тақырып болып табылатын оку орындары мен жалпы қоғам арасындағы байланысты баса айтады.

STEM сауаттылықтың бір бағыты - адамдарға әлеуметтік, саяси және этикалық тұрғыдан талаптануды үйрету. Кремин STEM-білім берудегі өзекті мәселені көтереді:

Сонымен, біз жеке адам мен қоғамның талаптары арасындағы дұрыс тепе-тендікті қалай табамыз? Менде бұған қатысты өте қарапайым көзқарасым бар және, менімше, оның баламасы жоқ. Біз қарым-қатынас жасаймыз - шағын топтарда бейресми түрде және үйымдарда саяси жүйелер арқылы ресми түрде. Біздің қоғамымызда, әсіресе оның тарихының осы кезеңінде туындауы мүмкін маңызды мәселелердің ішіндегі білім туралы үлкен қоғамдық диалогты бастамасақ, халыққа тиісті білім

беруді жүргізе алмаймыз және нағыз «қауымдастық» құру қолымыздан келмейді (Кремин, 1976, 74 бет).

Осыдан шамамен қырық жыл бұрын жазылған Креминнің жеке адамдар мен қауымдастықтардың қажеттіліктерін тенденстіру тақырыбы STEM сауаттылықты қарастыруда қолданылады. Оның үлкен қоғамдық диалогты бастау туралы кеңесі - бұл кітапты жазудың тағы бір себебі. Ең бастысы, осы кітаптың көмегімен білім беру қауымдастығында STEM жөніндегі дискурс талқыла салынуы тиіс.

## ЖОҒАРЫ ТЕХНОЛОГИЯЛЫ ЖҰМЫС КҮШІ

Бұл мақсатқа тек ғылым, технология, инженерия және математика салаларында қызмет етуге тілек білдірген оқушылар ғана емес, барлық оқушылар кіреді. Мұнда сипатталған дағдылар XXI ғасырдағы барлық мамандықтарға қолданылады. Ғылым, техника, инженерия және математика саласындағы сабактар мен курстар жоғары технологиялы жұмыс күшіне қажетті дағдыларды дамытуға көптеген мүмкіндіктер береді. 7.2-кестеде STEM-нің осы міндеттінің қысқаша мазмұны көлтірлген.

### 7.2-кесте. STEM-білім беру XXI ғасыр дағдылары

Мемлекеттік маңызы бар мәселе	Білім экономикасы
Білім беру тақырыбы	Жоғары технологиялы жұмыс күші
STEM-білім беру мақсаттарын алға тарту	Оқушылардың XXI ғасыр дағдылары мен қабілеттерін дамыту: Бейімделу Кешенді байланыс Бейстандарт мәселелерді шешу Өзін-өзі басқару / өзін-өзі дамыту Жүйелі койлау

Жоғарыда 5-тарауда атап өткеніміздей, қазіргі баяндамаларға шолу жасау барысында зияткерлік қабілеттер, танымдық қабілеттер, ғылыми ойлау және проблемаларды шешу, яғни, жоғары технологиялы дағдылар сияқты дамып келе жатқан қабілеттер үнемі талқыланып отырады. STEM бағдарламалары, мұғалімдердің білімі мен біліктілігін арттыру бағдарламаларында мұндай қабілеттерге баса мән берілуі қажет. Өкінішке орай, когнитивтік дамуды көп жағдайда қажетсіз ақпаратты жаттау арқылы оқытудың нәтижесі деп қарастырады. Мысалы, ғылыми-зерттеу және инженерлік жобалаудағы ойлау процестерінің дамуы оқушыларды тәжірибе мен осындай танымдық қабілеттерді қолдануды қажет ететін тиісті тәжірибелерге тартудың тікелей нәтижесі болып табылады. STEM мұғалімдері оқушыларға осы мақсаттарға жетуге мүмкіндік беретін бағдарламаларды қалай құрастыруды біледі, сонымен бірге негізгі ғылымды, технологияны, инженерлік және математикалық идеяларды терең жете түсінуді дамытады.

## XXI ғасырдағы дағдылар

STEM бағдарламаларына қандай дағдылар мен қабілеттер кіруі керек? 7.2-суретте XXI ғасыр дағдыларына арналған нұсқаулар берілген. Бұл дағдылар «Exploring the Intersection of Science Education and 21st-Century Skills» (Фылыми білім мен XXI ғасыр дағдылары арасындағы байланысты зерттеу) (NRC 2010) кітабынан алынған.

### 7.2-сурет. Жоғары технологиялық жұмыс қүшінің дағдылары

1. Бейімділік: белгісіз, жаңа және жылдам өзгеретін еңбек жағдайлар, оның ішінде төтенше жағдайларда немесе дағдарыстарда тиімді әрекет ету және жаңа сынақтарды, технологиялар мен процедураларды үйрену қабілеттілігі мен дайындығы.

Бейімділікке, сонымен қатар, жұмыс стрессімен құресу, әртүрлі тұлғаларға, олардың қарым-қатынас стилі мен мәдениетіне бейімделу, әр түрлі ішкі немесе сыртқы жұмыс жағдайларына бейімделу жатады (Хьюстон 2007; Пулакос, Арад, Доннован және Пламондон 2000).

2. Кешенді байланыс және әлеуметтік дағдылар: өзгелердің вербалды және бейсезімдік ақпаратына тиісті түрде жауап беру үшін оны өндөу және түсіну дағдылары. Тәжірибелі коммуникатор жалпы түсінікті қалыптастыру үшін сөз, дыбыс және бейне арқылы жеткізетін күрделі идеяның негізгі элементтерін таңдай алады (Леви мен Мурнан 2004). Білікті қарым-қатынас әлеуметтік қабылдағыштық, нандыру, келіссөздер жүргізу, оқыту және қызыметке бағдарлау арқылы клиенттер, бағыныштылар және басшылармен он нәтижелерге қол жеткізуге ықпал етеді (Петерсон және басқалар, 1999).

3. Бейстандарт мәселелерді шешу: мәселелерді шешетін білікті маман сараптамалық ойлауды үлкен көлемді ақпаратты зерттеу, занылыштың табу, және проблеманы диагностикалауда ақпаратты сұзгілеу үшін пайдаланады. Диагноздан кейін мәселені шешу кезеңіне көшу үшін ақпараттың теориялық тұрғыдан қалай байланысатының және метакогнитивтік процесстердің үлесін білу қажет. Метакогнитивтік процесстер - проблема шешу стратегиясының жұмыс істейтінін не істемейтінін көре білу және ағымдағы стратегия жарамсыз болған жағдайда, басқа стратегияға ауысу қабілеті (Леви и Мурнан 2004). Бұл қабілет жаңа және инновациялық шешімдер жасауға, бір-бірімен байланыссыз болып көрінетін ақпаратты біріктіруге және басқалар жіберіп алуы ықтимал мүмкіндіктерге арналған шығармашылықпен сипатталады (Хьюстон, 2007).

4. Өзін-өзі басқару және өзін-өзі дамыту. Өзін-өзі басқару дағдыларына қашықтан, виртуалды топтарда жұмыс істеу; өздігінен жұмыс жасау; өзін-өзі ынталандыру және өзін-өзі басқару қабілеттері кіреді. Өзін-өзі басқарудың бір аспектісі - жұмысқа байланысты жаңа мәліметтер мен дағдылар алуға деген ұмтылыс пен қабілет (Хьюстон, 2007).

5. Жүйелік ойлау: жүйелік ойлау дегеніміз - бұл тұтас жүйенің қалай жұмыс істейтінін және жүйенің бір бөлігіндегі әрекет, өзгеріс немесе ақаулық жүйенің қалған бөлігіне қалай әсер ететінін, яғни жұмыстың «жалпы көрінісін» көре білу қабілеті. Жүйелік ойлауға пайымдау және шешім қабылдау, жүйелік талдау және жүйені бағалау, жұмыс процесінің әр түрлі элементтерінің өзара әрекеттесуі туралы абстрактылық ойлау кіреді (Петерсон және басқалар, 1999).

## STEM бағдарламалары және XXI ғасырдағы дағдылар

STEM бағдарламалары оқушыларды зерттеудің жаңа тәсілдерін, бақылаудың жаңа құралдары мен әдістерін қолдануды, мәліметтер жинау мен талдауды қажет ететін тәжірибелермен қамтамасыз ете отырып, оқушыларға бейімделу дағдыларын дамытуға көмектеседі. Бағдарламалар шеңберінде оқушыларға зертханалық және далалық зерттеу сияқты жұмыстарда жеке және топ ішінде әрекет ету мүмкіндігі қамтамасыз етілгені жөн.

STEM бағдарламаларында зертханалық және ғылыми-зерттеу жұмыстары арқылы құрделі байланыс пен әлеуметтік дағдылар енгізіледі. STEM жұмыстары қорытынды немесе ұсыныс жасау үшін фактілерді пайдалануды үйрететін топтық жұмысты қамтиды. Оқушылардан әртүрлі дереккөздерден алынған мәліметтерді және ақпаратты өндеу және түсіндіру талап етілуі мүмкін. Оқушылар тиісті дәлелдемелерді таңдап, оны түсіндіру үшін қолдана алады.

STEM бағдарламалары оқушылардан ғылыми сұрақтарға және технологиялық мәселелерді шешу, заманауи проблеманың математикалық компоненттерін анықтау және дәлелдеме мен түсініктемені байланыстыратын кезде негізdemе қолдануды талап етеді. Осылайша, бағдарлама оқушылардың бейстанарт мәселелерді шешу қабілеттерін дамытуға септігін тигізу керек. STEM зерттеу барысында оқушылар сұраққа берілген жауаптың немесе мәселенің ұсынылған шешімнің барабарлығын қарастырады. Оқушыларға басқа зерттеу туралы немесе деректерді жинаудың басқа әдісі туралы ойлану керек және сол деректерді STEM пәндерін алған ақпаратпен байланыстыру қажет болуы мүмкін.

Оқу материалдары оқушыларға STEM зерттеулері барысында өз бетінше және топ ішінде жұмыс істеу мүмкіндігін беруі тиіс. Бұл талдау жан-жақты ізденісті талап етеді және сұрақтарға жауап беру немесе проблемаларды шешу кезінде оқушылардың жаңа білім алғып, жаңа дағдыларды игерулері қажет болуы мүмкін. Аталмыш тәжірибе білім алушылардың өзін-өзі басқару және өзін-өзі дамыту қабілеттерін жетілдіруге көмектеседі.

STEM-білім берудегі ең пайдалы жаңалықтардың бірі – жүйелік ойлауға баса назар аудару. Дәстүрлі STEM пәндерін биологиялық жүйелер, жер жүйелері, физикалық жүйелер және технологиялық жүйелер деп бөліп қарастыруға болады. Оқушылар жүйелерді зерттеудің шектерін білуі және компоненттерді, ресурстар ағындарын, жүйелер мен ішкі жүйелердегі өзгерістерді, жүйелер арасындағы торапта өзара әрекеттестікті сипаттаулары қажет.

## ОЗЫҚ ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ТАЛДАМАЛАР САЛАСЫНДАҒЫ ЖҰМЫС КҮШІ

Кадрларды іріктеудегі қатаң фильтр («pipeline problem») мәселесі, әсіресе, компьютер ғалымдары, экологтар, инженерлер және медицина мамандары үшін әлі де өзекті. Сонымен қатар, STEM саласында жұмыскерлердің мәдени алуан түрлілігін арттыру STEM бағдарламаларының негізгі мақсаты болып қала береді. STEM-білім беру ғылым және технология салаларында адамдарды іріктеуге және ұстап қалуға көмектеседі. Мұндай салалар сапалы қоршаған орта, өркендеуші экономика және салауатты қоғам үшін қажет инновациялардың негізін қалайды. 7.3-кестеде STEM-білім берудің мақсаттары жинақталған.

## Инновация және STEM-білім беру

XXI ғасырда ғылыми және технология зерттеулер салаларына құйылған федералды инвестиция нәтижесінде айтарлық инновацияға қол жеткізілді. Олар өз кезегінде деңсаулықтың жақсаруы, байланыстың нығаюы және адамзат тарихында ең үздік технологиялық және инженериялық жетістігі – адамның Айға үшүү және аман-есен оралуына – үлесін қосты. Аталған инновациялардың көп бөлігі физика саласынан бастау алады. Френсис Крик пен Джеймс Уотсон, сонымен қатар Маурисе Уилкинс пен Розалин Франклиннің 1950-ші жылдарда ашқан жаңалықтары XX ғасырдың соңғы онжылдықтарындағы инновацияларға ықпалын тигізбей қоймады. Мен молекулярлық және жасушалық биология саласындағы жаңалықтарды айтып тұрмын.

### 7.3-кесте. Инновация және STEM мамандықтары

Мемлекеттік маңызы бар мәселе	Инновация
Білім беру тақырыбы	Озық зерттеу және талдамалар саласындағы жұмыс күші
STEM-білім беру мақсаттарын алға тарту	STEM мамандықтары бойынша мына мәселелерге назар аудару STEM мамандықтарында оқушылардың санын және мәдени түрлілігін арттыру STEM мамандықтарына үздік оқушыларды тарту және STEM саласында мамандарды ұстап қалу.

STEM пәндерінің дамуы ұзак уақыт бойы экономикалық өнімділіктің көрсеткіші болып табылатын инновациялар және АҚШ жалпы ішкі өнімінің (ЖІӨ) өсуіне алып келеді. Оған қоса, көптеген жергілікті, мемлекеттік және жаһандық мәселелердің шешімдері STEM пәндеріндегі жетістіктердің нәтижесінде табылмақ. Мен, мысалы, деңсаулық, энергия, қоршаған орта сапасы, табиғи қауіптер және табиғи ресурстарды пайдалану туралы айтып отырмын. Осы бағыттардың барлығы K-12-ден (балабақша мен мектеп білімі) колледждер мен университеттерге, көп жағдайда магистратураға түсетін кәсіби кадрлар резерві құрамындағы адам санына тәуелді. Іргелі зерттеулерге құйылған федералды инвестициялар инновацияда үлкен рөл атқарады, алайда STEM K-12 білімінің әсерін де елемеуге болмайды.

## Инновациялар және STEM-білім беру

STEM K-12 біліміне қатысты, егер біз тарауды қозғайтын сұрақтың осы аспектісіне жауап бергіміз келсе, ойланатын идеялар бар. XX ғасырда физика ғылыми рөлі маңызды болса да, XXI ғасырда көшті бастап тұрған өмір мен жер туралы ғылымдар. Алайда ғылымдардың технология, инженерия және математикамен бірігуі байқалады. Ғылыми зерттеу және әзірлемелер биомедициналық инженерия, энергетикалық технологиялар, техникалық

қауіптерді азайту және тұрақты жүйелердің STEM тәсілдері сияқты салалардың пайда болуына себепші.

STEM-ге байланысты жеке және әлеуметтік мақсаттарға қол жеткізу, инновациялық жаңалықтар мен қосымшаларды дамыту білім беру тәжірибесін көнектіруді қажет етеді. Мысалы, оқушылар барлық STEM пәндерінде еркін және үйлесімді түрде жұмыс істей алады. K-12 STEM-білім беру жүйесі осындай тәжірибелердің көптеп болуына және XXI ғасырдағы мамандықтар туралы тиісті түсініктің қалыптасуына ықпал ете алады және етуі қажет.

## **STEM мамандықтарында білім алушылардың мәдени әртүрлілігін арттыру**

АҚШ Еңбек және статистика бюросының 2006 ж. мәліметі бойынша, елдің ғылыми және инженерлік жұмыс күшінің тек 9%-ы африканцы, испандық және жергілікті американцытар болды. Салыстыра келсек, АҚШ халқының 30%-ын сол азшылық топтар құрады.

STEM мамандықтарын игеруге ұмтылатын азшылық топтардың үлесін қайта тәңестіруді K-12 сыныптарында бастаған жән. Оқушыларды оқудағы белсенділік пен бірігіп жұмыс жасауға, құрделі мәселелерді шешу және STEM пәндерін білуге ынталандыру арқылы нәтижеге қол жеткізе аламыз. Сонымен қатар, басқа да пайдалы әдістер бар екенін ұмытпаған жән. Олар: жазғы бағдарламалар, алғашқы зерттеу тәжірибесі, ғылыми қолдау, әлеуметтік интеграция және STEM мұғалімдерінің тәлімгерлігі (Храбовски 2011).

## **ҚОРЫТЫНДЫ**

Бұл тарауда STEM көшбасшылары үшін маңызды сұрақ туындаиды: мемлекеттік (немесе аудандық, білім беру бөлімшесі, мектеп) деңгейде STEM-білім беруді жетілдірудің жүйелі және тиімді стратегиясын қалайша құрай аламыз? Стратегия келесі талаптарға сай келуі қажет: Америка Құрама Штаттарында

- STEM-сауатты қоғамның қалыптасуы,
- XXI ғасырдың инновациялық экономикасына лайықты жоғары технологиялы жұмыс күші,
- Инновацияға ерекше мән беретін озық зерттеу және талдамалар саласындағы жұмыс күшінің пайда болуы.

Бірінші мақсат STEM сауаттылыққа баса назар аударады. STEM-ді ұран ретінде қабылдамай, оны білім берудің анықтамасы деп тану қажет. Осы орайда, мен STEM сауаттылыққа жеке тұлғаның

- Өмірлік жағдайларда проблемаларды көре білу, табиғат әлемі және қолдан жасалған әлемнің мәнін түсіну, STEM мәселелері бойынша дәлелге негізделген қорытынды жасауға мүмкіндік беретін білім, ұстаным және дағдылары;
- STEM пәндерінің ерекшеліктерін адамның білімі, зерттеу және жобалау формалары ретінде түсіну;
- STEM пәндері біздің материалдық, интеллектуалды және мәдени ортамызды қалай қалыптастыратынын білуі;

- Саналы, мұдделі, ойшыл азamat ретінде STEM мәселелерімен айналасуға әзірлігі және ғылым, технология, инженерия, математикаға қызығушылығы жататынын айтқым келеді.

Сұрақтың екінші тақырыбы XXI ғасырдың еңбек дағдыларын дамытуға бағытталған, оның ішінде бейімділік, күрделі байланыс және әлеуметтік әрекеттестік, бейстанарт мәселелерді шешу, өзін-өзі басқару және жүйелік ойлау.

Сонымен, STEM саласына жаңа келген және жұмыс жасап жатқан мамандардың саны мен мәдени тұрғыдан әртүрлілігін арттыру қажеттілігі де бар. Мұндағы мемлекеттік мәселе – зерттеу мен әзірлемелерге негізделген инновация.

Қалған тарауларда мемлекет, аудан және мектептер бұл сұрақтарға қалай жауап берे бастағандығы туралы кейбір мәліметтер келтірілген.

## ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

- Жаңа STEM-білім беруге қойылған басты сұрақтың мәні неде?
- STEM-сауаттылыққа берілген анықтамаға қалай қарайсыз?
- Осы тарауда XXI ғасырдың қандай дағдылары сипатталған және STEM-білім беру аясында олардың дамуын қалай елестете аласыз?
- Инновация ұлттық мәселе болып саналады. Бұл жағдайда, STEM-білім беру инновацияны ынталандыру үшін не істей алады?

# 8ТАРАУ

## STEM-БІЛІМ БЕРУ ЖАЙЛЫ НЕ ОЙЛАЙСЫЗ?

Көріп отырғанымыздай, STEM акронимі төрт ғылым туралы ақпаратты анықтайтын және тарататын тиімді құрал ретінде Ұлттық ғылыми қорда (NSF) пайда болды. Уақыт өте келе STEM білім беру саясаты туралы пікірталастарда айтыла бастады. Акронимді әдетте төрт пәнге қатысты қолданады. Бірақ, кейін оның қолдану аясы кеңейіп, әртүрлі мағынаға ие бола бастады. Мысалы, STEM білім беру, STEM бағдарламасы, интегративті STEM және STEM бастамалар. Саяси аrena STEM-ді инновациялық экономика, технологиялық инновациялар, бизнес пен өндірістер өркендеуінің негізі, XXI ғасыр жұмыс күшінің құзыреттері және ұлттық қауіпсіздік салаларындағы жетістіктер деп қабылдайды. STEM термині төрт пәнді қамтитындықтан, ұлттық саяси пікірталастарда оны әрқалай анықтайды және бұл әбден түсінікті. Шенеуніктер STEM-нің нақты K-12 мектеп бағдарламалары үшін маңызын қарастырмаған. Олар тек саясаттың пәндер үшін жалпы салдарын зерттеу керек еді. Мемлекеттік деңгейде оң ықпал ететін STEM кеңестер, желілер, тораптар, орталықтар, стратегиялық жоспарлар, директорлар, үйлестірушілер мен коалициялар бар. Дегенмен, әр түрлі көзқарастар мен анықтамалар жәніндегі мәселенің соңына түскен жән. Себебі, олардың негізінде мемлекеттік стандарттар, оқу жоспарлары, нұсқаулықтар мен бағалаудан басқа түлектерге, мұғалімдерді алдын-ала даярлау, мұғалімдерді лицензиялау, мектеп бағдарламаларын, біліктілікті арттыру мен сынып практикасына қойылатын талаптарды өзгерту ұсынылады.

Алайда, акроним ұлттық саясаттан мемлекеттік және жергілікті білім беру орындарына ауысатындықтан, білім беру бөлімшелері мен сыныптар үшін STEM-нің мәнін нақтылау қажеттілігі туындейды. Атап айтқанда, келесі мәселелерді көтеру керек:

- STEM-білім беру мен ұлттық басымдықтардың арасында қандай байланыс бар?
- Жалпы негізгі стандарттардағы соңғы өзгерістер туралы не айтуға болады?
- STEM перспективалары Біріншілік жарысымен қалайша келісімге келеді?
- STEM «Бірде-бір бала артта қалмайды» (No Child Left Behind) деген атпен белгілі Бастауыш және орта білім беру жүйесі туралы заңын (ESEA) жаңа нұсқасында қамтыла ма?
- STEM ғылыми стандарттардың келесі буынында қамтыла ма?

Білім беру мекемелері және мектептер STEM аббревиатурасын қолданған сайын, акронимді айқындау мен мағынасын анықтау қажеттілігі артып қана қоймайды, өзекті мәселеге айналып барады. Дегенмен, мен ұғымға тек бір анықтаманы таңдау идеясынан аулақ болуға кеңес беремін.


## STEM ЖӨНІНДЕ КӨЗҚАРАСТАР

Бұл тарауда STEM-білім беру туралы әртүрлі көзқарастар келтірілген. Алдымызда тұрған міндет – STEM мәселесін түсіндіру. Бұл көзқарастар STEM төңірегіндегі көптеген пікірталас, мақала, баяндамалар және жобаларға негізделген.

### STEM бұл ғылыми пән (немесе математика)

Осы бірінші көзқарас бойынша, STEM аббревиатурының тек ғылыми және кейде физика немесе биология сияқты белгілі бір пәнді білдіреді. STEM-нің мұндай мағынада қолданылуы көптеген пәндік бағдарлар мен бір пәнді тәсістіріп қойғаннан кейін өте түсініксіз. Кейбір жағдайларда ғылым немесе математикадан басқа пән болуы мүмкін, мысалы: «Бізде STEM бағдарламасы бар және бұл инженерлік жобалау» (8.1-суретті қараңыз).

#### 8.1-сурет. STEM тек бір пәнді қамтиды




**Мысалы:** STEM туралы көптеген заманауи пікірталастар

### STEM ғылыми пәндерді де, математиканы да қамтиды

Кейбір жағдайларда STEM жаратылыстану ғылымдарына да, математикаға да қатысты айтылады. Бұл пәндер Американдық оқу бағдарламаларында ұзақ уақыт бойы бар, сол себепті мұндай көзқарас таңқаларлық болуы тиіс емес. Бір пікірталастарда адамдар жеке пәндерді шұнқырларға (silos) тәсейді. Осы көзқарас бойынша, мұндай жүйеде шұнқырлар және ұнғышмалар (postholes) бар (аралас метафора үшін кешірініз). Шұнқырлар айқын көрінеді, ал ұнғышмалар біршама көрінеді, бірақ ойықтың өзі орынның бос екенін көрсетеді. Ол жерде ешнәрсе жоқ, алайда Сіз оның ойық екенін білесіз (8.2-суретті қараңыз).

## 8.2-сурет. STEM ғылыми пәндерді де, математиканыда қамтиды




**Мысалы:** STEM төңірегіндегі саяси пікірталастар

## STEM - бұл жаратылыстану ғылымдары және технология, инженерия немесе математиканы қамтуы мүмкін

Кейбір жаратылыстану ғылымдарының оқытушылары өз сабактарында технология мен инженерия мысалдарын енгізеді. Кейде бастауыш сынып мұғалімдері инженерлік және дизайнерлік тапсырмаларды ұсынады, әгдроп (egg drop –жұмыртқаны құлатқаннан кейін сақтап қалу) – соның бір көпке мәлім мысалы. Алайда, көпшілік инженерлік жобалау мен ғылыми тәжірибелі бір-бірінен ажырата алмайды. Мұндай көзқарас интеграцияға қарай жасалған алғашқы қадамды білдіреді, бірақ мұғалімдер үшін ғылымдар (немесе математика) басым пән болып қала береді. Қажет болған жағдайда, басқа пәндер енгізіледі. Сіз ойлағаныңыздай, бұл көзқарастың бірнеше түрлі нұсқалары болуы мүмкін (мысалы, ғылым және технология, ғылым және математика немесе ғылым және инженерия; 8.3-суретті қараңыз).

## 8.3-сурет. Басқа пәндерді қамтитын жекелеген ғылыми




**Мысалы:** Кейбір ғылыми пәндер

## STEM - төрт пәндердің қосындысы

Шұнқыр метафорасына қайта оралайық. Осы көзқараста STEM-ге ғылым, технология, инженерия және математиканы жатқызады, барлығы да мектеп бағдарламасына енеді. Кейбір мектептерде T ақпараттық технология және E Project Lead Way сияқты курсын мисалы. Бұл нұсқада курсын ішінде төрт бөлек курс немесе жеке блок болуы мүмкін. Осы көзқарасқа байланысты бірнеше сұрақтар бар. Егер орта мектепте үш-төрт бөлек курс болса, оны бітіру үшін қай курстар қажет болады? Екінші мәселе - технология мен инжинирингтің қосылуы. «STEM-ге кіріспе» тақырыбымен курсын жеке бөлімдерін қосу мисал бола алады. Ғылыми пәндер бойынша жеке бөлімдері бар жаратылыстану оқулықтарын еске алыңыз. Сонымен, окушылардың өз пәндерін окуға мүмкіндіктері болды ма (8.4-суретті қараңыз)?

### 8.4-сурет. Жекелеген пәндер



**Мисалы:** STEM пәндеріне жалпы кіріспе курс немесе әрбір пәнге арналған төрт жеке курс

Шұнқырлар бірдей етіп көрсетілгенімен, әдетте, әсіресе орта мектепті бітіруге қойылатын талаптар ескерілгенде, олай емес.


## STEM ғылыми пәндер мен математика бірдей технологиямен немесе инженерлік бағдарламамен байланысты екенін білдіреді

Ғылым және математика - технология және / немесе инженерияға баса назар аударатын басқа бағдарламамен байланысы бар өз алдына жеке пәндер. Кәсіби және техникалық білім беру бағдарламасы (CTE) осындай STEM білім беру нұсқасының мисалы болып табылады. Мұндағы жеке тұлғалар CTE STEM-нің бастамасы екендігін көрсетеді. Ғылыми пәндер мен математика мектеп бағдарламасының ажырамас бөлігі деген тұжырым бар. Айта кету керек, олардың өзара байланысы пәндердің тұжырымдамалары мен процестерін үйлестіруді қажет етпейді (8.5-суретті қараңыз).

Калифорниялық «Linked Learning: Pathways to College and Career Success» жобасы шенберінде технологиялық мен инженерлік жобалардың көмегімен

биомедицина және денсаулық сақтау, энергетика, ақпараттық технологиялар және ауыл шаруашылығы сияқты салалардағы көсіптік және техникалық білім беру тәжірибесімен негізгі ғылым мен математика пәндері байланысқан. Мұнда да оқушылар жұмыс орнында оқиды (Хоачландер және Янофский 2011).

### 8.5-сурет. Технология немесе инженерлік бағдарламамен байланысты ғылым және математика




**Мысалы:** Project Lead Way

### STEM пәндер арасындағы үйлестіру

Қарапайым мысалдан бастайық. Жаратылыстану ғылым мұғалімдері математика мұғалімдерінен ғылымда қолданылатын ұғымдарды математика сабағына енгізуі жиі сұрайды. Кей жағдайда, математика мұғалімдері ғылым немесе технология мұғалімдерінен математика тұжырымдамаларын қолдануды сұрайды. Яғни, ұғымдар мен процестер әртүрлі STEM пәндерінде енгізіліп, қолданылуы мүмкін. 8.6-суретте үлгісі көрсетілген. Шындығында, төрт пәннің екеуі тұжырымдамалар мен процестерді үйлестіруі мүмкін.

### 8.6-сурет. Пәндер арасындағы үйлестіру




**Мысалы:** Инженерлік курста қажет болған кезде график сзызу математика сабағында енгізіледі.

## STEM дегеніміз екі немесе үш пәннің бірігуі

Интеграцияның бір формасы ғылым мен технология немесе инженерия және математика сияқты екі пәнді біріктіруден басталады. Негұрлым күрделі модель төрт пәннің үшеуін біріктіреді. Ғылым, технология және математиканы интеграциялау мысал бола алады (8.7-суретті қараңыз).

### 8.7-сурет. Екі немесе үш пәннің бірігуі



**Мысалы:** Екі пәнге бірдей мән беретін жаңа ғылыми-техникалық курс құрыңыз.

## STEM пәндердің қосынша қатпарланып орналасуы

STEM пәндерді модульдер, курстар немесе сабактарға реттеу арқылы біріктіруге болады, осылайша STEM білім беру тәжірибесінде басты орын алады. 8.8-суретте STEM пәндерінің ғылыми сұрақта жауап іздеуде немесе жобалау мәселесін шешуде қатпарланып орналасуы көрсетілген.


## STEM - бұл пән аралық курс немесе бағдарлама

STEM туралы тағы бір көзқарас жаһандық климаттың өзгеруі, денсаулық сақтау проблемалары немесе энергия өндірісі үшін ресурстарды пайдалану сияқты маңызды мәселелерді пәнаралық тұрғыдан қарастырады. Тұрақты қоғам атты курста STEM пәндерінің толықтай тобын және басқа пәндерді (мысалы, этика, саясат, экономика) оқыту арқылы қазіргі заманғы маңызды мәселені түсінуге қарай әрекет жасалуда. Осы мақсатта STEM аға мамандарының семинары өткізуі мүмкін. Мұндағы оқушылар дәстүрлі ғылым мен математиканы оқу үшін екі немесе үш жыл, мүмкін технология немесе инженерлік мамандық бойынша бір жыл білім алатын еді (8.9-суретті қараңыз).

### 8.8-сурет. Біріктірілген пәндер



### 8.9-сурет. STEM пәнаралық курс немесе бағдарлама ретінде



**Мысалы:** Мектеп «Тұрақты қофам» курсын ұсына алады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Көріп отырғаныңыздай, STEM-білім берудің көптеген нұсқалары бар. Бұл тарауда тоғыз көзқарас қаралды. Эрине, басқалары да бары. Мен оларды ұсынып, содан кейін арасында ең дұрыс STEM көзқарасын таңдауды мақсат етпеймін. Менің мақсатым – жеке тұлғалар, үйымдар және агенттіктерге әртүрлі көзқарастарды анықтауға көмектесіп, белгілі бір STEM түрфысынан білім беру реформасына қатысатын адамдарға оны түсіндіру.

## ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

1. STEM біліміне көзқарасыңызды қалай сипаттайсыз?
2. Осы тарауда қарастырылмаған STEM-ге қатысты көзқарас бар ма? Олай болса, оны қалай түсіндірер едіңіз?
3. STEM білімінде технологиялар мен инженерияның қамтылмауын немесе шамалы ғана қосылуын қалай түсіндірер едіңіз?

# 9 ТАРАУ

## STEM-БІЛІМ БЕРУ. СІЗ ҚАЗІР ҚАЙДАСЫЗ ЖӘНЕ ҚАЙ ЖЕРДЕ БОЛҒЫҢЫЗ КЕЛЕДІ?

STEM-білім беру туралы көптеген пікірталастар оқу жоспарларын біріктіру реформаны жүзеге асырудың тиісті әдісі болып табылатыны туралы мәлімдемеден басталады. Бұл сұрақ дұрыс болмауы мүмкін. Ең алдымен, сіздің жүйеніз қазіргі уақытта STEM-ге қатысты нені іске асырды және асырмағаны туралы ойлағаныңыз дұрыс шығар. Кешенді оқу бағдарламасын әдіс ретінде қабылдаудыңыз мүмкін. Бірақ, 8-тарауда айтылып өткендей, STEM пәндерін интеграциялаудың бірнеше нұсқалары бар. Сондықтан, мына сұрақтарға жауап беруден бастайық: Сіз қазір қайдасың? Сізде STEM 1.0 нұсқасы бар ма? Ендеше, мына сұрақтар туындаиды: Қай жерде болғыңыз келеді? Оқу жоспарын реформалау арқылы STEM 1.0 шеңберінен шыға аласыз ба?

Бұл тарауда сіз өз штатыңыздағы, аудандағы немесе мектептегі STEM білімінің жағдайын бағалайсыз; оқу бағдарламасына, оның ішінде интеграцияға қатысты әртүрлі тәсілдерді қарастырасыз және STEM-білім беруді жетілдірудің жолдарын жоспарлауды бастайсыз.

Алдыңғы тарауларда айтылғандай, штат, аудандық және мектеп деңгейлеріндегі білім беру көшбасшылары STEM-нің нақты оқу жоспары, оқу және бағалау бағдарламалары түрфысынан мәнін айқындауда қыындыққа тап болады. Бұл проблема қағидаттардың және оларды білім беру бағдарламалары мен сыныптық іс-шараларда жүзеге асырудың қылышында пайда болады.

Нақтырақ айтатын болсақ, бұл тарауда STEM бағдарламалары мен тәжірибелерінің үлгілері келтірілмейді. Мен оқушылардың ғылым, технология, инженерлік және математикалық білім саласындағы жалпы түсінігі мен жетістіктерін жақсарту мүмкіндіктерінен бастау қажет деп ойлаймын. Қысқасы, мақсатымыз – STEM-саяттылықты жоғары деңгейге жеткізу. Сондықтан, өзіңіздің штатыңызда, білім беру бөлімшелерінде немесе мектептегі STEM-білім беруді зерттеңіз, реформаның әлеуетін анықтаңыз, және өзгеріс бағыттарын белгілеңіз. Осы тапсырманы орындау үшін, мен Сіздердің білім беру контекстінде STEM-білім беруді дамытуға бағытталған көптеген сұрақтар қоямын.

## СІЗДІҢ БІЛІМ ЖҮЙЕҢІЗДЕ STEM-ДІ ЗЕРТТЕУ

Келесі бөлімдер сіздің қазіргі жағдайыңызды және STEM білім берудің болашағын болжау үшін сұрақ қоюға арналған заманауи форматты пайдаланады. STEM-білім беруді бағалау STEM 1.0 - 4.0 бөлімдерінде.

## Сізде STEM 1.0 нұсқасы бар ма?

STEM-білім берудің 1.0 нұсқасы жүйеде ғылым, технология, инженерия және математика пәндерінің барлық оқушыларына арналған стандартты К - 12 бағдарламалары болған кезде жұмыс істейді. STEM 1.0 нұсқасында пәндер бөлек болуы мүмкін. «Бірде-бір бала артта қалмайды» (NCLB) заңын қабылдағаннан бері К - 12 математиканың рөліне ерекше көңіл бөлінді, сондықтан оның бағдарламада қамтылмауы екіталай, тіпті мүмкін емес. Ал ғылыми пәндер ше? NCLB заңы күшке енгенмен бастап, тілдік пәндер және математикаға уақыт көптең бөліне бастағаннан кейін, ғылыми пәндер назардан тыс қала берді. Технология және инженерияға келсек, бұл пәндердің күйі қандай? Сіздің жүйеңіздегі STEM пәндерінің күйін қысқаша сипаттау үшін 9.1-кестесін пайдаланыңыз.

STEM-білім беруді сапарға теңестірсек, оның қайdan басталғанын білген жөн. MapQuest-тегідей, Сіз барғыңыз келетін жер туралы мәліметтер алу үшін, қайда тұрғаныңызды анықтауыңыз қажет. 9.1-кесте STEM-нің төрт жеке пәніне қатысты тұрған жерінде сипаттауға мүмкіндік береді. Эрбір пән үшін ағымдағы категорияны қысқаша сипаттаңыз:

- Оқу жоспары (мысалы, толықтай іске асырылған, жергілікті деңгейде жасалған оқу материалдары)
- Нұсқаулық стратегиялары (мысалы, бастауыш сыныптарда оқыту моделін және орта сыныптардағы әртүрлі стратегияларды қолдану)
- Оқушының үлгерімі (мысалы, мемлекеттік математика бағалау бойынша орташа үлгерім)
- артықшылықтары (мысалы, К - 6 мұғалім біліктілікті арттырудың толық циклін аяқтады)
- кемшиліктері (мысалы, орта мектепте инженерлік бағдарламаның болмауы)
- жоспарлар (мысалы, жаңа математикалық оқу бағдарламасын қабылдау және мұғалімнің дамуы)
- Басқа пікірлер (мысалы, математиканың жаңа жалпы мемлекеттік стандарттарына сәйкестігін қарастырыңыз)

STEM-білім беруді жетілдірудің бір тәсілі - жеке пәндерді жетілдіру немесе қазіргі кезде инженерия сияқты пәндерді қосу. Бұл тәсіл дәстүрлі пәндердің тұтастығын сақтайды және барлық K-12 оқушыларға арналған стандартты оқу бағдарламаларын дамытуға мүмкіндік береді 9.1-кестедегі сұрақтарға жауаптар және келесі бәлімдегі суреттер бұл тәсілге септігін тигізуі керек.

## STEM оқу жоспарын енгізуі қарастырып жатырсыз ба?

STEM-нің жеке пәндерін қолдау үшін, STEM-білім беруді пәндер интеграциясы арқылы жетілдіру туралы шешім қабылдауды талап етеді. Бұл шешімді мемлекеттік деңгейде қабылдауға болады, бірақ мұнда ұсынылған тәсіл бойынша шешім аудандық немесе мектеп деңгейінде қабылданған дұрыс.

Оқу бағдарламаларын интеграциялаудың бірнеше тәсілдері жарияланды. Мен келесі ресурстарды оқуды ұсынамын: «Ғылыми сауаттылыққа жоспар» (Designs for Science Literacy) (AAAS 2000), «Кіріктірілген оқу бағдарламасы арқылы стандарттарды сәйкестендіру» (Дрейк және Бернс, 2004) (Meeting Standards Through Integrated Curriculum), «Интеграцияланған ғылым туралы ойлау: Жалпы білім беретін мектептер үшін нұсқаулық» (BSCS 2000) «Meeting Standards

Through Integrated Curriculum» және «Пәнаралық оқу жоспары: жобалау және енгізу». (Джейкобс, 1989) (Interdisciplinary Curriculum: Design and Implementation).

### 9.1-кесте. STEM пәндері

Фылым және технологияны оқыту	Фылым	Технология
Оқу жоспары:  Оқыту стратегиялары:  Оқушының жетістіктері:  Жағымды жақтары:  Әлсіз жақтары:  Жоспарлар:  Басқа пікір:		
Инженерия және математиканы оқыту	Инженерия	Математика
Оқу жоспары:  Оқыту стратегиялары:  Оқушының жетістіктері:  Жағымды жақтары:  Әлсіз жақтары:  Жоспарлар:  Басқа пікір:		

STEM-білім беруге 8-ші тарауда сипатталған әр түрлі көзқарастар есінізде шығар. STEM-ді интеграциялау кезінде бірнеше нұсқаны қарастырайық. Бірінші тәсіл STEM-ді дәстүрлі пән ретінде қабылдайды, басқа STEM пәндерін енгізуге тырысады. Мұны бірнеше жолмен жасауға болады.

- **Үйлестіру.** Білек курстарда оқытылатын екі пән үйлестіріледі, соның нәтижесінде бір пәннің мазмұны екінші пәнге қажет мәліметпен үндеседі. Мысалы, математика сыныптарының оқушылары алгебралық функцияларды инженерия сабактарында қажет болған кезде үйренеді.
- **Толықтыру.** Бір пәннің мазмұнын оқыту кезінде негізгі пәнге қосымша басқа пәннің мазмұны енгізіледі. Мысалы, оқушылар технология сабағында энергияны үнемдейтін машинаны жобалаған кезде, үйкеліске қарсы түрудың ғылыми тұжырымдамалары (фронтальды қарсылық), кинетикалық энергия мен массаның жоғалуы оларға автомобильдің дизайны мен тиімділігін жақсартуға көмектеседі.
- **Салыстыру.** Тақырыптары, мазмұны немесе процестері үқсас екі пән оқытылады, осылайша оқушылар олардың үқастықтары мен айырмашылықтарын түсінеді. Мысалы, Сіз ғылыми пәндерді және инженерлік жобалауды таңдалған ғылыми-техникалық курстарда оқытсаңыз болады.
- **Байланыстыру.** Бір пәнді басқа пәндерді байланыстыру үшін қолдану. Мысалы, ғылым мен математиканы байланыстыру үшін технологияны пайдалану.
- **Біріктіру.** Бұл тәсіл екі немесе одан көп STEM пәндерін жобаларды, тақырыптарды, рәсімдерді немесе басқа ұйымдастырушылық элементтерді қолдана отырып біріктіреді. Мысалы, ғылым мен техниканың байланысын көрсету үшін оқушылардың жобаларын қолданатын жаңа ғылыми-техникалық курс құрылуы мүмкін.

Дәстүрлі пәндердің мемлекеттік, аудандық және мектеп стандарттарындағы, оку бағдарламалары мен бағалаудағы басымдықтарына байланысты STEM пәндерін интеграциялау бойынша ұсыныстарды негіздеу маңызды болуы мүмкін. Бұл, әсіресе, үйлестіру, толықтыру, салыстыру немесе байланыстыру тәсілдерін қолданған жағдайда өте маңызды. Жеке STEM пәндерінен тыс пәндерді немесе жобалау курсарын біріктіруге егжей-тегжейлі негіздеме беру қажет. Төменде STEM оқытуды біріктіруге қарсы және оны қолдайтын дәлелдемелер мысалдары келтірілген.

Интеграцияға қарсы аргументтер орынды, бірақ бұлтартпайтын дәлел емес. Алғашқы дәлелдеменің бірі - нақты штаттардың өзіндік тәсілдері бар екендігі. Мысалы, ғылыми зерттеулер мен инженерлік жобалау әртүрлі мақсаттар мен критерийлерге ие. Тағы бір дәлел, интеграцияланған тәсілдердің көпшілігіне тұрақтылық жетіспеген және олар стандарттарға негізделмеген. Зерттеудің бағыттарын түсіну үшін терең тұжырымдамалық негіз қажет (Брэнсфорд, Браун және Кокинг, 1999; Донован, Брэнсфорд және Пеллегрино, 2000). Пәндер арасында байланыс орнату көптеген адамдар айтқандай айқын және онай жұмыс емес.

Оку жоспарын интеграциялаудың дәлелдері мыналарды қамтиды. Біріншіден, барлық өмірлік жағдайлар сабактарда кіріктірілген. Адамдар өмірде қабылдайтын шешімдер ғылым немесе математика сияқты пәндерде көрсетілмейді. Өмірлік жағдайлар әдетте бірнеше пәндер бойынша білім, қабілет және шеберлікті қажет етеді. Екіншіден, кез келген адам үшін оқып жатқан мәтінмәні өзіне таныс немесе қызық болса, оны жақсырақ түсінеді және үйренеді. Ушіншіден, әртүрлі пәндердегі білім мен дағдыларды біріктіру арқылы тиімділікке қол жеткізіледі, ал мектептегі оку мерзімі шектеулі. Егер, сабакта,

курста және мектепте, мысалы, инженерия және математика сияқты пәндер бойынша мазмұны мен процестерін оқытуда қандай да нәтижеге қол жеткізілсе, үл мұғалімдер және оқушылар үшін пайдалы болады.

Штаттар, аудандар мен мектептер STEM-нің жеке пәндері мен кешенді тәсіл арасындағы тепе-тендікті қалай сақтай алады? Мүмкін бұл ең дұрыс сұрақ шығар. Мұнда, STEM-білім беру балама шешім болуы қажет емес. Бұл көзқарастың себебінен мен тараудың басында STEM-ді жеке пәндер ретінде қарастырды және қазіргі оқу бағдарламаларын, мүмкін ғылыми-математикалық бағдарламаларды, шамалы немесе мұлдем жоқ болғанда, технологиялар мен инженерлік материалдарды енгізу кезінде күшейтуді ұсындым.

## **Оқу бағдарламаларын біріктіру арқылы STEM 1.0 бағдарламасын асып тұсу**

STEM-білім берудің интегралды тәсілдерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін қарастырғаннан кейін, Сіздің жағдайыңызға сай деңгейлер, тақырыптар мен тәсілдерді қайта қарастырған жөн. STEM-білім берудің бірыңғай ең мінсіз тәсілі жоқ STEM оқытудың әр түрлі тәсілдерінің өзіндік артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Не нәрсеге қол жеткізгіңіз келеді? Мақсатқа жетудің ең оңтайлы тәсілі қандай? Сіздің білім беру жүйенізді алатын болсақ, қандай шешім орынды?

Сіз пәндік бағдарлама және STEM біріктілген оқу жоспары нұсқаларының үздіктерін қарастыра аласыз. Сізді ымыраға шақыртатын идеяныз үшін сынға алуы мүмкін, бірақ орынды және тиімді көзқарас үшін құрметтеуі мүмкін.

- Біріншіден, дәстүрлі STEM пәндерін сақтау және жетілдіру қажет. Технология мен инженерия тәжірибесі аз болса немесе жетіспесе, жағдайды мүмкіндігінше түзетуге тырысыныз.
- Екіншіден, STEM пәндері шеңберінде пәндерді үйлестіретін, толықтыратын, салыстыратын және байланыстыратын орын табыныз. Мен пәндерді біріктіруді басқа бөлімде талқылаймын.
- Үшіншіден, бастауыш және орта мектеп деңгейлерінде оқу жоспарларын енгізу оңайырақ болуы мүмкін. Олай болса, сол деңгейден бастаңыз
- Төртіншіден, таңдалған STEM пәндерін орта мектеп деңгейіне енгізу оқушыларға STEM тұжырымдамалары мен рәсімдерін терең түсінуге көмектеседі. Пәндердің негізгі идеялары мен тәжірибелеріне арналған интеграцияланған курстарды ұсынған кезде, Сіз бір нұсқаны қарастыруыныз мүмкін.
- Бесіншіден, қазіргі K - 12 бағдарламасында қолдануға болатын интегралды блоктарды жасаңыз, модульдерді білктілікті арттыру және STEM кіріктілген білім берудің алғашқы қадамдары ретінде пайдалануға болады.

STEM-ді талқылау және бағалау жалғасқан сайын, екі пәннің мазмұны бірдей болатындықтан, аталмыш тәсілді қате түсіну мүмкін. Бағалауды теріс пайдалану мүмкін бе? Ия, бірақ, үл қазіргі жағдай мен алдағы өзгерістердің шынайы көрінісін білгісі келетіндер үшін пайдалы. Джо Анн Васскез, Кэри Шнайдер және Майкл Комердің командасты STEM 1.0 нұсқадан оқу жоспарын интеграциялау арқылы асып түскісі келетіндерге арналған «STEM сабактарының негіздері: ғылым, технология, инженерия және математиканы кіркітіру» (STEM Lesson Essentials: Integrating Science, Technology, Engineering, and Mathematics) (2013) атты маңызды кітабын шығарды.

## STEM-НІҢ 2.0, 3.0 НЕМЕСЕ 4.0 НҰСҚАСЫ?

Сіздің жүйенізде алғашқы STEM 1.0-ден жоғары нұсқалар бар ма? Бұл бөлімде ұйымдастырушы ретінде STEM төрт пәннің қолдана отырып, әртүрлі интеграция деңгейлері туралы түсінік берілген.

### Сізде STEM 2.0 нұсқасы бар ма?

Екі STEM пәннің біріктірудің нұсқалары 9.2-кестеде берілген. Бұл сіздің жүйенізде болуы мүмкін нәрсені бағалау ғана; барлық алты жағдай бойынша секциялар, курстар немесе бағдарламалардың болуы міндет емес. Тиісті нұсқаларға қатысты сынып деңгейі мен тәсілін қысқаша көрсетініз. Мысалы, «9-сыныпта үйлестірілген ғылым мен математика», «11-сыныпта элективті түрде біріктірілген технология және инженерия», «бастауыш сыныптарда біріктірілген ғылым және технология».

#### 9.2-кесте. Екі біріктірілген пән: STEM 2.0

STEM пәндері	Үйлестіру	Толықтыру	Салыстыру	Байланыстыру	Басқа тәсіл
Ғылым және технология					
Ғылым және инженерия					
Ғылым және математика					
Технология және инженерия					
Технология және математика					
Инженерия және математика					

### Сізде STEM 3.0 нұсқасы бар ма?

9.3-кестесінде STEM-білім беруге одан сайын кешенді тәсіл ұсынылған. Қайталаймын, бұл бағалау шешім қабылдау және жоспарлауда тиімді. Сіздің білім жүйенізде бар STEM 3.0 мысалдарды тізімденіз. Мәселен, бізде математика, технология жәнеғылымпәндербойыншатолықнтеграцияланған курс бар.

#### 9.3-кесте. Үш біріктірілген пән: STEM 3.0

STEM пәндері	Мысалдар
Ғылым, технология және инженерия	
Ғылым, инженерия және математика	
Технология, инженерия және математика	
Математика, технология және ғылым	

## Сізде STEM 4.0 нұсқасы бар ма?

Бұл мысал STEM төрт пәннің толық интеграциясы болып табылады. 9.4-кестеде өз штатыңызда, аудандағы немесе мектебіңіздегі STEM 4.0 нұсқасының модуль, курстарын немесе бағдарламаларын сипаттаңыз.

### 9.4 кесте. STEM 4.0 бағдарламасы

STEM пәндері	Мысал
Интеграцияланған ғылым, технология, инженерлік, математикалық бағдарлама	

Сіздің білім жүйенізде STEM-ді бағалауды аяқтағаннан кейін, STEM 2.0, 3.0 немесе 4.0 нұсқаларына қатысы жоқ, мына қосымша сұрақтарға жауап берсеңіз болады.

STEM пәндері барлық K-12 сыныптарында ұсынылған ба? Олай болмаса, қай сыныпқа (немесе сыныптарға) көніл бөлу керек?

Модульдер, курстар немесе бағдарламаларда STEM тұжырымдамалары мен тәжірибелері бірдей ұсынылған ма? Олай болмаса, нені өзгерту керек?

## ҚОРЫТЫНДЫ

Көптеген штат, аудандарда және мектептерде STEM бағдарламалары бар, бірақ олардың деңгейі мен сапасы әртүрлі. Бұл тараудың негізгі тақырыбы да сол. Біріншіден, жеке STEM пәндерінің рөлін айқын түсінген жөн. Ағымдағы жағдайға қарап, STEM-нің жеке пәндерінің сапасын арттыру немесе білім беру жүйесінің құрамына кірмейтін жаңа бағдарламалар енгізу қажет деп айта аламыз.

STEM-білім беруді жетілдірудегі екінші қадам STEM пәндері арасында әртүрлі пәндерді, түсініктерді, процестерді, тақырыптарды үйлестіру, толықтыру, байланыстыру немесе салыстыру арқылы интеграцияға көшу болып табылады.

Ушіншіден, STEM-нің екі, үш немесе барлық төрт пәнін біріктіріп, STEM оқу бағдарламасының интеграцияланған тәсілін іске асыру мүмкіндігі бар.

STEM-білім беруді жетілдірудің әр түрлі сипаты бар: төрт пәннің сапасын арттырудан бастап, олардың толық интеграциясына дейін. Бұл кітапта берілген көзқараста мәселенің шешімі немесе ең мінсіз тәсіл ұсынылмаған. Алайда, STEM-білім беруді жетілдіру қажеттілігі бәрібір бар.

## ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

1. Жеке STEM бағдарламаларын жүргізіп, жетілдірудің артықшылықтары мен кемшіліктері қандай?
2. STEM пәндерін біріктірудің себептері қандай?
3. STEM-ге интеграцияланған тәсілді енгізу, дамыту және жүзеге асырудың қандай қыындықтары бар?

# ТО ТАРАУ

## STEM-БІЛІМ БЕРУГЕ ҚАТЫСТЫ ІС-ӘРЕКЕТ ЖОСПАРЫҢЫЗ ҚАНДАЙ?

Өз жүйенізде STEM-білім беруді қалай жақсартуға болады? Айқын тұжырым жасау үшін Сізге жоспар қажет. STEM білімінің рөлін және STEM-білім беруді жетілдірудің жалпы мақсатын түсіне отыра, іс-шаралар жоспарын құрған жөн. Бұл тарауда алдымен сіздің іс-әрекет жоспарыңыздың жалпы көрінісі қарастырылады. Тарадың екінші бөлімінде STEM-білім беруді жетілдірудің егжей-тегжейлі жоспарын құруға көмектесу үшін 4Р-дің (мақсаттар, қағидаттар, бағдарламалар және тәжірибелер) бейімделген нұсқасы қолданылды.

STEM-білім беруді жетілдіру үшін сапарға аттанарда құрайтын жоспарыңыз сияқты тәсіл қажет. Біріншіден, әдетте, сапардың мақсатын анықтап алу керек. Сапарыңызды бірнеше параметрлер бойынша сипаттап шығу дұрыс шешім болатын еді: Сіз қайда бара жатырсыз? Не үшін кетіп бара жатырсыз? Сапар қанша уақытты алады? Сіз қалай саяхаттайсыз? Сапарға кім шығады? Жоспарлауға негізгі адамдарды тарту да маңызды. Осы сұрақтарға жауап бергеннен кейін, Сіз көптеген басқа егжей-тегжей мәліметті нақтылап аласыз. Жоспарыңызды нақтылаған сайын, ондағы кейбір бастапқы элементтер өзгеруі мүмкін. Сіз тәжірибеленіздің арқасында бұл элементтерді толықтыра аласыз және аналогияға тоқтайсыз.

Біріншіден, тараудың бас жағында STEM білімін жетілдіруге деген көзқарасыңызға қатысты жалпы пікірталас берілген. Мен үшін бұл пікірталас өте пайдалы. Көбінесе реформалар «жаңа оқу материалдарын қабылдау» сияқты нақты іс-әрекеттен басталады және өзгертулер енгізу үшін әкімшілік қолдау немесе қоғамдық қолдау алу сияқты басқа әрекеттерге аз немесе мүлдем назар аудармайды. Реформаның жалпы көрінісін құруда асықпауыңызды сұраймын. Тарадың екінші бөлімінде іс-әрекет жоспарының егжей-тегжейлері талқыланады.

## STEM-ДІ РЕФОРМАЛАУДЫҢ ЖОСПАРЫ?

STEM білім беруді жетілдірудің маңызды амалдарының бірі іс-шаралар жоспарын айқындау болып табылады. STEM-білім беруді жетілдіретін өзгерістерге қалай қол жеткізесіз және оларды қалай сақтап қаласыз? Қарапайым тілмен айтқанда, Сіз үшін жетілдіру оқиға өлде үрдіс пе? Өзгерістер білім беру жүйесінің компоненттеріне немесе жүйенің өзіне бағытталған ба?

Мынаны орындп көріңіз: өз мемлекеттіңде, ауданыңызда немесе мектебіңізде STEM-білім беруді реформалау және жетілдіру процесі туралы әңгіме жазыңыз. 10.1-кесте (90-бет) сіздің әңгіменізді құруға көмектеседі.

100

## 10.1-кесте. К-12-де STEM-білім беруді реформалау бойынша іс-шаралар жоспарын түсіндіру

Категория	Мысал
Өзгеретін нысан	Білім беру бөлімшесі
Іс-шаралар жоспары	Біліктілікті арттыру
Маңызды ресурстар	Бюджет
Өзгеретін компонент	Оқу жоспары және бағалау
Өзгеріске бөлінген уақыт	Екі жыл
Қолдау көрсетуші	Бөлім бастығы

### Іс-шаралар жоспарының негізі

Бастамасы STEM, жаңа ұлттық немесе мемлекеттік стандарттар мен бағалау болмасын, мұғалімдер оқу материалдары мен бағалауды ойлады. Егер біз сұраныс пен ұсыныс экономикасын метафора ретінде қарастырсақ, STEM білім беру жүйесінде ұсыныс жағынан әрекеттердің, қосымша материалдардың артылуы және сұранысқа бағытталған жауаптардың жетіспеуі байқалады. Яғни, көптеген адамдар STEM білім беру үшін маңызды деп санайтын нәрсені - мүмкіндіктер жиынтығын жасады. Алайда, мұғалімдердің, үйлестірушілердің, директорлар мен басшылардың сұраныстарын ескеретіндер аз. Бұл тарауда мен сұраныс жағына өтіп пікірімді білдірмекшімін. Мұғалімдер STEM инновациясын бейнелейтін немесе модельдейтін оқу материалдары туралы жиі сұрақ қояды.

Сонымен, сіз STEM модульдерін енгізгелі жүргеніңізді елеестетіп көріңіз. Сіз қандай жобалау критерийлерін ұсынар едіңіз? Мысалы, модульдерді енгізу қанша уақытты алады? Қандай тұжырымдамалар қамтылады? Қандай тәжірибелерге назар аудару керек? Бағалау формативті әлде суммативті түрде бола ма? Екеуі де қолданыла ма? Алдыңғы тарауда STEM 1.0, 2.0, 3.0 және 4.0 жөніндегі пікірлерді ескере отырып, сіз қандай бағытты ұсынар едіңіз?

### Өзгерістер қанша уақыт алады?

STEM-білім беруде айтарлықтай өзгерістерге тез арада қол жеткізу мүмкін емес. 10.2-кестеде STEM-білім беруді ілгерілету үшін реформалардың кезеңдері мен мақсаттарының сипаттамалары келтірілген. Сіздің жеке жағдайыңызда кезеңдер мен мерзімдер өзгешеленеді. Ол бюджетке, оқу материалдарын қабылдаудың уақыт кестесіне, кәсіби біліктілікті арттыру бағдарламаларына және реформаға үкіметтен немесе жергілікті көрсетілетін қолдауға байланысты. Сіздегі білім беру жүйесіне арналған бланкілерді толтырыңыз.

### Сіздің STEM-білім беруді жетілдіру бойынша қандай «тәжірибеліз» бар? Мысал келтірейік

Бірінші кезеңдегі негізгі жұмыс – STEM-білім берудің нақты мақсаттарын анықтайтын жоспар құру. Бұл кезеңге оқу материалын таңдау, біліктілікті арттыру және STEM бағалау бойынша қағидаттарды әзірлеу де кіруі мүмкін. Екінші кезеңде ықпалы зор кішігірім өзгерістерге баса назар аударылады.

Үшінші кезең «маңызды жүйелік өзгерістерді», яғни реформаның ауқымын кеңейту. Бастапқы кезеңдерден өткеннен кейін, реформаның ауқымын айтарлықтай кеңейту қажет. Үшінші кезең сонымен қатар мұғалімдердің жауаптары мен оқушылардың жетістіктері, қабілеттері мен сипаттамаларын бағалаиды. Бұл мәліметтер бастапқы іс-шаралар жоспарын қайта қарau үшін негіз болып табылады. Бұл кезеңде қағидаттар мен стандарттарды қарастыру мен қайта қарau және оқу материалдарын қабылдаудың жаңа критерийлерін жасау бойынша ауқымды жұмыс атқарылады.

### 10.2-кесте. Іс-әрекет: кезеңдері мен мақсаттары

Кезең	Уақыт	Мақсаты
STEM-білім беру реформасын бастау		
STEM-білім беру бойынша іс-әрекет жоспарын жүзеге асыру		
STEM реформасының ауқымын кеңейту		
STEM- білім беру реформасын қолдау		
STEM- білім беру реформасынбағалау		

Бұл кезең ең қыын болуы мүмкін, өйткені шенеуніктер мен оқытушылар саясат, бағдарламалар және тәжірибелердегі жаңа бастамалар мен өзгерістерге айтылған сындарға, тікелей қарсылыққа тап болады.

«Ұлттық мақсаттар үшін жергілікті әлеуетті қалыптастыру» идеясын қолдау соңғы кезеңде қолға алынған. Бұл жұмыс STEM-білім беруді аудандық деңгейде үнемі жетілдіру үшін жергілікті әлеуетті арттыруға бағытталған. STEM-білім беруді үздіксіз жетілдіруге және мектеп бағдарламаларының күтіліп отырған өзгерістеріне жауап ретінде, мұнда реформалau үшін сырттан келген қаражат қысқартылады және білім бөлімшелерінің ресурстарды пайдалануға мүмкіндігі туады.

Бағалауға жұмыс туралы, мазмұн мен оқу жоспары, мұғалімдер мен оқыту, сонымен қатар бағалау мен есеп берудегі өзгерістер жайында үздіксіз кері байланыс жатады. Сөзсіз, кері байланыс барлық кезеңдерде «мониторинг және өзгеріске бейімделу» үшін қажет. Кері байланыс жоспармен және оны жүзеге асырумен байланысты мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Бағалау мен кері байланыс тиісті деңгейде өткізіледі.

## STEM-БІЛІМ БЕРУДІ ЖЕТІЛДІРУДІҢ ЕГЖЕЙ-ТЕГЖЕЙЛЕРІ: МАҚСАТТАРДАН ІС-ӘРЕКЕТКЕ КӨШУ

Мен 1997 жылғы «Ғылым сауаттылықта қол жеткізу: мақсаттардан іс-әрекетке көшу» [Achieving Scientific Literacy: From Purposes to Practices] атты кітабымда 4Р енгізген кезде, менің мынадай бірнеше мақсатым болды:

- Білім беру реформасының жүйелі көрінісін беру.
- Уақыт, орын, материалдар, құрамы, орны, ұзақтығы және келісім саясаты түрғысынан білім беру реформаларының ауқымын сипаттау.
- Әр түрлі көзқарасқа шолу жасау - философиялық мақсаттар, білім беру қағидаттары, оку жоспары және сабактағы тәжірибе.

Пікірталастар барысында көп жағдайда ұлттық көзқарас басым болды және олар оқырманға ғылыми сауаттылықта жетудің әртүрлі аспекттері мен қызындықтарын түсіндіру үшін жүргізілді.

Мен әлі күнге дейін 4Р-ді білім беру жүйесі мен реформаларды талқылауда тиімді және түсінікті тәсіл деп санаймын. Мен ары қарай осы 4Р -ді бейімдеп, оларды деңгейге қарамастан (мемлекет, аудан немесе мектеп) STEM-білім беруді жетілдірудің жоспарын құруда көмекші әдіс ретінде ұсынамын.

### 4Р дегеніміз не?

4Р-ді қысқаша шолып өтейік: мақсаттар, қағидаттар, бағдарламалар және тәжірибе (purpose, policy, program, and practices). 10.1-суретте 4Р көрсетілген.

#### 10.1-сурет. 4Р және STEM-білім беру

##### STEM-білім берудің мақсаты не?

Мақсат туралы мәлімдемелерде STEM-нің мақсаттары, міндеттері жәненегіздемесікamtылған. Мәлімдемелерауқымдыжәнеолар оқушылардың XXI ғасырда қоғамның лайықты азаматы болуына қажетті білім, біліктілік және дағдыларды анықтайды. STEM сауаттылығына қолжеткізу – мақсатты жан-жақты баяндаудың мысалы.

##### STEM-білім берудің қағидаттарқолдайды?

Қағидаттар–білім беру жүйесінің түрлі компоненттеріне қатысты нақты мәлімдемелер. Қағидаттар STEM мақсаттарын мазмұн мен өнімділік стандарттарына, оку жоспарларына, бағалау жүйесіне және мұғалімдерді даярлау бағдарламаларына аударады. Білім беру бөлімшесіндегі K-12 арналған STEM оку жоспарының сипаттамасы осындай қағидаттың мысалы болып табылады. Ғылым, техника, инженерия және математика саласындағы мемлекеттік стандарттар да қағидаттардың мысалы болып келеді.

##### STEM-білім беруді жүзеге асыру үшін қандай бағдарламалар қажет?

Сізге STEM қағидаттары мен мақсаттарын жүзеге асыру үшін қолданылатын бағдарламалар мен материалдар, электрондық кітаптар, бағдарламалық қамтамасыздандыру, тестілер мен жабдықтар қажет болады. STEM бағдарламалар штат, аудан, мектептер және оку деңгейлеріне қарай ерекшеленеді. Мысалы, оларға K-6 STEM-білім беру және STEM орта мектеп мұғалімдеріне арналған үздіксіз біліктілікті арттыру бағдарламалары жатады **103**

##### STEM-білім берудің ең үздік тәжірибелері қандай?

Тәжірибе бұл STEM оқытушылары қолданатын нақты стратегия мен әдістер. Тәжірибе STEM-білім берудің бірегей және ең негізгі аспекті болып табылады және мақсат, саясат пен бағдарламаға сәйкес келеді. Тәжірибе сонымен қатар мұғалімдердің мықты тұстарын, мектеп пен оқушылар жайлы түсінігін көрсетеді.

### Сіздің әрекет жоспарының ауқымы

4Р ескере отырып, STEM-білім беруді жетілдірудің әртүрлі аспектілері туралы ойлана берсеңіз болады. Іс-шаралар жоспарын өзірлеу барысында уақыт, қатысушылар, орналасқан жері, мәселелер, өнімдер, келісімдер және бюджетті де қарастыру қажеттілігі туындейды. Бұл перспективалар 10.3-кестеде көлтірілген сұрақтарда жинақталған.

#### 10.3-кесте. STEM-білім беру реформасының ауқымы

Кезқарас	Уақыт	Қатысушылар	Орналасқан жері	Қыындықтар	Өнімдер	Келісім	Бюджет
Сіздің мемлекетіңізде, округіңізде немесе мектебіңізде STEM білімін реформалау	Мектептерде STEM білімін реформалау қанша уақытты алады?	Кім тартылады?	Іс-әрекеттер қай жерде орыналады?	Сіз қандай киындықтарды күтесіз?	Қандай өнімдер шығарылады?	Келісімге колжеткізу қаншалықты қын болады?	Бюджет қандай? Бюджетті кім баскарады?

Енді STEM білімінің мақсатын түсіндіруге көшейік. STEM- білім берудің мақсаты, яғни мақсаттары мен міндеттерін өзірлеудің әртүрлі өлшемдерін қысқаша сипаттау арқылы 10.4 кестені толтырыңыз.

#### 10.4-кесте. STEM-білім берудің мақсатын дамыту

Кезқарас	Уақыт	Қатысушылар	Орналасқан жері	Қыындықтар	Өнімдер	Келісім	Бюджет
Мақсаты	Мақсат туралы мәлімдемені дайындау қанша уақытты алады?	STEM-білім берудің мақсаттары мен міндеттері туралы кім жазады?	Кездесулер мен жұмыс қай жерде өтеді?	STEM жаңа мақсаттарынәір леукезіндеқанда икіндықтарды күтесіз?	Сіз қандай жарияланымдарды, есептерді немесе веб-хабарландыр уларды ұсынасыз?	STEM мақсаттары туралы көлісімге қалай қолжеткізесіз?	Бюджетті қандай?
							Бюджетті қандай? Бюджет жөніндегі шешімдерді кім қабылдайды?

10.5-кестеде дәл осындай көзқарас келтірілген, бірақ сіздің іс-әрекет жоспарыңыздағы қағидаттарды дамытуға көніл бөлінеді. Әр түрлі сұрақтарға жауап беріңіз.

**10.5-кесте. STEM білім беру қағидаттарын әзірлеу**

Көзқарас	Уақыт	Қатысуышылар	Орналасқан жері	Қыындықтар	Өнімдер	Келісім	Бюджет
Қағидат	STEM-нің нормативтік базасын құру қанша уақытты алады?	Қағидат мәлімдемелері мен нормативтік базаны кім әзірлейді?	STEM-білім беруде өзгеріс бірлігі қандай?	Қазіргі қағидаттар мен жаңа қағидаттар арасындағы қайшылықтар қайда?	Сіз STEM білім берудің стандарттары, негізі және құрылымы жайлы мәлемдемелдің зартууды ұсынасız ба?	Келіссөздер, ымыралар мен түзетулер калай жүргізіледі?	STEM-нің нормативтік базасын құру қанша уақытты алады?
<ul style="list-style-type: none"> <li>• STEM бағдарламалар ын жобалау критерийлерін құру</li> <li>• STEM оқытудың критерийлері нанықтау</li> <li>• STEM оқу жоспарын оқып үйренежүнене бағалау үшін негізін құру</li> </ul>							Бюджеті қандай? Бюджет жөніндегі шешімдерді кім қабылдайды?

STEM бағдарламаларына арналған іс-шаралар жоспарын жасау қазіргі кезде әлдеқайда күрделі, уақтылы және қымбат. 10.6-кестеде сіздің іс-әрекет жоспарыңыздың бағдарламалық немесе оқу аспектілерінің бастапқы дамуын аяқтауға көмектесетін көзқарастар мен бірқатар сұрақтар берілген.

**10.6-кесте. STEM бағдарламаларын әзірлеу**

Көзқарас	Уақыт	Қатысуышылар	Орналасқан жері	Қыындықтар	Өнімдер	Келісім	Бюджет
Бағдарламалар	STEM толық білім беру бағдарламасы қалай дамиды?	Бағдарламаларды жобалау, әзірлеу және таңдау үшін кім жауапты болады?	Өзгеріс бірлігі қандай?	Бағдарламаны іске асырудан кейін қандай проблемалар күтіледі?	Әдетте білім алушылар мен оқытушылар үшін бірнеше кітап қажет	STEAM бағдарламасы қандай талаптарға сәйкес келеді?	Бюджеті қандай? Бюджет жөніндегі шешімдерді кім қабылдайды?

STEM материалдарын өзірлеу немесе бағдарламаны қабылдау STEM бағдарламасыніске асыру							
---	--	--	--	--	--	--	--

Сонымен қатар, STEM мұғалімдерінің сыйыптағы тәжірибесін өзгерту үшін жоспар жасау қажет. 10.7-кестеде келтірілген сұрақтар STEM-білім беруді жақсартудың критикалық кезеңінің кейбір маңызды перспективаларын қарастыруға мүмкіндік береді.

### 10.7-кесте. STEM сабактарында оқыту тәжірибесін өзгерту жөнінде жоспар жасау

Көзқарас	Уақыт	Қатысуышылар	Орналасқан жері	Қиындықтар	Әнімдер	Келісім	Бюджет
Тәжірибелер	STEM-ді жүзеге асыру мен қызметкерлердің біліктілігін арттыру үшін қанша уақыт қажет?	Тәжірибелі өзгерту бойынша мектеп қызметкерлерімен кім жұмыс жасайды?	Сыйыптағы өзгеріс қалай өтеді?	Тәжірибедегі өзгеріске байланысты қандай қиындықтар туындауы мүмкін?	STEM бағдарламалары үшін қандай материалдар болады?	STEM бағдарламалары үшін қандай материалдар болады?	Бюджеті қандай? Бюджет жөніндегі шешімдердің кім қабылдайды?
STEM оқу стратегиясын өзгерту Материалдарды мұғалімдердің, мектептердің және окушылардың ерекше қажеттіліктеріне бейімдеу							

Уақыт, қатысуышылар, өзгеріс орын алатын жер, күтілетін қиындықтар, өнім, келісімдер және бюджетті қарастыру STEM білім берудегі өзгерістің жақсы бастамасы. STEM білім беру және оқу бағдарламасы қағидаттарының мақсаттарын нақтылау салыстырмалы түрде оңай және көп уақыт алмайды. Ал оқу бағдарламасын қабылдау немесе өзірлеу және оқыту тәжірибесін бастау әлдеқайда үлкен, күрделі, ұзақ және шығынды жұмыс болып келеді.

Мақсат мәлімдемелер және STEM нәтижелері, барлық жағдайларды ескере отыра, салыстырмалы түрде оңай және көп уақытты қажет етпейді. Мақсаттары мен негізdemelerге қарағанда STEM қағидаттарды қалыптастыру біршама уақытты алуы мүмкін. Бірақ, оқытушылардың қолында STEM-білім берудің негізін құруға ықпал ететін стандарттар, бақылау көрсеткіштері мен нормативтік негіздері бар. Бағдарламалар мен әдістерді өзгерту көп уақыт пен

күш-жігерді қажет етеді, бірақ бұл ең бастысы. Реформалауға қажетті өнімдердің мөлшері, құны мен күрделілігі мақсаттан тәжірибеге көшкен сайын артады. Жеке пәндерді немесе интеграцияланған оқу бағдарламасын қамтитын STEM бағдарламалары зертханалар мен жабдықтарды, оқушылар мен оқытушыларға арналған материалдарды, сондай-ақ әртүрлі білім беру технологияларын қажет етеді. Мұның бәрі қымбатқа түсетіні анық.

Осы көзқарастардың барлығы саяси келісімге қол жеткізу мәселесін қарастырады. Жаңа мақсаттарды өзірлеуге және жариялауға салыстырмалы турде аз адам қатысады және олардың толық келісімге қол жеткізудің қажеті жоқ. Оқу бағдарламасы үшін нақты саясатты үйлестіру қыын және көбінесе саяси келіссөздерді, сондай-ақ мойындауды және ымыраға келуді талап етеді. STEM-білім берудің жаңа бағдарламаларын қабылдау үлттық күн тәртібін; мемлекеттік шеңберлер; жергілікті оқу жоспарлары; қоғамдастықтың басымдықтары; бюджеттер; ең бастысы, STEM-білім беру саласындағы мұғалімдердің білімі, дағдылары мен сенімдерін қарастыруды білдіреді. Бірақ бұл әлі соңы емес. Білім беру жүйесі оқу бағдарламасын үйлестіргеннен кейін, STEM бағдарламасын жүзеге асырушы мұғалімдердің қажеттіліктері мен проблемаларын ескеру сияқты қосымша сұрақтар туындаиды. Мектеп қызметкерлері оқыту стратегиясы жөнінде және бұрын жасалған келісімдерде белгіленген бағдарлама мен философияны қалай бейімдеу керектігі туралы келісуі керек.

Бұл талқылау STEM-білім беру саласын дамытпаудың себебі ретінде көрінуі мүмкін. Негізінде, біз көрісінше, білім беру жүйесі жетекшісінің тап болатын қындықтар, динамика және көлемін ашып айтамыз. 4Р-ны пайдаланып, көшбасшының, яғни Сіздің жолыңызда кездесуі ықтимал кейір қындықтарға тоқталайық.

## **STEM реформасының қындықтары**

10.8-кестеде STEM реформасының тағы бір аспектің көлтірілген. Кестеде категория ретінде келесі технологиялық терминдер қолданылады: тәуекел, құн, шектеулер, жауапкершілік және пайда. Абстрактілі, объективті үлттық баяндамалардан сыныптың нақты, жеке масштабына ауысқан кезде кестедегі сипаттамалар осалдықтардың күрт артатынын көрсетеді. Басшылықтың міндеттері мен талаптары да артады. Сабак жүргізбейтін педагогтар мұғалімдерге үлкен ауыртпалық жүктейді, көбінесе олардың қажеттіліктерін түсінбейді және қажетті үлкен өзгерістерді қолдамайды. K-12 STEM-сыныбына қатыспайтын әрбір педагог STEM-білім беруді жақсартуға толық жауап беретіндерді, яғни мұғалімдерді қолдауға міндетті. 10.8-кестеде бизнес пен өнеркәсіп салаларындағы көптеген баянадамлардағы жаңа мақсаттар қафидаттар, бағдарламалар және сайып келгенде тәжірибелерге көшеді деп болжанады. Кез-келген реформаның критикалық деңгейі, яғни STEM сыныптарына жеткенде қындықтар артады. Бір қызығы, тәжірибе деңгейінде өзгерістер орын алған жағдайда оқушыларға деген тиімді тұстар айқын көріне бастайды. Бірнеше минут уақытыңызды бөліп, 10.8-кестесіндегі сұрақтарға жауап беріңіз.

## 10.8-кесте. STEM реформасының қыындықтары

Көзқарас	Мектептің жеке қызметкерлері үшін қандай қауіп бар?	Мемлекет, аудан немесе мектеп үшін қаржылық шығын қандай?	Мемлекет, аудан немесе мектептегі реформалардың алдында қандай кедергілер бар?	Реформа үшін мемлекет, аудан немесе мектеп қызметкерлерінің жауапкершілігі қандай?	Мектеп ұжымымен оқушыларға қандай пайдасы бар?
<b>Мақсат</b>					
STEM мақсаттарын белгілеу					
STEM басымдықтарын белгілеу					
STEM негіздемесін ұсыну					
<b>Қағидаттар</b>					
STEM бағдарламаларын жобалау критерийлерін құру					
STEM оқытудың қолшемдерін анықтау					
Оқу жоспары, STEM оқыту және бағалау негіздерін құру					

Көзқарас	Жеке мектеп ұжымына қандай қауіп төнеді?	Мемлекет, аудан немесе мектеп үшін қаржылық шығын қандай?	Мемлекет, аудан немесе мектептегі реформалардың алдында қандай кедергілер бар?	Реформа үшін мемлекет, аудан немесе мектеп қызметкерлерінің жауапкершілігі қандай?	Мектеп ұжымымен оқушыларға қандай пайдасы бар?
<b>Бағдарлама</b>					
STEM материалдарын өзірлеу немесе бағдарламаны қабылдау					
STEM бағдарламасын іске асыру					
<b>Тәжірибелер</b>					
STEM оқыту стратегияларын өзгерту					

STEM-білім беру туралы жеке көзқарастарды кәсіби міндеттер шектеуі мүмкін. STEM мұғалімдері үшін бұл міндеттер сабактардағы тәжірибеге қатысты талаптар, ал басқалары үшін оку бағдарламаларын әзірлеу немесе мемлекеттік бюрократия болуы мүмкін. Осы деңгейлерде мақсаттарды қағидаттарға, қағидаттарды бағдарламаларға және бағдарламаларды тәжірибеге аудара алатын және бейімдей алатын адамның жетекшілік еткені қажет. Мұғалімдер – мұндай бейімдеу процесіндегі негізгі көшбасшылар. Мемлекеттік бақылаушылар, аудандық үйлестірушілер, бағалау мамандары, біліктілік бойынша мамандар және мектеп әкімшілері STEM реформаларын бақылайды және қадағалайды, шектеулерді азайтып, инновациялық тәжірибеге қолдау көрсетеді және кері байланысты қамтамасыз етеді. Бұл көшбасшылар ғылым, технология, инженерия және математика саласындағы білім беру мақсаттарын, саясат, бағдарламалар мен тәжірибелерді қалыптастырады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

